

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ
ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ**

ВЕДОМСТВОАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

10 ЖЫЛ
**АКТИВТЕРДІ ҚАЙТАРУ ТУРАЛЫ
ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША ДӘЛЕЛДЕУ**

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Қосшы, 2025

УДК 347.73
ББК 67.402
А35

Рецензенттер:

Е.А. Омаров – Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Сотқа дейінгі тергеп-тексеру қызметі Қаржылық тергеп-тексерулер, активтерді іздеу мен қайтару басқармасының аға тергеушісі, философия докторы (PhD)

Д.Б. Қайназарова – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы Кәсіби оқыту институты Қылмыстық қудалау және жедел-ізвестіру қызметі кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының проректоры – Ведомствоаралық ғылыми-зерттеу институтының директоры **Г.К.Шушикованың жалпы редакциясымен.**

Активтерді қайтару туралы қылмыстық істер бойынша дәлелдеу: оқу құралы / [Авторлар ұжымы]. Г.К. Шушикованың жалпы редакциясымен. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы. – Қосшы, 2025. – 102 б.

ISBN 978-601-82186-2-0

Ғылыми зерттеу нәтижелері бойынша оқу құралы дайындалды. Оқу құралында активтерді қайтару бойынша қылмыстық істерді дәлелдеудің теориялық және практикалық мәселелері ашылған. Ұлттық, халықаралық және шетелдік заңнаманы зерделеу, құқық қолдану тәжірибесін талдау және статистикалық мәліметтер негізінде тергеушілер мен практиктер үшін осы санаттағы істерді дәлелдеу бойынша ұсыныстар ұсынылады.

Басылым тергеушілерге, прокурорларға, профессорлық-оқытушылық құрамға және тәжірибелі заңгерлерге, сондай-ақ заң университеттерінің студенттеріне, сондай-ақ осы мәселелерге қызығушылық танытатындардың барлығына арналған.

УДК 347.74
ББК 67.402
А35

ISBN 978-601-82186-2-0



9|786018|218620|

*Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы
жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының
Оқу-әдістемелік кеңесінің 2024 жылғы 11 қазандағы
№2 шешімімен жариялауға ұсынылды*

© Авторлар ұжымы, 2025 ж
© Құқық қорғау органдары академиясы

АЛҒЫС БІЛДІРУ

Авторлық ұжым практикалық материалдарды зерделеуге жәрдемдескені үшін Бас прокуратураның Активтерді қайтару жөніндегі комитетінің, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің басшылығы мен қызметкерлеріне алғысын білдіреді.

Авторлар практикалық материалдарды зерделеуге ықпал еткені және процестік құжаттардың үлгілерін ұсынғаны үшін Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің Тергеу департаменті 4 Тергеу басқармасының басшылығы мен қызметкерлеріне ерекше алғысын білдіреді.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	7
1-ТАРАУ. ЗАҢСЫЗ ИЕМДЕНІЛГЕН АКТИВТЕРДІ ҚАЙТАРУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
1.1. Заңсыз иемденілген активтер түсінігі және түрлері.....	9
1.2. Ұрланған активтерді қайтару саласындағы нормативтік актілер: халықаралық және ұлттық заңнама.....	15
Бақылау сұрақтары.....	23
2-ТАРАУ. ҚЫЛМЫСТЫҚ АКТИВТЕРДІ ҚАЙТАРУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША ДӘЛЕЛДЕУ МӘСЕЛелЕРІ	
2.1. Активтерді қайтару туралы қылмыстық істерді дәлелдеу кезінде қылмыстық активтерді шығару тәсілдері мен схемалары	24
2.2. Активтерді қайтару туралы қылмыстық істерді дәлелдеу ерекшеліктері.....	29
2.3. Құқық қолдану тәжірибесі.....	44
2.4. Шетелдік тәжірибе (дәлелдеу бойынша кейстер).....	60
Бақылау сұрақтары	71
Тест тапсырмалары.....	72
Практикалық тапсырмалар.....	75
Оқу ойындары.....	77
ҚОРЫТЫНДЫ	78
ҚОСЫМША А	80
ҚОСЫМША Б	82
БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ	94

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚРЗ	Қазақстан Республикасының Заңы
ҚК	Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі
ҚПК	Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі
ҚР ЖКҚ	Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысы
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ФАТФ	Ақшаны жылыстатуға қарсы қаржылық шараларды әзірлеу тобы
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
РКФСР	Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасы
ҚазКСР	Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы
ЖСНҚ	Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы
СДТБТ	Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімі
АЖ/ТҚҚ	Ақшаны жылыстатуға (заңдастыруға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл
AML/CFT	Anti-money laundering and combating the financing of terrorism
АҚЕК	Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық конвенция
АҚЕС	Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық соты
ЕАТ	Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес жөніндегі Еуразиялық топ
ТBML	Trade-Based Money Laundering
АҚШ	Америка Құрама Штаттары
МКД	Мемлекеттік кірістер департаменті
ЭЦҚ	Электрондық цифрлық қолтаңба
АҚ	Акционерлік қоғам
ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ҚҚС	Қосымша құн салығы
КТС	Корпоративтік табыс салығы
EW	Entertainment Weekly

АЛҒЫ СӨЗ

Экономикалық және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар нәтижесінде алынған кірістердің едәуір бөлігі заңсыз қаржылық тәсілдер арқылы шетелге шығарылады. Сондықтан қылмыстық активтерді қайтару құқық қорғау органдары үшін басымды бағыттардың бірі.

Қылмыстық кірістерді заңдастыру мемлекеттің және қаржы жүйелерінің стратегиялық мүдделеріне үлкен қауіп төндіреді. Инфляцияға ықпал етіп, инвестициялық ахуалды нашарлатады және экономикалық өсуді тежейді.

Қабылданған шараларға қарамастан, Қазақстанда қылмыстық кірістерді заңдастыру көп жағдайда жасырын қалады және бұл құбылысқа, атап айтқанда, қылмыстық-құқықтық құралдармен қарсы тұру қажетті нәтиже бермейді. Қаржылық мониторингтің айтарлықтай көлеміне қарамастан, қылмыстық кірістерді заңдастыру үшін сотталғандардың саны қылмыстық жолмен алынған кірістерді алумен байланысты қылмыстардың жалпы санымен салыстырғанда өте төмен болып қалып отыр.

Осылайша активтерді қайтаруға қатысты істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру тәжірибесін жетілдіру заңнаманы, құқық қолдануды және жұмыстың, оның ішінде активтерді қайтару туралы қылмыстық істерді дәлелдеу бойынша тиімділігін арттыруға кешенді көзқарасты талап етеді.

Қазақстан Республикасы ҚК-нің 218-бабы бойынша ақтау үкімдерінің саны басқа қылмыстар бойынша ақтау үкімдерінің санынан айтарлықтай асып түседі. Соның салдарынан қылмыстық жолмен алынған мүліктер көбінесе қылмыскердің қолында қалады.

Құқық қолдану тәжірибесін талдау бұл мәселе бойынша қолданыстағы құқықтық құралдардың толық пайдаланылмағанын көрсетеді. Бұл ҚК-нің 218-бабы бойынша біркелкі сот тәжірибесінің жоқтығын көрсетеді. Ал мұндай істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру тәжірибесінің еліміздің әртүрлі аймақтарында айтарлықтай айырмашылығы бар.

Оқу құралының мақсаты – активтерді қайтару туралы қылмыстық істер бойынша дәлелдеу тетіктерін ашу.

Бұл мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- ұрланған активтерді қайтару саласындағы заңнамалық базаны қарастыру;

- активтерді қайтару туралы істерді дәлелдеу кезінде қылмыстық активтерді шығару тәсілдері мен схемаларын анықтау;

- активтерді қайтару туралы қылмыстық істерді дәлелдеу ерекшеліктерін ашу;

- активтерді қайтару туралы қылмыстық істерді дәлелдеу мәселелері бойынша озық шетелдік тәжірибені қарастыру.

Оқу құралының теориялық және практикалық маңыздылығы мынада: бірінші рет активтерді қайтару бойынша қылмыстық істерді дәлелдеу ерекшеліктерін жан-жақты талдауға әрекет жасалды, ыңғайлы болу үшін гайд (инфографика) әзірленді.


Бұл оқу құралы тергеушілерге, прокурорларға, профессорлық-оқытушылық құрамға және заңгерлерге, сондай-ақ ЖОО-ның заң факультеті студенттеріне көмектесуге бағытталған.

1-ТАРАУ. ЗАҢСЫЗ ИЕМДЕНІЛГЕН АКТИВТЕРДІ ҚАЙТАРУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1. Заңсыз иемденілген активтер түсінігі және түрлері

«Заңсыз иемденілген активтер» ұғымын түсіндірмес бұрын, жалпы «актив» түсінігін ұғыну керек.


Активтерді қайтару туралы қылмыстық істердегі активтер мәнін зерттеу барысында сөздіктер, экономикалық және құқықтық анықтамалықтар, сондай-ақ заңнаманы қоса алғанда, әртүрлі көздерден алынған «актив» ұғымының әртүрлі анықтамалары талданды¹.



Осылайша, авторлар заңнамадағы «актив» анықтамасы халықаралық стандарттарға сәйкес келеді деген қорытындыға келді².

Талдау көрсеткендей, активтер түсінігі мүліктік игіліктер мен құқықтардың кең ауқымын, соның ішінде материалдық және материалдық емес объектілерді, қаражатты, қаржы құралдарын және мүліктің басқа түрлерін қамтиды.

Заңсыз иемденілген активтерді қайтару қылмыс нәтижесінде жоғалған **кірістер мен мүлікті алып қою құралы** болып табылады.



Қазіргі уақытта ғалымдар мен сарапшылар келесі терминдерді қолданады:

- «ұрланған активтерді қайтару»;
- «ұрланған активтерді қайтарылуы»;

¹ Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы. Қазақстан Республикасының Заңы 2023 жылғы 12 шілдедегі № 21-VIII ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2300000021>

² Маханов Т.Г., Рыскулов Д.А. К вопросу о сущности понятия «активы» через призму коррупционных преступлений // Правовая реформа: история, теория, практика, техника: сб. материалов междунар. Науч.-практ. конф., г. Нижний Новгород, 31 мая 2024 года. – С.157-161

- «активтерді репатриациялау».

Жоғарыда келтірілген анықтамалар шамалы айырмашылықтары бар **синонимдер** болып табылады.

Ғалымдардың пікірінше, «активтерді қайтару» және «ұрланған активтерді қайтару» терминологиясын пайдалана отырып, біз олар арқылы мүлікті шетелге заңсыз шығарған тұлғаның келісімінсіз және келісімімен жүзеге асырылатын мүлікті тәркілеу және қайтару бойынша заңды процесті айтамыз.

Ал **«репатриацияны»** адамның өзі жүзеге асырады және ерікті түрде жасалады.

Ұрланған активтерді қайтару мәселелері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылмен, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырумен (жылыстатумен) тығыз байланысты¹.


ФАТФ ұсынымдарына сәйкес, **қылмыстық жолмен алынған ақшаны немесе өзге де мүлікті заңдастыру (жылыстату)** қылмыстық құқық бұзушылықтардан түскен кірістерді заңды айналымға тартуды, мүліктің қылмыстық шығу фактісін жасыру мақсатында конверсия (өзгерту) түріндегі мәмілелерді және өзге де формальды заңды әрекеттерді жасауды білдіреді

Отандық заңнамада (ҚК-нің 218-бабы 1-бөлігі) бұл ұғым мынадай редакцияда баяндалған:

қылмыстық құқық бұзушылықтардан түскен кірістер, оның ішінде қылмыстық жолмен алынған мүліктен түсетін кез келген кірістер болып табылатын мүлікті конверсиялау немесе аудару түрінде **мәмілелер жасасу арқылы** қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңды айналымға **тарту не** мұндай мүлікті **иелену және пайдалану**, егер мұндай мүліктің қылмыстық құқық бұзушылықтардан түскен кірістер болып табылатыны белгілі болса, оның шынайы сипатын, көзін, орналасқан жерін, оған билік ету, оны ауыстыру тәсілін, мүлікке құқықтарды немесе оның тиесілігін **жасыру немесе жасырып қалу**, сол сияқты қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыруға **делдалдық ету**

¹ Возврат похищенных активов: учебное пособие / [Коллектив авторов]. Под общ. ред. У.С. Байжанова – Косшы: Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, 2023. – 13 с.

«Оның ішінде қылмыстық жолмен алынған мүліктен түсетін кез келген кірістер» деген сөз тіркесін қоспағанда, осыған ұқсас анықтама «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» ҚРЗ 1-бабының 11-тармағында¹ қарастырылғанын айта кету керек.



Отандық қылмыстық заңнамада қаражатты заңсыз шығару немесе заңсыз баю үшін жауаптылықты белгілейтін дербес құрам **жоқ**.

Заң шығарушы қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) басқа мүлікті заңдастыру (жылыстату) үшін (ҚК-нің 218-бабы) және қылмыстық кірістерді заңдастыру (жылыстату) іс жүзінде заңдастыру (жылыстату) процесі басталған қылмыстық кірістерді шығару жүзеге асырылатынын ескере отырып, оларды мемлекет шегінен шығару орын алған жағдайларда қолданылатын **жауаптылықты қарастырды**.

¹ Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы. Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы №191-IV Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000191_

Бұл мәселелер келесі тарауларда көзделген қылмыстық жазаланатын әрекеттерді жасау барысында қылмыстық кірістерді алу және заңдастыру (жылыстату) жағдайларының барлығында дерлік қарастырылады және тергеп-тексеріледі:

«Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар»

«Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар»

«Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар»

«Халық денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар»

Сонымен бірге, 2023 жылғы 12 шілдедегі ҚРЗ сәйкес, Заңсыз иемденілген активтерді мемлекет кірісіне айналдырудан жасыру, сондай-ақ оларды заңдастыру (жылыстату) туралы жаңа норма енгізілді (ҚК-нің 218-1-бабы).

2003 жылғы **БҰҰ-НЫҢ** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы **конвенциясының** 2-бабында сот немесе басқа құзыретті органның қаулысы бойынша мүлікті түпкілікті айыру ретіндегі «тәркілеу» ұғымының анықтамасына ерекше назар аудару керек.

Қазақстанда тәркілеу институты ҚК-нің нормаларын жетілдіру шеңберінде белгілі бір өзгерістерге ұшырады, бұл тәркілеуді қолданудың тұжырымдамасына, шарттары мен тәртібіне айтарлықтай әсер етті.

Сонымен, ҚК-нің 48-бабы 1-бөлігіне сәйкес, мүлікті тәркілеу – сотталған адамның меншігіндегі, қылмыстық жолмен табылған не қылмыстық жолмен табылған қаражатқа сатып алынған мүлікті, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы болып табылатын мүлікті мәжбүрлеп өтеусіз алып қою және мемлекеттің меншігіне айналдыру.


ҚПК-нің 161-бабы кейінге қалдыруға жатпайтын жағдайларда прокурордың келісімімен мүлікке билік етуге **10 тәуліктен аспайтын** мерзімге уақытша шектеу белгілеуге мүмкіндік береді.

Көрсетілген норма сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарын мүліктік өндіріп алуды не кейіннен тәркілеуді қамтамасыз етуге

кепілдік беретін мүлікті анықтау үшін **заңды мүмкіндікті** пайдалануға бағдарлайды.

Қолданыстағы процесік заңнамада күдіктіге, айыпталушыға халықаралық іздеу жарияланған немесе оларға қатысты қылмыстық қудалау ҚПК-нің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4) және 11) тармақтары негізінде тоқтатылған жағдайларда да сотқа дейін тәркілеу мүмкіндігі қарастырылған (ҚПК-нің 71-тарауы).

Бұл норманы енгізу ұрланған активтермен күресудің тиімді құралын жасау қажеттілігіне байланысты болды.



Олар құқық қорғау және арнайы органдардың тәжірибесіне қылмыстық әрекеттің қаржылық аспектілерін тергеу және параллельді қаржылық тергеу жүргізу мәселелерін енгізу қажеттілігін қарастырады.

Заңгер ғалымдар «активтерді қайтару» бойынша функцияның мазмұнын түсіну барысында екі топқа бөлінді.

БҰҰ-ның халықаралық конвенцияларына негізделген бірінші топ (§1.2.-де егжей-тегжейлі қарастырылады) активтерді қайтару ұғымын оны тәркілеу туралы іс жүргізумен, яғни тек тәркілеу бойынша әрекеттерді орындаумен сәйкестендіре отырып, «тар» мағынада қабылдайды.

Алайда, соңғы заңнамалық өзгерістердің нәтижесінде тәркілеу қылмыстық-процестік белгілерге тап болды және әрбір іс-шара (іздеу, тыйым салу, тәркілеу) өзінің құқықтық табиғаты бойынша әртүрлі мазмұнға ие болды.

Екінші топ «активтерді қайтаруды» кеңірек түсіндіруді жақтаушылар, яғни шетелдік экономикалардан өз аумағында заңсыз операциялар нәтижесінде алынған және оны жасыру мақсатында шетелге шығарылған мүлікті репатриациялау (юрисдикция) бойынша мемлекеттің қызметі (іздеу, тыйым салу, тәркілеу) болып табылады.

Ғалымдар активтерді қайтарудың құқықтық сипатын оның негізін құрайтын құқықтық нормалардың мазмұнын басшылыққа ала отырып, кешенді салааралық тәсіл тұрғысынан сипаттайды.

Бір жағынан, олар шетелдік юрисдикцияларда қаржылық бақылау құралдары арқылы бұл қылмыстар нәтижесінде алынған мемлекеттік және жеке активтердің қиылысуына жол бермеу саласындағы мемлекет пен уәкілетті органдардың қызметін реттеуге бағытталған құқықтық ережелер екенін атап өтеді.

Екінші жағынан, активтерді қайтарудың құқықтық институты қылмыстық істер бойынша мұндай активтерді іздеу, тыйым салу (қамау) және тәркілеу, оларды қылмыстық дәлелдеу процесінде пайдалану, тергеу процесінде қылмыспен келтірілген залалды өтеу, шетелдік соттың түпкілікті үкімі немесе өзге де сот шешімі негізінде бұзылған құқықтарды қалпына келтіру үшін шыққан елге одан әрі беру, сондай-ақ азаматтық-құқықтық рәсімдердің мүмкіндіктерін пайдалану арқылы оларды қайтару түріндегі өзара құқықтық көмек көрсетудің тұтас алгоритмін қамтиды.

Мазмұндалғанның негізінде, процестік және басқа да әрекеттерді жіберу мен орындаудың қарапайым тәртібімен сәйкестендіре отырып, активтерді қалпына келтіру өндірісі құқықтың бірнеше салаларының процестік және материалдық нормаларын қамтитын қатынастардың күрделі және көп қырлы саласына жатады деген қорытынды жасауға болады.

Активтерді қайтару, оны іс жүзінде жүзеге асыру конституциялық (мемлекеттің егемендігі мен тәуелсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін қауіптердің болуын бағалау), азаматтық (жеке немесе заңды тұлғаның құқықтық қабілеттілігі), қылмыстық, қылмыстық-процестік, кейбір жағдайларда консулдық, қаржылық, кедендік және басқа да құқық салаларының нормаларын қолданумен ғана жүзеге асуы мүмкін күрделі көпжақты құқықтық рәсімді білдіреді.

Қазақстанның қылмыстық заңында активтерді қайтару бойынша іс жүргізуді бастаудың материалдық-құқықтық негіздері, яғни оның алдындағы нәрсе (қосарлы криминализация) қарастырылған, ал активтерді қайтарудың салдары (тәркілеу туралы сот шешімі) – мұның барлығы қылмыстық құқықтың құралдары болып табылады. Мысалы, ҚК-де көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтардың белгілі бір түрлері бойынша ғана, мысалы, сыбайлас жемқорлық және экономикалық құқық бұзушылықтар, меншікке қарсы, есірткі айналымы саласындағы және т.б. активтерді қайтару көзделеді.

Қылмыстық-процестік заңнаманың ережелерін белгілейтін құқықтық нормалары материалдық құқық нормаларын қолданудың іс жүргізу тәртібін, әдістерін және қағидаттарын белгілейді.

Активтерді қайтару бойынша іс жүргізу әрекеттерін жүргізу, құзырлы органдар мен ынтымақтасатын мемлекеттердің лауазымды тұлғалары арасындағы қарым-қатынас ҚПК-мен арнайы реттеледі.

Бұл да активтерді қайтару туралы іс жүргізудің процестік сипатын көрсетеді.

Активтерді қайтару бойынша іс жүргізу – бір реттік акт емес, тергеп-тексеру, дәлелдемелерді жинау, іздеу, тыйым салу (қамаққа алу), тәркілеу және сот шешімдерін орындауға байланысты дәйекті түрде орындалатын әрекеттерден тұратын процесс.

Осы негіздер бойынша активтерді қайтару бойынша іс жүргізуді – қылмыстық-процестік құқығына жататын процестік құқық нормаларына және ұйымдық-рәсімдік сипаттағы ережелерге жатқызуға болады.

Активтерді қайтару бойынша іс жүргізуді зерттеу субъектілерді осы институтқа жүгіну қылмыстық-процестік қызметпен, істің барлық мән-жайларын зерттеудің толықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету арқылы ақиқатқа жету үшін қылмыстық процестің талабымен байланысты деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Жалпы алғанда – қылмыстық сот ісін жүргізуді қамтамасыз ету.

Құзыретті органдар аталған қылмыстық процесс қағидаттарын басшылыққа ала отырып, дәлелдемелерді жинау, іздестіру, тыйым салу (қамаққа алу) және тәркілеу шараларын, тіпті егер олар шет мемлекеттің аумағында болса да қабылдайды.

Осылайша, негізгісі оның басқа құрамдас бөліктеріне: халықаралық, конституциялық, азаматтыққа қатысты активтерді қайтару іс жүргізуінің қылмыстық-процестік мазмұны болып табылатыны даусыз қорытынды шығады.

Осы жағдайларда активтерді өндіріп алу туралы іс жүргізу, ең алдымен, қылмыстық-процестік құқықтың басқа салалармен, яғни халықаралық, конституциялық, қылмыстық, азаматтық және т.б. реттелетін институт болып табылады.

1.2. Ұрланған активтерді қайтару саласындағы нормативтік актілер: халықаралық және ұлттық заңнама

Қылмыстық кірістерді заңдастыру мәселесі көптеген мемлекеттерді тарта отырып, трансұлттық сипатқа ие болып, мемлекеттердің экономикасына жаһандық қауіп төндіреді.

Қылмыстық кірістерді заңдастырудың тарихи аспектісін зерттей отырып, оның барлық уақытта болғанын атап өткен жөн. Алайда «қылмыстық кірістерді жылыстату» терминінің өзі – салыстырмалы түрде жаңа.

Терминологияның генезисін зерттеген барлық авторлар «ақшаны жылыстатудың» негізін қалаушы 1920-1930 жылдары Чикагода жұмыс істеген италиядан шыққан американдық гангстер Аль Капоне деп санайды. Алкогольді ішімдіктердің заңсыз айналымынан түскен заңсыз ақшаны кір жуатын орындағы заңды

ақшамен араластырған. Ағылшын тілінен аударылған «жылыстату» термині «laundry» сияқты естіледі, сол термин кір жууды білдіреді.

Сондай-ақ, Кубадағы ойын мекемелері арқылы ақшаны жылыстатып, кейін АҚШ-қа тасымалдап, «шетелдік инвестицияның заңды негізде отанына қайтарылуының» кейпін жасаған Мейер Лански (Мейер Суховлянский) туралы да айтылады.

Кейбір ғалымдар қылмыстық ақшаны жылыстатуға қарсы халықаралық актілерді: арнайы актілер мен ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимылға жанама құжаттар деп 2 түрге бөледі¹.

Қылмыс жасау нәтижесінде алынған активтерді қайтару жөніндегі халықаралық заңнаманың қазіргі жағдайы төмендегідей:

Ақша белгілерін қолдан жасауға қарсы күрес жөніндегі 1929 жылғы халықаралық конвенция (08.11.2010 ж. ратификацияланған)	Конвенцияның 11-бабында жалған банкноттарды, қару-жарақтарды және басқа да заттарды тәркілеу, оларды үкіметке немесе эмиссиялық банкке беру көрсетілген.
Есірткі және психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы 1988 жылғы БҰҰ конвенциясы (1998 жылғы 29 маусымдағы ҚРЗ)	Қылмыстық активтерді тәркілеу, тыйым салу және шыққан елдерге қайтару саласындағы мемлекеттердің ынтымақтастығы туралы құқықтық қатынастарды реттеуге арналған негізгі құжат.
Қылмыстық әрекеттен түскен табыстарды жылыстату, анықтау, алып қою және тәркілеу туралы 1990 жылғы Страсбург конвенциясы (2011 жылғы 2 мамырдағы ҚРЗ)	6-бапта: «мүлікті заңсыз шыққан жерін жасыру немесе негізгі қылмысқа қатысы бар адамға көмектесу мақсатында оның қылмыстық жолмен алынған кіріс екені белгілі болған жағдайда айырбастау немесе беру, өз әрекеттеріңіздің құқықтық салдарын болдырмау» (1)-бөліктің а) тармағы), сондай-ақ «мұндай мүлікті жасыру немесе жасырып қалу» (1)-бөліктің б-тармағы) және «бұл мүлікті сатып алу, иелену немесе пайдалану» (1)-бөліктің с-тармағы).
Еуропа Кеңесінің Қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстату, анықтау, тәркілеу және тәркілеу және терроризмді қаржыландыру туралы конвенциясы, 2005 ж.	Қылмыстық топтардың қаржылық ақпараты мен активтеріне оларға сәтті қарсы тұру үшін жылдам қол жеткізуді қамтамасыз ететін тетіктерді құру.
Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы БҰҰ Конвенциясы (15.11.2000 жылы Нью-Йорк	6-бапта әрбір Қатысушы-мемлекет өзінің ішкі заңнамасының негізгі принциптеріне сәйкес, мынадай әрекеттер: 1) егер мұндай мүлік қылмыстан түскен табыс

¹ Проблемы борьбы с легализацией (отмыванием) преступных доходов: практическое пособие / Г.А. Русанов; – М.: Издательство Юрайт, 2020. – С.6.

қаласында қабылданған)	<p>екендігі белгілі болса, бұл мүліктің қылмыстық көзін жасыру немесе тығу мақсатында немесе ол өз әрекетіне деген жауапкершіліктен жалтара алатын негізгі қылмысты жасауға қатысушы кез келген адамға көмек көрсету мақсатында мүліктің айырбасталуы немесе ауыстырылуы;</p> <p>2) егер мұндай мүлік қылмыстан түскен табысты білдіретіндігі белгілі болса, оның түпкі сипатын, шыққан көзін, тұрған орнын, билік ету тәсілдерін, орнын ауыстыруды, мүлікке деген құқықтарды немесе оның тиесілігін жасыру немесе бүгіп қалу;</p> <p>3) егер мүлікті алу сәтінде осындай мүлік қылмыстан түскен табысты білдіретіндігі белгілі болса, мүлікті алу, иелік ету немесе пайдалану;</p> <p>4) осы бапқа сәйкес осындай деп танылған қылмыстардың кез-келгенін жасау мақсатындағы сөз байласу, қатысу, қатысты болу немесе кіру оның жасалуына әрекеттену, сондай-ақ оны жасауға жәрдемдесу, арандату, көмек көрсету немесе кеңес беру қасақана жасалса, оларды қылмысты жазалауға жататын әрекет ретінде тану үшін қажет болуы мүмкін заңнамалық және басқа да шараларды қабылдайды.</p>
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы БҰҰ конвенциясы, 31.10.2003 ж. Мерид қаласы (2008 жылғы 5 сәуірдегі ҚРЗ)	Активтерді қайтару сияқты рәсімдерге, сондай-ақ мұндай активтердің шетелге аударымдарын анықтау тетігіне ерекше назар аударады.

Осылайша, халықаралық құқықтық актілерді талдау негізінде мынадай анықтама беру керек:

Қылмыстық кірістерді жылыстату – адамның мүлікке заңды сипат бергісі келетін-келмейтініне қарамастан, қылмыстық жолмен алынған мүлікке қатысты әрекеттер (әрекетсіздік) болып табылады. Бұл ретте, егер адам осы мүліктің қылмыстық шығу тегі туралы білген жағдайда ғана әрекет қылмыстық әрекет болып табылады.

Халықаралық-құқықтық аспектіде ұрланған активтерді қайтару мәселелері сыбайлас жемқорлықпен, терроризммен, адам және есірткі саудасымен, сондай-ақ осы қылмыстардың нәтижесінде алынған кірістерді заңдастырумен (жылыстатумен) тығыз байланысты. Осыған орай қылмыстық процестегі тергеп-тексеру мен дәлелдеудің халықаралық стандарттары қылмыстың аталған түрлерінің ерекшеліктеріне негізделген.

Алдымен активтерді қайтару саласындағы халықаралық құқықтық актілерде көзделген жалпы талаптар мен стандарттарды қарастырайық.

Активтерді қайтару саласын реттейтін негізгі халықаралық құқықтық негіз **БҰҰ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы** болып саналады.

К.Аннанның айтуынша, «ол сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық және реттеуші режимдерін нығайту үшін барлық елдер қолдана алатын бірқатар стандарттарды, шаралар мен нормаларды қамтиды»¹.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенция активтерді қайтару және ақшаны жылыстатуға қарсы күрес саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру кезінде қатысушы мемлекеттер ұстануға тиіс шаралардың негізін анықтайды.

Дегенмен Конвенция дәлелдемелік базаны жинауға және бекітуге қатысты талаптар мен стандарттарды қамтымайды және реттемейді.

Сонымен қатар активтерді қайтару стандарттарын белгілейтін негізгі халықаралық актілердің бірі – **Қылмыстық әрекеттен түскен табыстарды жылыстату, анықтау, алып қою және тәркілеу туралы 1990 жылғы Страсбург конвенциясы** болып табылады.

Стандарттар ретінде Конвенция қылмыстың қандай түрлері ақшаны жылыстатуға қатысты құқық бұзушылықтарға жататынын анықтайды.

Конвенцияның 6-тармағында Әрбір Тарап өзінің ішкі құқығына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылық ретінде саралау мақсатында келесі ниеттер болған жағдайда заңнамалық және басқа қажетті шаралар қабылдайды:

егер бұл мүлік қылмыстық жолмен алынған табыс болып табылатыны мәлім болса, мұндай мүліктің заңсыз шығу тегін жасыру немесе негізгі құқық бұзушылықты жасауға араласқан кез келген тұлғаға өз іс-әрекетінің	мүліктің шынайы табиғатын, жасалған жерін, тұрған жерін, орналасуын немесе мүліктің қозғалысын немесе оған берілген құқығын жасыру немесе жасырып қалу, егер өзінің конституционалдық қағидаттары мен өзінің құқықтық	егер мүлікті алу сәтінде ол қылмыстық жолмен табылған табыс болып табылатыны мәлім болса, мүлікті сатып алу, иелену немесе	конвенцияның 6-бабында айқындалған құқық бұзушылықтардың кез келгеніне немесе оны жасауға оқталуға қатысу немесе бірге қатысу, сондай-ақ осындай қылмысты
---	--	---	--

¹ Выступление Генерального секретаря перед Генеральной Ассамблеей по пункту повестки дня «Предупреждение преступности и уголовное правосудие». https://www.un.org/ru/sg/annan_messages/2003/58pv50.shtml

құқықтық салдарынан жалтаруға көмек көрсету мақсатындағы конверсия немесе мүлікті беру	жүйесінің негізгі тұжырымдамаларын есепке ала отырып, бұл мүлік қылмыстық жолмен алынған табысты білдірсе	пайдалану	жасауға байланысты көмектесу, арандату, жәрдемдесу немесе консультация беру
---	---	------------------	---

Конвенция сондай-ақ тараптардың **тергеп-тексеруді жүргізуге** көмектесу **міндетін** қарастырады.

Осылайша, тараптар сұрау салу бойынша құралдарды, табыстарды және тәркіленуге тиіс басқа мүлікті анықтауда және табуда барынша мүмкін болған дәрежеде бір-біріне көмек көрсетеді. Бұл көмек жоғарыда аталған мүліктің сақталып тұруына, орнына немесе қозғалысына, сипатына, заңды мәртебесі мен құнына байланысты ақпаратты ұсыну және іздеу жөніндегі шараларды қамтиды.

Тарап мұндай ақпараттың ашылуы алушы Тарапқа тергеуді немесе қарауды қозғауда немесе жүргізуде көмектесуі мүмкін немесе осы Тараптың сұрау салуды жіберуіне әкелуі мүмкін деп есептегенде, өз тергеуі немесе қарауы үшін нұқсан келтірмей алдын ала сұрау салусыз басқа Тарапқа құралдар және табыстар туралы ақпаратты бере алады.

Конвенция сұрау салуды орындаудан бас тарту жағдайларын реттейтін маңызды ережені қамтиды.

Бас тарту негіздері

сұрау салу сұрау салынатын Тараптың негізгі заңды қағидаттарына қайшы келсе

сұрау салудың орындалуы сұрау салынатын Тараптың егемендігіне, қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртібіне немесе басқа мәні бар мүдделеріне зиян келтірсе

сұрау салынатын Тарап сұрау салу жасалған істі сұрау салынатын шаралардың қабылдануын ақтау үшін жеткілікті түрде маңызды болып табылмайды деп есептесе

сұрау салу жасалған құқық бұзушылық саяси немесе салықтық құқық бұзушылық болып табылса

сұрау салынатын Тарап сұрау салынатын шараны *ne bis in idem* қағидатына қайшы келеді деп есептесе

егер ол оның заңдық құзырындағы аумақта жасалмаса, сұрау салу жасалған құқық бұзушылық сұрау салынатын Тараптың заңнамасы бойынша құқық бұзушылық деп есептелмесе

Көріп отырғанымыздай, бас тарту негіздерінің арасында дәлелдемелік базаның жеткіліксіздігі сияқты түрі жоқ. Осыған байланысты құқық қорғау органдары қандай жалпы негіздер бойынша мемлекеттер сұрау салуды орындаудан бас тарта алатынын нақты білуі керек.

Осылайша Қылмыстық әрекеттен түскен табыстарды жылыстату, анықтау, алып қою және тәркілеу туралы конвенцияда активтерді іздеу және қайтару шараларын қабылдау үшін жеткілікті ақпарат пен дәлелдемелердің сұрау салуын қамтамасыз ету бойынша жеке талаптар ғана бар.

Одан әрі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы халықаралық құқықтық актілерді талдау қаржылық тергеп-тексеру жүйесін дамыту және осы саладағы құқық қорғау органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру қажеттігін көрсетті.

Тергеушінің ақпаратты жинау және талдау, жедел-ізвестіру немесе қылмыстық-процестік шараларын жүргізу ғана емес, сонымен бірге келесі салада жеткілікті дайындық деңгейі болуы керек:

- азаматтық, салықтық және коммерциялық құқық;
- банктер мен қаржы институттарының қызметі;
- қылмыстық істер бойынша құқықтық көмекті реттейтін халықаралық актілер;
- ірі шет мемлекеттердің өз аумағындағы мүлікті іздестіру және тыйым салу саласындағы негізгі құқықтық талаптары;
- осы саладағы халықаралық ұйымдардың қызметі.

ТМД-да қылмыстық жолмен алынған кірістерді қайтару саласындағы құқықтық реттеудің қалыптасуы 20 ғасырдың 90-жылдарына жатады және хронология келесідей көрініс тапқан:

<p>Шаруашылық қызметті жүзеге асырумен байланысты дауларды шешу тәртібі туралы келісім (20.03.1992 ж. Киев қ., 07.02.1992 ж. ҚР ЖСҚ ратификацияланған)</p>	<p>экономикалық дауларды қараудың азаматтық-құқықтық саласындағы «өзегі» болып табылады, мысалы: әрбір қатысушы мемлекеттің шаруашылық жүргізуші субъектілері өздерінің мүлдік құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін соттарға және басқа органдарға еркін жүгінуге құқылы (3-бап), сондай-ақ ТМД-ға қатысушы бір мемлекеттің құзыретті соты жауапкердің мүлкін өндіріп алу бөлігінде шығарған шешімдері басқа қатысушы мемлекеттің аумағында орындауға жатады.</p>
<p>Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенция (22.01.1993 ж., Минск қ.)</p>	<p>қылмыстық жолмен алынған активтерді қайтару нормалары уағдаласушы тараптардың қылмыс жасау кезінде пайдаланылған заттарды: қылмыс құралдарын, сондай-ақ, қылмыс нәтижесінде немесе ол үшін сыйақы ретінде сатып алынған немесе қылмыскер осылайша сатып алынған заттардың орнына алған заттар (78-бап), сондай-ақ заң көмегінің көлемі бойынша (6-бап.) заттарды бір-біріне</p>

	беруі түрінде белгіленеді.
Достыққа қатысушы мемлекеттердің аумақтарында төрелік, шаруашылық және экономикалық соттардың шешімдерін өзара атқарудың тәртібі туралы келісім (03.06.1998 ж., Мәскеу қ., 1999 жылғы 30 желтоқсандағы ҚРЗ ратификацияланған)	Келісім бір Уағдаласушы Тараптың құзыретті сотының шешімі даусыз орындалатын борышкердің мүлкін өндіріп алуды реттейді (3-бап.).
Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенция (7.10.2002 ж., Кишинев қ., 2004 жылғы 10 наурыздағы ҚРЗ ратификацияланған)	«Уағдаласушы Тараптар ... қылмыстық жолмен алынған қаражаттар мен мүлікті, сондай-ақ қылмыстық әрекеттен түскен кірістерді іздеу және тыйым салу (алып қою). өзара құқықтық көмек көрсетеді» (6-бап. Заңдық көмек көлемі)
Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразиялық топ туралы келісім (07.04.2011 ж. Мәскеу қ., 2012 жылғы 21 ақпандағы ҚРЗ ратификацияланған)	өңірлік деңгейде тиімді өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықты және ФАТФ ұсынымдарына және ЕАТ-тың мүше мемлекеттері қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық ұйымдардың АЖ/ТҚҚ стандарттарына сәйкес АЖ/ТҚҚ-ның халықаралық жүйесіне ЕАТ-қа мүше мемлекеттердің ықпалдасуын қамтамасыз ету (2-бап)

Бұған дейін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қатысты заңнама алдын алуға бағытталған болатын.

Осылайша, 1922 жылғы 1 маусымдағы РКФСР ҚК «Басқару тәртібінің қылмыстары туралы» 2-тарау салық төлеуден бас тартуға қатысты (ақшалай немесе заттай), салық салуға немесе есепке алуға жататын мөлшерлерді жасыру немесе дұрыс көрсетпеу және т.б. көздейтін 78-80-баптарды, сондай-ақ «тауарларды шетелден әкелу немесе шетелге тасымалдау туралы заңдар мен міндетті ережелерді бұзуды» көздейтін 97-бапты қамтыды.

ҚазКСР-дың 1959 жылғы ҚК-де «Қылмыстық жолмен алынған ақша қаражаты мен өзге де мүлікті кәсіпкерлік немесе заңмен тыйым салынбаған өзге де қызметпен айналысу үшін пайдалану» 165-5-бабы көзделген. Бұл ҚК-де РКФСР ҚК-мен салыстырғанда «қылмыстық жолмен алынған активтерді заңдастырудың (жылыстатудың)» заманауи түсіндіру нақты, айқын нормасы бар.

Қолданыстағы норманың соңғы нұсқасы 2014 жылы 1997 жылғы ҚК-ге өзгерістер түрінде енгізілді. Ол 2014 жылғы жаңа қолданыстағы ҚК-ге көшті. Тек ҚРЗ негізінде кірістерді заңдастыру (жылыстату) туралы 218-1 және 235-1-баптармен толықтырылды.

Келесі нормативтік-құқықтық актілерде құқық қолдану және даулы мәселелерді түсіндіру функциялары бар. Біріншісі –

«Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» 2003 жылғы 11 шілдедегі №8 ЖСНҚ.

Екіншісі – «Соттардың экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылық істер бойынша заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» 2020 жылғы 24 қаңтардағы №3 ЖСНҚ.

Қазақстан Республикасының Президенті 2023 жылғы 12 шілдеде «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» ҚРЗ-ға қол қойды.

Құқық қорғау органдарымен және арнаулы уәкілетті мемлекеттік органдармен, ұйымдармен қатар активтерді қайтару бойынша өзара іс-қимыл жасауға өз өкілеттіктері шегінде квазимемлекеттік сектор субъектілері де кіреді.

Заңдылығын және оларды алу көздерін растауға жататын мүлкі бар деп есептелетін тұлғалардың тізілімін құруды реттейтін нормалар енгізілді.

Активтерді заңсыз иемдену анықталған жағдайда оларды ерікті түрде де, мәжбүрлеп те қайтару әдістері қарастырылған¹.

Осылайша, мемлекеттің заңсыз иемденілген активтерді қайтарудың барлық тетіктерін пайдалануы, қаржылық бақылау түріндегі алдын алу шараларынан бастап, санкциялық қылмыстық-процестік және азаматтық нормаларға дейін, барлығы қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және олардың алдын алу бойынша жаңа қылмыстар жасауға кедергілер жасауға мүмкіндік береді.

Қылмыс жасалған кезде бұл активтерді шетелдік юрисдикциядан қадағалау және қайтару керек. Осылайша трансшекаралық сипаттағы экономикалық қылмыстарға тиімдірек қарсы тұруды ұйымдастыру қажет².

Бүгінгі таңда, отандық заңнама, оның ішінде қылмыстық-құқықтық заңнама ғана емес, заңсыз кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл тұрғысынан халықаралық стандарттарға негізінен сәйкес келеді деп айтуға болады.

¹ Маханов Т.Г. Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару саласындағы заңнаманың тәжірибеде қолдану тиімділігін бағалау туралы // Возврат незаконно приобретенных активов: вопросы досудебного расследования (18.06.2024 г.): Сборник материалов международного круглого стола. – Косшы: Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, 2024. – с.57-61.

² Сердалинов К.М. Национально-правовое регулирование сферы возврата активов Республики Казахстан // Рецензируемый научный журнал «Тенденции развития науки и образования». №112, Август 2024. Ч.4. – С.134.

Бақылау сұрақтары

1. «Активтер» түсінігі қандай нормативтік актілермен реттеледі?
2. «Ұрланған активтерді қайтару» және «активтерді репатриациялау» ұғымдарының ерекшеліктері мен айырмашылықтары қандай?
3. «Қылмыстық жолмен алынған ақшаны немесе басқа мүлікті заңдастыру (жылыстату)» ұғымының мәнін ашуға тырысыңыз.
4. Қылмыстық жолмен алынған кіріс нені білдіреді?
5. Предикаттық қылмыстар дегеніміз не?
6. Ұрланған активтерді қайтаруға қандай нормативтік актілер көмектеседі?
7. Халықаралық-құқықтық аспектіде қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстату нені білдіреді?
8. Қылмыс жасау нәтижесінде алынған активтерді қайтару процесін қандай халықаралық құжаттар реттейді?
9. БҰҰ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясының 6-бабына сәйкес ақшаны жылыстату түсінігін ашыңыз.
10. Конвенцияда сұрау салудан бас тартуды реттейтін қандай ереже бар?
11. Қылмыстық жолмен алынған кірістерге қарсы іс-қимыл мәселелерін реттейтін ТМД елдерінің құқықтық актілерін көрсетіңіз.

2-ТАРАУ. ҚЫЛМЫСТЫҚ АКТИВТЕРДІ ҚАЙТАРУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША ДӘЛЕЛДЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ


2.1. Активтерді қайтару туралы қылмыстық істерді дәлелдеу кезінде қылмыстық активтерді шығару тәсілдері мен схемалары

Қаражаттың шығу тегі мен түпкілікті мақсатын жасыруға бағытталған ақшаны жылыстату әдістері мен схемалары активтерді қайтару бойынша қылмыстық істерді дәлелдеу процесін айтарлықтай қиындатады.


Қылмыстық активтерді алудың көптеген жолдары мен әдістері бар, олар қарапайымнан өте күрделі әдістерге дейін.

Олар әдетте заңсыз қаражаттың көзін, шынайы иесін және түпкілікті мақсатын жасыруға бағытталған.


Қылмыстық әрекет түріне қарамастан, ақшаны жылыстату процесі 3 кезеңді қамтиды¹:




¹ Нугманов Р.Р. «Практика противодействия легализации преступных доходов и финансированию терроризма». Учебное пособие. Алматы: ТОО Лантар Трейд, 2020. — С.109.



Ақшаны жылыстатудың негізгі әдістері:





Жасанды
инвойстар мен
келісімшарттар

Ешқашан ұсынылмаған тауарлар немесе қызметтер үшін жалған құжаттарды жасау.
Мысалы: Ірі сомаға жалған шот-фактура жасап, кейін банктік аударым арқылы төленеді.

Қаржылық
пирамидалар

Қаражатты тарту үшін пирамидалық схемаларды пайдалану, содан кейін олар заңдастырылған активтер түрінде шығарылады.
Мысалы: Жоғары пайда уәдемен инвесторларды тарту, олардың инвестицияларын ескі инвесторларға төлеу үшін пайдалану және қалған қаражатты жеке шоттарға аудару.

Алдын ала
төленген карталар
мен ваучерлер

Анонимді пайдалануға болатын қаражатты сақтау және аудару үшін алдын ала төленген карталарды пайдалану.
Мысалы: Ірі сомалар үшін алдын ала төленген карталарды сатып алу, кейін олар тауарлар мен қызметтерді төлеу үшін пайдаланылады не басқа елдерде қолма-қол ақшаға айналдырады.

Қазынашылық
бағалы қағаздар
мен облигациялар

Қылмыстық қаражатты бағалы қағаздарға инвестициялау, кейіннен олар таза пайда алу үшін сатылады.
Мысалы: Облигацияларды немесе акцияларды қолдан жасалған адам арқылы сатып алу, кейіннен оны ашық нарықта сату.

Транзакцияларды
ң бірнеше
қабаттары бар
күрделі схемалар

Активтердің нақты иелерін жасыру үшін құпиялылық деңгейі жоғары юрисдикцияларда трасттар немесе қорлар құру.
Мысалы: Облигацияларды немесе акцияларды қолдан жасалған адам арқылы сатып алу, кейіннен оны ашық нарықта сату.

Халықаралық
трасттар мен
қорлар



Қылмыстық қаражатты бағалы қағаздарға инвестициялау, кейіннен олар таза пайда алу үшін сатылады.

Мысалы: Активтерді бенефициарлық меншік иелері туралы ақпаратты ашпайтын юрисдикцияда құрылған трасттық қорға аудару.

Жымқыру, заңсыз кәсіпкерлік, алаяқтық және сыбайлас жемқорлық қылмыстары сияқты экономикалық қылмыстар да айтарлықтай пайда әкелуі мүмкін.

Мұндай әрекеттердің нәтижесінде алынған қаражаттар заңсыз әрекеттеріне назар аудармай қылмыскерлер оларды пайдалана алатындай заңдастыруды қажет етеді.

Бұл ақшаны жылыстату процесінде қылмыскерлер шыққан жерін бүркемелеу, активтердің пішінін өзгерту және бақылау мен тексеру қатаңырақ болатын юрисдикцияларға қаражатты жылжыту сияқты әртүрлі әдістерді қолданады.

Ғалымдар атап өткендей, бүгінгі күні қаржылық және өнеркәсіптік топтардың бенефициарлары болып табылатын олигополиялардың субъектілері үшін активтерді алып қоюдың басқа да байқалмайтын және дәлелдеу қиын әдістерін қолдану тартымдырақ¹.

Интернет-банкинг және криптовалюталар сияқты заманауи технологиялар, әсіресе құпиялылыққа бағытталған технологиялар қылмыскерлер үшін тапсырманы жеңілдетті.

Бұл құралдар анықтау қаупі аз қаражатты аударуға және алуға мүмкіндік береді. Бұл халықаралық деңгейде ақшаны жылыстатуға және предикаттық қылмыстарға қарсы іс-қимылды күшейту, сондай-ақ қаржылық операциялардың ашықтығы мен қадағалануын арттыруға бағытталған инновациялық технологиялар мен заңнамалық шараларды енгізу қажеттілігін көрсетеді.

Сондықтан ақшаны жылыстату қылмыстық әрекеттің жалғасуына ықпал етіп қана қоймайды, осы санаттағы істерді дәлелдеуде кешенді тәсілді талап ететін қоғамдық қауіпсіздік пен тұрақтылыққа қауіп төндіреді.

¹ Возврат похищенных активов: учебное пособие / [Коллектив авторов]. Под общ. ред. У.С. Байжанова – Косшы: Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, 2023. – 13 с.

2.2. Активтерді қайтару туралы қылмыстық істерді дәлелдеу ерекшеліктері

Ғылыми әдебиеттерде, оның ішінде қарастырылып отырған тақырып бойынша дәлелдемелердің біркелкі түсінігі жоқ. Бұл көбінесе тергеушілердің сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде, оның ішінде активтерді қайтару туралы қылмыстық істер бойынша процестік шешімдерін қабылдау кезінде жіберген қателеріне әкеледі.

ҚПК-нің 111-бабына сәйкес

заңды түрде алынған, олардың негізінде анықтау органы, анықтаушы, тергеуші, прокурор, сот ҚПК-де айқындалған тәртіппен ҚК-де көзделген іс-әрекеттің бар екенін немесе жоқ екенін, күдіктінің, айыпталушының немесе сотталушының бұл әрекетті жасағанын немесе жасамағанын, оның кінәлілігін не кінәсіздігін, сондай-ақ істі дұрыс шешу үшін маңызы бар өзге де мән-жайларды анықтайтын нақты деректер қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер болып табылады¹.

Көріп отырғаныңыздай, анықталған «дәлелдеме» түсінігі кеңірек – «нақты деректерге, яғни деректер туралы мәліметтерге» негізделеді. Содан кейін бұл дәлелдемелерді басқа дәлелдердің шексіз санынан ажырататын ерекше белгілер беріледі.

Заң дәлелдемелерді байланыстыратын фактілерге:

қылмыстық істің дәлелдеу нысанын құрайтын мән-жайлар

дәлелдеу нысанасына кірмейтін фактілер деп бөледі

ҚПК-нің 113-бабында кез келген істі шешу кезінде құқықтық маңызы бар нақты мән-жайлар көрсетілген.

Ғылыми әдебиеттерді талдау «дәлелдемелер» ұғымын құрайтын фактілер мен нормалардың мазмұны қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін белгілеуге, сондай-ақ іс бойынша жиналған нақты деректерді бағалауға айтарлықтай әсер ететінін көрсетті². Демек, дәлелдеу түсінігін дұрыс анықтау – шындыққа жетудің, атап айтқанда активтерді қайтару істері бойынша

¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000231>

² Sharipova, A., Muhamadyeva, G., & Amankulov, A. (2020). О свойствах доказательств в уголовном процессе. Вестник КазНУ. Серия Юридическая, 93(1), С.130.

қабылданған процестік шешімдердің заңдылығы мен негізділігін қамтамасыз етудің қажетті шарты болып табылады.

Сондықтан дәлелдемелер мемлекетке қайтарылуға жататын қылмыстық активтер туралы фактілерді білудің бірден-бір құралы болып табылады. Оған қоса қылмыстық қудалау органдары мен сот олар туралы кез келген нәрсені тек заңда белгіленген тәртіппен, іс бойынша жиналған құжатталған және тексерілген деректер арқылы расталған көлемде ғана айта алады.

Сонымен бірге активтерді қайтару (кірістерді жылыстату) туралы қылмыстық істер бойынша дәлелдеу процесінің осы қылмыстардың күрделілігі мен ерекшелігіне байланысты өзіндік ерекшеліктері бар.

Дәлелдеу процесінде дәлелдемелердің қатыстылығы, жол берілетіндігі, анықтылығы мен жеткіліктілігі шектеріне (критерийлеріне) назар аудару қажет. Дәлелдер жиынтығының сенімділігі оның болашақта өз күшін сақтау қабілетін білдіреді¹.

Дәлелдер барлық басқа нақты деректерден ерекшеленеді және 2 сипаттамалық ерекшелікті шектейді:

дәлелдемелер негізінде қоғамға қауіпті іс-әрекеттің бар-жоғын, адамның кінәлілігін және іс бойынша маңызы бар басқа да мән-жайларды анықтауға болады.

дәлелдемелердің кез келген басқа нақты деректерден айырмашылығы – олар заңда белгіленген тәртіппен белгіленеді.

Қылмыстық-процестік ғылым теориясында бұл ерекшеліктер дәлелдемелер белгілері деп аталады.

Теориядағы және қылмыстық-процестік заңнамадағы бірінші белгі – **қатыстылығы**, екіншісі – дәлелдемелердің **жол берілетіндігі** деп аталады. Сонымен қатар, **анықтылық** пен **жеткіліктілік** сияқты дәлелдемелердің белгілері бар.

Сонымен дәлелдемелер – бұл қатыстылық пен жол берілетіндік талаптарына сәйкес келетін нақты деректер.

Ғалымдардың пікірінше, барлық нақты деректердің орасан зор көлемінен дәлелдемелерді бөліп көрсету үшін, алдымен олардың

¹ Лазарева В.А. Доказывание в уголовном процессе: учебно-практическое пособие. – М.: Издательство Юрайт, 2010. – С.124.

санынан іс бойынша маңызы жоқ фактілер туралы нақты деректерді **алып тастау** керек.

Осыдан кейін заңда белгіленген тәртіппен немесе осы тәртіпті бұза отырып алынған нақты деректерді қалған бөліктен **алып тастау** керек.

Дәлелдемелердің қатыстылығы, жол берілетіндігі, анықтылығы мен жеткіліктілігі негізгі белгілер болғандықтан, онсыз ешқандай дәлелдеме жоқ. Біз оның мәнін, осы белгілердің мазмұнын түсіну, қарау арқылы ғана заң олардың әрқайсысына қандай талаптар қоятынын түсіне аламыз¹.

ҚПК-нің 25-бабына сәйкес, судья, прокурор, тергеуші, анықтаушы дәлелдемелерді қаралған дәлелдемелердің жиынтығына негізделген өзінің ішкі сенімі бойынша бағалайды, бұл ретте ол заң мен ар-ожданدى басшылыққа алады. Бұл норма ҚПК-нің 125-бабында қайталанатын².

Теорияда «өзінің ішкі сенімі бойынша дәлелдеуді» заңнаманың қылмыстық дәлелдемелерге қатынасын белгілейтін қағидат ретінде бағалайды³.

Сонымен бірге, «Қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді бағалаудың кейбір мәселелері туралы» 2006 жылғы 20 сәуірдегі №4 ЖСНҚ-ның 3-тармағы ішкі наным бойынша **дәлелдемелерді бағалау** дәлелдемелердің нанымдылығы, мәліметтердің ақиқаттығы немесе жалғандығы, олардың жиынтығында түпкілікті, дұрыс тұжырым жасау мен шешімді негіздеу үшін жеткіліктілігі туралы мәселелерді судьяның тікелей өзі ғана шешетінін білдіреді

Судья дәлелдемелерді заңды басшылыққа ала отырып, яғни дәлелдемелерді жинау және бекіту тәртібін белгілейтін құқық нормаларының сақталуын, олардың іске қатысын және жарамдылығын бағалайды⁴.

Барлық дәлелдемелер әртүрлі негіздерге, мазмұнға және оларды алу көздеріне қарай түрлерге бөлінеді. Олардың ғылыми және практикалық маңызы өте зор.

Сондықтан, ҚПК-нің 125-бабы бірінші бөлігіне сәйкес, әрбір дәлелдеме – оның қатыстылығы, жол берілетіндігі, анықтығы, ал барлық жиналған дәлелдемелер өз жиынтығында қылмыстық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан бағалануға тиіс. Сондықтан олардың әрқайсысын жеке-жеке қарастырамыз.

¹ Sharipova, A., Muhamadyeva, G., & Amankulov, A. (2020). О свойствах доказательств в уголовном процессе. Вестник КазНУ. Серия Юридическая, 93(1), С.132.

² Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>

³ Владимиров Л.Е. Учение об уголовных доказательствах. – Тула: Автограф, 200. – С.83.

⁴ Қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді бағалаудың кейбір мәселелері туралы. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 20 сәуірдегі №4 Нормативтік қаулысы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P06000004S_

Қатыстылық – іс үшін маңызды мән-жайлардың бар екендігі туралы қорытындыларды растайтын, жоққа шығаратын немесе күмән тудыратын нақты деректер

Басқаша айтқанда, қатыстылық қылмыстық іс үшін маңызы бар мән-жайларды анықтауға дәлелдемелердің қызмет етуі тиіс екенін білдіреді.

Ғалымдардың пікірінше, дәлелдемелердің қатыстылығы дәлелдеме мазмұнының дәлелдеу нысанасымен, яғни қылмыстық істің нақты мән-жайларымен байланысын білдіреді¹.

Ал, активтерді қайтару туралы қылмыстық істер бойынша, егер қайтарылуға жататын растаушы құжаттары бар активтер қылмыс жасау нәтижесінде алынса, дәлелдеменің қатыстылығы бар деп есептеледі.

Жол берілетіндік – ҚПК-де белгіленген тәртіппен алынады

Ғалымдардың пікірінше, егер сот тәжірибесіне жүгінетін болсақ, қылмыстық іс бойынша дәлелдемелерді тану кезінде тергеп-тексеру органдарында деректердің істің мән-жайына қатыстылығын анықтауда әдетте қиындықтар туындамайтынын байқауға болады. Бірақ басқа – жол берілетіндігі қасиетіне қатысты мәселелер жиі туындайды².

¹ Сергеева Ю.С. Оценка доказательств в уголовном процессе / Ю.С. Сергеева, С.Е. Лекарева // Вестник научных трудов «Юристъ» по материалам заседания I Совета молодежных общественных организаций и объединений Республики Татарстан в сфере противодействия коррупции. Под ред. И.Ш. Мухаметзянова, С.Л. Алексеева, Р.Н. Шайдуллина. – 2017. – С. 239-245.

² Дмитриева, А.И. Понятие и свойства доказательств в уголовном процессе / А.И. Дмитриева, А.А. Самарукова // Центральный научный вестник. – 2020. – Т. 5, № 11(100). – С. 8-10. – EDN CFGFWY.



Көбінесе процестік нысанды сақтамау және заң талаптарын бұза отырып дәлелдемелерді алу ҚПК-нің 112-бабы бірінші бөлігіне сәйкес олардың жол берілмейтіндігі деп тануға әкеледі.

Анықтау органы, анықтаушы, тергеуші, прокурор немесе судья дәлелдемелерге жол бермеу туралы мәселені шеше отырып, әрбір жағдайда жол берілген бұзушылықтың нақты қалай көрініс тапқанын анықтауға және уәжді шешім қабылдауға міндетті.

ҚР Конституциясының 77-бабының 3 тармағының 9) тармақшасының талаптарына сәйкес сот төрелігін жүзеге асыру кезінде заңды бұза отырып алынған дәлелдемелерді пайдалануға жол берілмейтіндігі, егер оларды жинау және бекіту кезінде адам мен азаматтың Конституцияда кепілдік берілген құқықтары немесе ҚПК-де белгіленген оларды жинау және бекіту тәртібі бұзылса, сондай-ақ дәлелдемелерді жинау мен бекітуді тиісті емес тұлға немесе орган жүзеге асырса не процестік нормаларда көзделмеген әрекеттердің нәтижесінде алынса, дәлелдемелер жол берілмейтін деп танылуы тиіс дегенді білдіреді.

ҚПК-де дәлелдемелерді жинауға уәкілетті тұлғалардың толық тізімі көрсетілген: тергеуші, анықтаушы, прокурор, сот, қорғаушы. Қылмыстық іс бойынша процестік әрекеттерді жүргізуге басқа

лауазымды адамдардың немесе азаматтардың, мемлекеттік органдардың немесе қоғамдық ұйымдардың құқығы жоқ.

Қылмыстық-процестік заң нормаларына сәйкес алынған, тексерілген және бағаланған дәлелдемелер ғана жол берілетін дәлелдемелер ретінде қабылдануы мүмкін.

Сонымен қатар, көбінесе моральдық қағидалар дәлелдемелердің рұқсат етілгендігінің критерийі болып табылады. Дегенмен, шын мәнінде, дәлелдемелердің рұқсат етілгендігінің негізгі критерийі оларды тексеру мүмкіндігі болуы керек¹.

Сондықтан активтерді қайтару істері бойынша жол берілетін дәлелдемелер сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның тиісті көзден (мысалы, екінші деңгейлі банктен), және тиісті нысанда (мысалы, ресми сұрау салу арқылы), тиісті тәсілмен алған дәлелдемелер болып табылады.

Анықтылық – дәлелдемелердің шындыққа сәйкес келетіні тексеру нәтижесінде белгілі болады

Дәлелдемелердің анықтығын мәліметтерде іс үшін маңызы бар нақты шындық фактілерін дұрыс көрсету деп түсінуге болады.


Ғалымдардың пікірінше, дәлелдемелердің анықтылығы – оқиғаның материалдық және материалдық емес (анық) іздерін көрсетудегі сәйкестігін, шынайылығын сипаттайтын дәлелдемелердің қасиеті².

Алынған мәліметтердің анықтығын және оларды тексеру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін, заң шығарушы істің мән-жайын анықтауға негіз болатын дәлелдемелерді кім, қайдан және қандай жолмен ала алатынын белгілейді.

¹ Аубакирова А.А. Допустимость доказательств в уголовном процессе Республики Казахстан // Вестник ЮУрГУ. Серия «Право». – 2014. – том 14, №3. – С.20.

² Назаренко, Ю. Н. Доказательства в уголовном процессе России и их признаки / Ю. Н. Назаренко // Юридический факт. – 2020. – № 120. – С. 106-107. – EDN RPGWQD.

Қылмыстық іс бойынша дәлелдемелердің анықтығы келесі жағдайлармен расталады:



Сонымен қатар ғалымдардың пайымдауынша, нақты дәлелдемені анық деп танығанға дейін және іс бойынша қолда бар дәлелдемелер жиынтығын белгілі бір процестік шешім қабылдау үшін жеткілікті деп атамайынша, ешқандай мәліметті дәлелдемелер деп атауға болмайды. Демек іс бойынша қабылданатын процестік шешімдерді негіздеу үшін оларды пайдалануға болмайды¹.

Дәлелдемелердің анықтық шектері іс бойынша бар дәлелдемелердің бүкіл жиынтығын салыстырғаннан және бағалағаннан кейін айқындалады.

Сондықтан аталған санаттағы істер бойынша анық дәлелдемелер – бірнеше дәлелдемелерді салыстыру, іс бойынша қолда бар дәлелдемелердің барлық жиынтығын бағалау арқылы анық көзден алынған дәлелдемелер болып табылады.

Мысалы, қайтарылатын активтердің орналасқан жері туралы ақпаратты алған кезде – оның мемлекеттік органдардың деректер базасынан немесе банк мекемелерінің серверлерінен және т.б. жерден алынғанын анықтау қажет. Оған қоса оларды бағалау және салыстыру кезінде, егер олар бір-бірін ішінара растайтын болса,

¹ Воскобойник И.О., Гайдышева М.Г. К вопросу о доказательствах и доказывании в уголовном процессе // Юридический вестник Самарского университета. 2021. Т. 7, № 2. С. 70–76. DOI: <https://doi.org/10.18287/2542-047X-2021-7-2-70-76>.

онда дәлелдемелерді анық деп санауға болады.

Өздеріңіз білетіндей, ресми халықаралық-құқықтық ынтымақтастықпен қатар, мысалы CARIN, ARIN-AP, ARIN-WCA және т.б. бейресми байланыс арналарын құқық қорғау органдары пайдаланады.

Мұндай бейресми арналар елдердің құқық қорғау органдарына жедел ақпарат алмасуға мүмкіндік береді. Бірақ іс жүзінде олар халықаралық құқықтық көмек сұраулары негізінде ресімделмейінше, басқаша айтқанда, ресми түрде белгіленген форматта берілмейінше дәлелдеме бола алмайды.

Жеткіліктілік – дәлелденуге жататын мән-жайлардың барлығы мен әрқайсысы туралы шындықты даусыз анықтайтын, іске қатысы бар, жол берілген және анық дәлелдемелерді қамтиды

Қылмыстық процесс теориясында алынған дәлелдемелерді істі шешу үшін жеткілікті деп түпкілікті тану – дәлелдеу шегіне қол жеткізілді, дәлелдеу нысанасына кіретін барлық мән-жайлар қажетті толықтықпен дәлелденді деген сенімді білдіреді¹.



¹ Белкин А.Р. Теория доказывания в уголовном судопроизводстве. – М.: Норма, 2005. – С.269.


ҚПК-нің 331-бабының бірінші бөлігіне сәйкес, сот талқылауында іс бойынша барлық дәлелдемелер тікелей зерттелуге жатады. Сот ҚПК-де көзделген жағдайларды қоспағанда, сотталушының, жәбірленушінің, куәлардың айғақтарын тыңдауға, сарапшылардың қорытындыларын жария етуге және зерттеуге, заттай дәлелдемелерді қарап-тексеруге, хаттамалар мен өзге де құжаттарды жария етуге, дәлелдемелерді зерттеу бойынша басқа да сот әрекеттерін жүргізуге тиіс.

ҚПК-нің 331-бабының үшінші бөлігіне сәйкес, соттың үкімі – тек сот отырысында зерттелген дәлелдемелерге, ал сот тергеуінің қысқартылған тәртібінде – тергеу мен анықтауды жүргізу кезінде алынған және сотта тараптар дауласпаған дәлелдемелерге ғана негізделуі мүмкін¹.

Конституцияның 77-бабы заңсыз тәсілмен алынған айғақтардың заңды күші болмайтынын көздейді. Ешкім өзінің жеке мойындауы негізінде ғана сотталуға тиіс емес².

Дәлелдемелердің жеткіліктілігі әрбір іс бойынша оның күрделілігі мен болған оқиғаның мән-жайын ескере отырып жеке бағаланатынын айта кету керек. Дәлелдеу процесінің қылмыстық сот ісін жүргізудегі табыстылығы – дәлелдемелерді олардың қасиеттеріне қарай бағалау нәтижелеріне байланысты болады.

Қылмыстық-процестік заңнамада жеткіліктілік критерийлері ерекшеленіп көрсетілмеген. Дегенмен, қылмыстық-процестік құқық теориясында бұл қасиеттің сандық және сапалық жағын айтуға болады³.



Дәлелдемелердің жеткіліктілік критерийі процестік шешім қабылдауға негіз болып табылатынын айтуға болады.

Мысалы, ҚПК-нің 203-бабының 1-бөлігіне сәйкес, адамның қылмыс жасағаны туралы күдікті растайтын оған қатысты **жеткілікті**

¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>

² Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_

³ Принцип достаточности как регулятор системы доказывания в уголовном процессе: монография / Н.М. Жуматай, под общей и научной редакцией В.В. Хан. – Астана, 2024. – С.123.

дәлелдемелер болған кезде прокурор, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы уәжді қаулы шығарады¹.

Сондықтан дәлелдемелердің жеткіліктілігі критерийлерін (шектерін) – активтерді қайтару туралы қылмыстық іс бойынша негізгі процессуалдық шешімдер қабылдауға негіз болатын, шындықты даусыз анықтайтын мән-жайлар деп тану керек деген қорытынды жасау қажет.

Оған қоса активтерді заңсыз сатып алуды және түсініксіз шығу тегін дәлелдеу процесінің табыстылығы – дәлелдемелердің қасиеттеріне негізделген зерттеу және бағалау нәтижелеріне байланысты.

Дәлелдеу шегін қылмыстық процестің белгілі бір кезеңдерінде дәлелдемелерді жинау, тексеру және бағалау үшін заң белгілейтін шектеулерден де көруге болмайды².

ҚПК-нің 122-бабының бірінші бөлігіне сәйкес, дәлелдемелерді жинау сотқа дейінгі тергеп-тексеру және сот талқылауы процесінде ҚПК-де көзделген процестік әрекеттерді жүргізу арқылы жүргізіледі. Дәлелдемелерді жинау оларды табуды, бекітуді және алып қоюды қамтиды.

¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K140000231>

² Доказательства и доказывание по уголовным делам: проблемы теории и правового регулирования / С.А. Шейфер. – М.: Норма: ИНФРА-М, 2012. – С.85.

Қылмыстық процесті жүргізетін орган процеске қатысушылардың өтінішхаттары немесе өз бастамасы бойынша өзінің іс жүргізуіндегі қылмыстық іс бойынша:



жауап алу немесе сарапшы не маман ретінде қорытынды беру үшін ҚПК-де белгіленген тәртіппен кез келген адамды шақыруға;

ҚПК-де көзделген процестік іс-әрекеттерді жүргізуге;

коммерциялық не заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді берудің және жария етудің ҚР-ның актілерінде белгіленген тәртібін сақтай отырып, жеке, заңды тұлғалардан және лауазымды адамдардан, сондай-ақ жедел-ізвестіру немесе қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын органдардан іс үшін маңызы бар құжаттар мен нәрселерді беруді талап етуге;

уәкілетті органдар мен лауазымды адамдардан ревизиялар мен тексерулер жүргізуді талап етуге **құқылы**.

Қылмыстық қудалау органы кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне ревизиялар мен тексерулер жүргізудің талап етілетіні туралы бір тәулік ішінде прокурорды хабардар етеді.

Бұл ретте сот өз бастамасымен дәлелдемелер жинауға құқылы емес¹.

ҚПК 123-бабының талабына сәйкес, нақты деректер процестік әрекеттердің хаттамаларында тіркелгеннен кейін ғана дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Бұл орайда сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында хаттамаларды жүргізу жауаптылығы анықтаушыға, тергеушіге және прокурорға, ал сотта – сот отырысына төрағалық етуші мен хатшыға жүктеледі.

¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>

Тергеу және сот әрекеттеріне қатысушыларға, сондай-ақ сот талқылауындағы тараптарға келесі **құқық** берілуі тиіс:



осы әрекеттердің барысы мен нәтижелері тіркелген хаттамалармен танысу

хаттамаларға толықтырулар мен түзетулер енгізу

осы әрекетті жүргізу тәртібі мен шарттары жөнінде ескертулер мен қарсылықтар айту

хаттамадағы жазбаларға өз редакциясын ұсыну

анықтаушының, тергеушінің, прокурордың немесе соттың назарын іс үшін маңызы болуы мүмкін мәңжайларға аудару

Ауызша айтылған толықтырулар, түзетулер, ескертулер, қарсылықтар, өтінішхаттар мен шағымдар хаттамаға енгізіледі, ал жазбаша нысанда баяндалғандары хаттамаға қоса беріледі. Сызып тасталған немесе кіріктіріліп жазылған сөздер немесе басқа да түзетулер туралы хаттама соңында қойылған қолдар алдында ескертпе жасалады.

Дәлелдемелерді бекіту үшін хаттамалар жасаумен қатар дыбыс-, бейнежазба, кино-, фототүсіру, бедерлер, баспа-таңбалар, жоспарлар, схемалар дайындау және ақпаратты түсіріп алудың басқа да тәсілдері қолданылуы мүмкін.

Сонымен қатар, көрсетілген дәлелдемелер хаттамаға қоса беріледі, әрбір қосымшада оған қатысты тергеу немесе сот әрекетінің атауы, орны, күні көрсетілген түсіндірме жазба болуға тиіс. Бұл жазбаны іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында – прокурор, анықтаушы немесе тергеуші және қажет болған жағдайларда, куәгерлер, ал сотта сот отырысының төрағалық етушісі мен хатшысы өз қолдарымен куәландырады¹.

¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>

Тергеу әрекетіне немесе сот талқылауына қатысушының дәлелдемелерді бекітудің көрсетілген тәсілдерін қолданғаны туралы пайдаланылған ғылыми-техникалық құралдардың техникалық сипаттамалары келтіріле отырып, тиісінше тергеу әрекетінің хаттамасында немесе сот отырысының хаттамасында белгі жасалады.

Сонымен Іс бойынша жиналған дәлелдемелер жан-жақты және объективті зерттелуге жатады. Зерттеу алынған дәлелдемені **талдауды**, оны басқа дәлелдемелермен **салыстыруды**, оларды тексеру үшін қосымша дәлелдемелер **жинауды**, дәлелдемелер алу көздерін **тексеруді** қамтиды (ҚПК-нің 124-бабы).

Қылмыстық процесті жүргізетін орган қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді бағалау кезінде Конституцияда және ҚПК-нің нормаларында белгіленген қағидаттарды қатаң сақтауға **міндетті**.

«Қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді бағалаудың кейбір мәселелері туралы» 2006 жылғы 20 сәуірдегі №4 ЖСНҚ-ның 2-тармағына сәйкес, қылмыстық істің дұрыс шешілуі күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, жәбірленушінің, куәнің, қорғауға құқығы бар куәнің айғақтарымен, сарапшының қорытындысымен, заттай дәлелдемелермен, іс жүргізу әрекеттерінің хаттамаларымен және өзге де құжаттармен анықталған іс жүзіндегі деректерге ғана негізделуі тиіс¹.

¹ Қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді бағалаудың кейбір мәселелері туралы. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 20 сәуірдегі №4 Нормативтік қаулысы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P06000004S_

Активтерді қайтару туралы істері бойынша дәлелдеу процесінің негізгі аспектілеріне назар аудару қажет:

1. Предикаттық қылмысты анықтаудың қиындығы



Ақшаны заңдастыру әрдайым дерлік сыбайлас жемқорлық, есірткінің заңсыз айналымы, қару-жарақ, алаяқтық және т.б. сияқты предикаттық қылмыстармен байланысты. Бұл предикаттық қылмыс заңсыз табыс көзін анықтау үшін дәлелденуі керек.

Заңдастырылған активтің қылмыстық шығу тегі бар екені тергеу барысында дәлелденуі керек. Бұл предикаттық қылмыстар туралы мәліметтерді мұқият талдауды және салыстыруды талап етеді.

2. Жанама дәлелдемелерді пайдалану



Қылмыскерлер ақшаның шығу тегін жасыру үшін жиі күрделі схемаларды, соның ішінде қолдан жасалған фирмалар, оффшорлық шоттар және криптовалюталарды пайдаланады. Тікелей дәлелдемелерді (мысалы, айыпталушының мойындауы) алу қиын, сондықтан көбінесе жанама дәлелдемелерге сүйенуге тура келеді.

Қаржылық ағындарды зерттеуге, транзакциялардағы ауытқуларды, есеп берудегі сәйкессіздіктерді және басқа да күдікті қаржылық операцияларды анықтауға назар аударылады.

3. Пиғылды дәлелдеу



Айыпталушының қаражатты заңдастыру ниетін анықтау – дәлелдеудің маңызды бөлігі болып табылады. Бұл қылмыстық схемалардың күрделілігіне және қолдан жасалған адамдарды пайдалануға байланысты қиындауы мүмкін.

Пиғыл көбінесе айыпталушының мінез-құлқын, оның қаржылық операцияларын талдау, сондай-ақ сараптамалық қорытындылар арқылы дәлелденеді.

4. Халықаралық ынтымақтастық

Ақшаны жылыстату көбінесе халықаралық сипатқа ие. Бұл шетелде дәлелдемелерді жинауды талап етеді. Ол құқықтық көмек туралы сұрауларды, оффшорлық аймақтардағы транзакциялар туралы деректерді алуды және халықаралық ұйымдармен өзара әрекеттесуді қамтуы мүмкін.

Дәлелдемелерді жинау процесі ұлттық құқықтық жүйелер мен юрисдикциялардағы айырмашылықтарға қарай қиындауы мүмкін.

5. Сараптама қорытындыларын пайдалану

Ақшаны заңдастыруды дәлелдеу көбінесе күрделі қаржылық схемалар мен транзакцияларды талдау үшін, қаржылық сарапшыларды, аналитиктерді және басқа мамандарды тартуды талап етеді.

Сараптамалық қорытындылар мүліктің құнын бағалауға, ақша ағындарын талдауға, тәуекелдерді бағалауға және мәмілелердің заңдылығына қатысты болуы мүмкін.

6. Куәлік айғақтардың рөлі

Қылмыстық әрекеттер туралы ақпаратқа қол жеткізе алатын тұлғалардың (мысалы, бухгалтерлер, банк қызметкерлері) айғақтары дәлелдеуде шешуші рөл атқара алады.

Мұндай жағдайларда куәгерлерді қорғау қажеттілігі жиі туындайды, өйткені оларға қауіп төнуі мүмкін.

7. Цифрлық дәлелдемелерді пайдалану

Банктік транзакциялар жазбасы, электрондық поштадағы хат алмасулар, мессенджер хабарламасы және онлайн-банкинг жүйелеріне кіру деректері сияқты электрондық дәлелдемелер маңызды рөл атқарады.

Бұл дәлелдемелерді түпнұсқалығы мен жол берілетіндігіне қойылатын барлық талаптарды сақтай отырып, жинау және сотта ұсынуды қамтамасыз ету маңызды.

Сондықтан ақшаны жылыстатуды дәлелдеу – жанама дәлелдемелермен, күрделі қаржылық схемалармен және халықаралық ынтымақтастықпен мұқият жұмыс істеуді талап етеді. Осы санаттағы істер бойынша сот-экономикалық сараптамалардың, транзакцияларды талдаудың және айыпталушының мінез-құлық факторларының рөлі ерекше маңызды. Сонымен қатар оларды сәтті тергеп-тексеру, көбінесе, құқық қорғау органдарының шетелдік құқық қорғау органдарымен өзара әрекеттесу қабілетіне байланысты болып табылады.

2.3. Құқық қолдану тәжірибесі

Аталған санаттағы қылмыстық істер бойынша сот ісін жүргізу сатысында қиындықтардың бар екенін құқық қолдану тәжірибесін талдау көрсетті.

Осылайша соңғы жылдары соттар көбінесе адамдардың қылмыс жасау нәтижесінде алынған қаражатпен жасаған қаржылық операцияларын немесе мәмілелерін қылмыстық активтерді заңдастыру ретінде емес, қылмыстық әрекетті жасырудың жолы ретінде немесе қылмыстық табысқа билік ету тәсілі ретінде қарастырды.

Оның салдарынан соттардың ақтау үкімін шығарудан қауіптенген құқық қорғау органдары бұл санаттағы қылмыстық істерді сотқа сирек жіберуде.

Айыптау үкімі шығарылған істердің көпшілігі ерекше сот тәртібімен қаралады.

Сот талқылауының жалпы тәртібі бойынша соттар көп жағдайда сотталушыларды ақшаны жылыстату бөлігінде ақтайды.

Олардың көпшілігі – процестік келісім жасалған айыпталушылар болып саналады

Алайда сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде және айыптау актісіндегі қылмыстық әрекетті сипаттауда жіберілген қателіктердің салдарынан мұндай ақтау үкімдері шығарылады. Бірақ жасалған қылмыстық әрекетте ақшаны заңдастыру құрамы көзделеді.

Сот тәжірибесі көрсеткендей, айыптау актісінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру мен предикаттық қылмыс арасындағы байланыс сипатталмайды. Ал қылмыстық іс материалдарында қылмыстық жолмен алынған кірістерді алу фактісін растайтын дәлелдемелер жоқ.

Әдетте істердің талданған санаты бойынша заңдастыру нысанасы – қылмыс жасалғанға дейін сатып алынған, айыпталушыға тиесілі жылжымайтын немесе жылжымалы мүлік болып табылады.

Кейде қылмыстық істер материалдарында қылмыстық жолмен алынған қаражаттармен жасалған мәмілелер туралы, сондай-ақ айыпталушының қылмыстық жолмен алынған ақшадан қаражатты иеленуіне заңдылық беру үшін нақты қандай әрекеттер жасағаны туралы деректер жоқ.

1-М нысанды есепке сәйкес, 2 жыл ішінде ҚК-нің 218-бабы бойынша **134** қылмыстық құқық бұзушылық (2022 ж. – 78, 2023 ж. – 73) Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының іс жүргізуінде болды. Оның ішінде СДТБТ-ге **99** (2022 ж. – 45, 2023 ж. – 54) қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген, оның сотқа жіберілгені – **91** (2022 ж. – 50, 2023 ж. – 41) қылмыстық істер. Ақтау негіздері бойынша – **30** (2022 ж. – 20, 2023 ж. – 10), ақталмайтын негіздер бойынша – **2** (2022 ж. – 1, 2023 ж. – 1) іс тоқтатылды.

Сонымен бірге, 10,11,12 нысанды сот есебінде 2 жыл ішінде ҚК-нің 218-бабы бойынша **5** (2022 ж. – 4 сотталған, 2023 ж. – 1) адам сотталған.

Сотқа жіберілген қылмыстық істерді егжей-тегжейлі талдау (**91**) 10,11,12 нысанды есепте аталған санаттағы істер бойынша барлық статистикалық деректер көрсетілмейтінін көрсетті.

Мәселен, 2 жыл ішінде сот аталған бап бойынша **39** қылмыстық істі (46 адамға қатысты) қарап, оның ішінде **24** айыптау үкімін (29 адам), **10** ақтау үкімін (11 адам) шығарды. Прокурор **1** істі (1 адам) тоқтатып, **4** іс бойынша (5 адам) айыптаудан бас тартты (1-суретті қараңыз).


1-сурет. 2022-2023 жылдар аралығындағы ҚК-нің 218-бабы бойынша статистикалық мәліметтердің.



Бас Прокурордың 2018 жылғы 16 ақпандағы №23 бұйрығымен бекітілген «Сот актілері шығарылған адамдардың саны» №10, «Құқық бұзушылық жасаған сотталғандардың құрамы туралы» №11

және «Кәмелетке толмағандарды соттау туралы» №12 нысанды есептердің қалыптастыру жөніндегі нұсқаулықтың 19-тармағына сәйкес¹, негізгі қылмыстық іс бойынша жиынтықта тергеп-тексерілген қылмыстық істердің деректері көрсетіледі.

ФАТФ-тың №33 ұсынымына сәйкес, елдер өздерінің АЖ/ТҚҚ жүйелерінің тиімділігі мен нәтижелігіне қатысты мәселелер бойынша жан-жақты статистиканы жүргізуі керек².



Сонымен қатар 2023 жылғы өзара бағалау нәтижелері бойынша сарапшылар қылмыстық процестің жекелеген кезеңдерінде, соның ішінде ақшаны жылыстатуды анықтау, тергеп-тексеру және құдалау, сондай-ақ тәркілеу және қамтамасыз ету шараларын қолдану бойынша статистиканы жүргізу **жан-жақты еместігін** атап өтті³.

Дегенмен халықаралық шарттардың, оның ішінде ФАТФ стандарттарының талаптарын сақтау БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 2005 жылғы 29 шілдедегі №1617 қарарына сәйкес. БҰҰ-ға мүше кез келген ел үшін міндетті болып табылады.

ЕАТ сарапшылары Қазақстан Республикасы заңнамасының жекелеген нормаларының ФАТФ ұсынымдарына сәйкес келмеуіне алаңдаушылық білдірді.

¹ 19-тармақ. «Баптар» 51-54 реквизиттерін толтыру. 51 реквизитте «Есепке алу баптары» ҚК-нің баптарына сәйкес адам сотталған немесе сот қылмыстық құдалауды тоқтатқан баптарына сәйкес толтырылады. Алайда ҚК-нің әртүрлі баптары бойынша бірнеше эпизодтар болса, ақпарат ең ауыр бапқа немесе ең жоғары ауыр жазаға немесе қылмыстық істің негізгі санына сәйкес толтырылады.

² Рекомендации ФАТФ, февраль 2023 г. https://eurasiangroup.org/files/uploads/files/other_docs/FATF%20docs/rekomendacii-fatf-2019.pdf

³ 2023 жылғы Қазақстан Республикасын өзара бағалау есебі. <https://eurasiangroup.org/ru/mutual-evaluation-report-of-the-republic-of-kazakhstan-has-been-published-on-the-eag-website>

Мысалы, «Соттардың экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылық істер бойынша заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» 2020 жылғы 24 қаңтардағы №3 ЖСНҚ-ның 19-тармағында соттар ҚК-нің 218-бабына қатысты қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру (жылыстату) деп қылмыстық құқық бұзушылық жасау арқылы алынған ақшаға немесе өзге **мүлікке кез келген билік етуді емес**, тек қылмыстық құқық бұзушылықтардан түскен кірістерді білдіретін мүлікті **конверсиялау немесе аудару түрінде** мәмілелер жасасу арқылы **заңды айналымға тарту** не мұндай мүлікті **иелену және пайдалану**, егер мұндай мүліктің қылмыстық құқық бұзушылықтардан түскен кірістер болып табылатыны белгілі болса, оның шынайы сипатын, көзін, орналасқан жерін, оған билік ету, оны ауыстыру тәсілін, мүлікке құқықтарды немесе оның тиесілігін **жасыру** немесе **жасырып қалу**, сол сияқты қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыруға делдалдық ету деп түсінуі керек.

Бұл ретте соттар «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» 2003 жылғы 11 шілдедегі №8 ЖСНҚ-ның 3-тармағында қамтылған кінәлі адамның өзі заңсыз иелікке түскен бөтеннің мүлкіне қалауы бойынша билік етуі (сатуы немесе басқа адамдарға тегін беруі, бүлдіруі, бөлшектеуі, жоюы және т.б.) қылмыстық құқықтық бұзушылықтың жеке құрамын **құрамайды** және қосымша саралауды **қажет етпейді** деген түсіндірмелерді басшылыққа алуы қажет.

№3 ЖСНҚ 19-тармағының мәнінен иемденген жымқырған (ұрлық, алаяқтық, мал ұрлау, тонау, қарақшылық және т.б.) және заңсыз иемденген мүлікті конверсия немесе аудару түріндегі мәмілелер арқылы заңды айналымға тартқан тұлға тек **жымқыруға қатысты ҚК-нің тиісті бабы бойынша ғана** қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

Мүлікті жымқыру және ұрланған мүлікті кейіннен заңдастыру (жылыстату) қылмыстық құқық бұзушылықтардың **жеке құрамын құрайды**, сондықтан ҚК-нің нормасына №3 ЖСНҚ сәйкес келмейді.

Мысалы ҚК-нің 4-бабына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау, яғни ҚК-де көзделген қылмыс не қылмыстық теріс қылық **құрамының барлық белгілері** бар іс-әрекеттер қылмыстық жауаптылықтың бірден-бір негізі болып табылады. ҚК-нің 13-бабы 1-бөлігі ҚК-нің **түрлі баптарында немесе баптарының бөліктерінде** көзделген, адам солардың бірде-біреуі үшін сотталмаған немесе заңмен белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылмаған **екі немесе одан да көп іс-әрекетті** жасау, қылмыстық құқық бұзушылықтардың **жиынтығы** деп танылады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы кезінде адам, егер осы іс-әрекеттердің белгілері ҚК-нің бір бабының немесе бабының бір бөлігінің неғұрлым қатаң жазаны көздейтін нормасында қамтылмаған болса, **әрбір жасалған іс-әрекет үшін** ҚК-нің тиісті бабы немесе бабының бөлігі бойынша қылмыстық жауаптылықта болады (ҚК-нің 13-бабы 1-бөлігі).

Ақшаны не мүлікті ұрлауға және оны заңдастыруға байланысты әрекеттер ҚК-нің әртүрлі баптарының белгілеріне сәйкес келетінін ескере отырып, олар қылмыстық құқық бұзушылықтардың **жиынтығы ретінде** қарастырылуы тиіс.

Осыған ұқсас адамның есірткі, психотроптық заттарды, олардың аналогтарын өткізуге бағытталған әрекеттерді жасайтын, кейіннен алынған қаражатты заңды айналымға тартатын жағдайды модельдеуге болады. Мұндай адам ҚК-нің 218 және 297-баптары бойынша қылмыстық **жауаптылыққа** тартылады.

Өз кезегінде қолданыстағы №3 ЖСНҚ заңсыз иемденілген мүлікті ұрлауды және кейіннен заңдастыруды қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы ретінде қарастыруға мүмкіндік бермейді.

Біздің ойымызша, күшін жойған «Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» 2004 жылғы 18 маусымдағы №2 ЖСНҚ **ҚК-нің нормаларына сәйкес келетін ережені қамтыды**. Оған сәйкес, көрінеу заңсыз жолмен табылған ақшалай қаражатты немесе өзге де мүлікті бір мезгілде иемденген және заңдастырған жағдайда, кінәлі адам **қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы бойынша** – ҚК-нің 218-бабы және осы қаражатты немесе мүлікті заңсыз иемденгені үшін жауаптылықты көздейтін қылмыстық заңның тиісті нормасы бойынша қылмыстық жауаптылықты көтеруге тиіс.

Көтерілген мәселелерді заңгер ғалымдар қаржылық тергеп-тексерулер институтының теориялық аспектілерін талқылағанда қозғады¹.

Сот тәжірибесін талдау ҚК-нің 218-бабы бойынша ақтаудың негізгі себептері (оның ішінде айыптаудан бас тарту) келесі мән-жайлар екенін көрсетті:

- артық айып тағу (№3 ЖСНҚ 19-тармағы);
- қылмыс құрамының болмауы (тәркілеу, дәлелдемелердің жоқтығы);
- мүліктің қылмыстық шығу тегі жоқ.

Бұл ретте ҚК-нің нормаларын екіұшты түсіндіру бар, соның салдарынан даулы сот шешімдері қабылданады.

¹ Теоретические аспекты института финансовых расследований в Казахстане: Монография / [К.М. Сердалинов, Д.Д. Сулеймен, Т.А. Түсіп]. Под общ. ред. М.И. Шереметьева. – Косшы: Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, 2023. – С.40-43.

Мысалы, 2023 жылы сот үкімімен ҚК-нің 190-бабы 4-бөлігінің 3-тармағы бойынша аз. К. мүлкі тәркіленіп, 6 жылға бас бостандығынан айыру жазасына сотталған, ҚК-нің 218-бабы бойынша ақталды.

1 сатыдағы сот 20 000 000 теңге тұратын пәтерді сатып алу фактісін сот өз қалауы бойынша қылмыстық жолмен алынған қаражатқа билік ету деп санап, жоғарыда айтылғандай, ЖСНҚ-ға сәйкес, жеке құрамды құрамайды және қосымша саралауды қажет етпейді деген қорытынды жасады.

Басқа мысалда 2023 жылы сот үкімімен аз. Е. және Э., ҚК-нің 218-бабының 1-бөлігі және 188-баптың 4-бөлігі 2-тармағы бойынша 6 және 4 жылға бас бостандығынан айыруға сотталған.

Сот аз. Е. және Э. адамдар тобында алдын ала сөз байласусыз, жеке баю мақсатында пәтер сатып алу бойынша мәмілелерді өз бетінше жасаған деген шешімге келген.

Бұл мысалдар судьялардың ұқсас жағдайларда әртүрлі қарама-қарсы шешімдер қабылдайтынын көрсетеді. Яғни судьялар ҚК-нің нормаларын емес, ЖСНҚ нормаларын басшылыққа алады.

Бұл жағдайлардың **иерархиялық коллизия** екенін мойындау керек.

Осылайша «Құқықтық актілер туралы» ҚРЗ-ның 1-бабы 11-тармағына сәйкес, **кодекс** – біртектес аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін **құқық нормалары** біріктірілген және жүйеге келтірілген заң болып табылады.

Құқық нормасы – реттелетін қоғамдық қатынастар шеңберінде көп мәрте қолдануға арналған, жеке-дара айқындалмаған тұлғалар тобына қолданылатын, тұрақты немесе уақытша сипаттағы **жалпыға міндетті мінез-құлық қағидасы** (ҚРЗ-ның 1-бабы 18-тармағы).

Құқықтық акт – **құқық нормасын** қамтитын, республикалық референдумда қабылданған немесе уәкілетті орган қабылдаған, белгіленген нысандағы жазбаша ресми құжат не жеке билік ететін құқықтық нұсқаманы қамтитын, заңда белгіленген нысандағы шешім (ҚРЗ-ның 1-бабы 19-тармағы).

Осы ҚРЗ-ның 5-бабы 3-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысында сот практикасы мәселелері бойынша түсіндірмелер қамтылады¹.

Г.Ж. Сүлейменованың пікірінше, Жоғарғы Сот нормативтік құқықтық актілерді жасаумен жұмыс істегенде, оның сот тәжірибесін түсіндірудегі қызметі болғандықтан, кең таралған немесе шектеуші түсіндіруді қолдана отырып, жаңа құқықтық нормаларды жасаудан аулақ болуы керек. Ол заң шығарушылық сипатта **болмауы керек**, яғни, сот заң шығарушыны алмастырмауы керек.

Осындай жаңа нормаларды құру кезінде Жоғарғы Сот белгілі бір құқықтық нормалар туралы өз түсінігін ұсына отырып, сол

¹ Құқықтық актілер туралы. Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480>

арқылы құқық қорғау органдары үшін шатастыруды тудыртады. Олар нормативтік қаулы нормасын не заң нормасын басшылыққа ала ма деген мәселені шешуі керек¹.

Профессор А.Н. Ахпанов ҚПК-ға, дәлелдеу құқығының жалпы теориясына кейбір ЖСНҚ қайшылықтар келтіреді деген пікір білдірді. Бұл олқылықтар құқық қолдану тәжірибесіне теріс әсер етеді. Өйткені соттар көбінесе заңның бұл түсіндірмелерін сөзбе-сөз түсінеді немесе үкім шығару не шешім шығару кезінде оларды басшылыққа ала отырып, оларды кеңінен түсіндіреді².

Ғ.С. Сапарғалиев осы мәселе бойынша Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын Конституцияның 81-бабына сілтеме жасай отырып, Жоғарғы Сот сот тәжірибесі мәселелері бойынша түсініктеме береді деп көрсетілген нормативтік құқықтық **актілерге жатқызуға болмайды** деп есептейді. Оған қоса «Нормативтік құқықтық актілер туралы» ҚРЗ 4-бабында («Құқықтық актілер туралы» ҚРЗ 10-бабының 5-тармағы) Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларына сәйкес нормативтік құқықтық актілер иерархиясында орын белгіленбегендігін айтады.

Сонымен, Конституцияның 4-бабын талдай отырып, ол қолданыстағы құқықтың қайнар көздерін үш топқа бөлуге болады деген қорытындыға келді: Конституция нормалары; нормативтік құқықтық актілер; Конституциялық Сот пен Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары. Дегенмен, ол Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары екінші топқа **кірмейтінін**, сондықтан олар нормативтік құқықтық актілерге **жатпайтынын** атап өтеді³.

Конституцияның 4-бабы 3-тармағына сәйкес, Республика ратификациялаған халықаралық шарттар оның заңдарынан басымдыққа ие.

Тиісінше, иерархия бойынша ҚК-нің 218-бабы Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысынан басымдыққа ие.

Ғалымдардың пікірінше, соттардың норма шығару қызметі **заңдарды ауыстыруды** және заң үстемдігінен ауытқуды білдірмеуі керек. Өйткені заңды Жоғарғы Сот немесе басқа орган өзгерте немесе толықтыра алмайды, бұл үшін құзырлы органдар бар⁴.

Осыған байланысты соттар істерді қарау кезінде, егер олар құқықтық актіде тиісті норманың жоқтығын анықтаған жағдайда ғана заң нормаларының шегінен шығады. Бұл ұстанымды Р.Н. Юрченко

¹ Сулейменова Г.Ж. Роль и значение нормативных постановлений Верховного суда РК // Судебная власть в Республике Казахстан: история и перспективы. Сб. научных статей. Караганда: КарГУ, 2003. – С.68-86.

² Ахпанов А.Н., Адилев С.А., Хан А.Л. Проблемы толкования норм доказательственного права в казахстанском уголовном процессе // Вестник Института законодательства и правовой информации РК. №2 (60) – 2020. – С.96

³ Сапарғалиев Ғ.С. Конституционное право Республики Казахстан: Академический курс. – Алматы, 2002. – С.405.

⁴ Карбеков К.С. Роль нормативных постановлений Верховного суда в уголовном судопроизводстве // KazNU Bulletin. Law series. №1 (77). 2016. – С.272-275.

қолдап, нормативтік қаулылар процестік заңнаманың **құқықтық нормаларының мәнін ашу**, заңда тиісті нормалардың **болмауына** байланысты мәселелерді реттеу мақсатында шығарылып жатқанын атап көрсетті¹.

Бұл ретте материалдық заң (ҚК) халықаралық шартпен жүзеге асырылатын норманы (ҚК-нің 218-бабы) көрсетеді. Бұл ретте қылмыстық кіріске билік ету бойынша ақшаны (мүлікті) заңдастыру белгісін жоққа шығаратын №3 ЖСНҚ-ның 19-тармағы ҚК-нің 218-бабына және осы конвенциялардың нормаларына қайшы келеді².

Осы санаттағы істер бойынша біркелкі құқық қолдану тәжірибесін қамтамасыз ету және Конституцияның 4-бабына қайшылықтарды жою, сондай-ақ ФАТФ ұсынымдарын орындау мақсатында, осы ұстаным мен ғалымдардың пікірін ескере отырып, №3 ЖСНҚ-ға өзгерістер енгізу қажет деп санаймыз.

Осы санаттағы істер бойынша сот-тергеу тәжірибесін талдау барысында атап өтілгендей, ақтаудың негізгі себептерінің бірі – мүліктің қылмыстық шығу тегі немесе предикаттық қылмыс пен қылмыстық жолмен, оның ішінде басқа негіздер бойынша алынған мүлік арасындағы байланыстың дәлелденбеуі болды.

ҚПК-нің 25-бабы 1-бөлігіне сәйкес, Судья, прокурор, тергеуші, анықтаушы дәлелдемелерді қаралған дәлелдемелердің жиынтығына негізделген өзінің ішкі сенімі бойынша бағалайды, бұл ретте ол заң мен ар-ожданدى басшылыққа алады.

Бұл ретте әрбір дәлелдеме – оның қатыстылығы, жол берілетіндігі, анықтығы, ал барлық жиналған дәлелдемелер өз жиынтығында қылмыстық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан бағалануға тиіс.

¹ Юрченко Р.Н. О юридической природе нормативных постановлений Верховного Суда Республики Казахстан и их практическом применении // Вестник Института законодательства Республики Казахстан. №4 (16). 2009. – С.25.

² Маханов Т.Г. Легализация (отмывание) денег или иного имущества, полученных преступным путем: вопросы правоприменения и назначения наказания // Вестник Академии правоохранительных органов. – 2024. - №3 (33). – С.59.

Талдау көрсеткендей, сотқа ұсынылған дәлелдемелер мен олардың жеткіліксіздігі туралы қорытындылар төмендегідей негізгі себептерді анықтауға мүмкіндік береді:

1. Тергеушілердің ЭЦҚ-да PDF-құжатына қол қою туралы ақпараттың болмауы, сондай-ақ СДТБТ-ге PDF-құжаттарын енгізу күнінің болмауы

Қылмыстық іс жүргізуді электронды форматта жүргізу жөніндегі нұсқаулықтың 4-тармағына сәйкес (Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 3 қаңтардағы №2 бұйрығымен бекітілген), электрондық сот ісін жүргізу сотқа дейінгі тергеп-тексеруді электрондық форматта, оның ішінде электрондық құжатты енгізу не лауазымды адам қабылдаған процестік шешімдер мен әрекеттер негізінде СДТБТ-ге PDF-құжатын енгізуді жүзеге асырудан тұрады.

Осы Нұсқаулықтың 11-тармағына сәйкес, бұрын қағаз жеткізгіште жасалған қылмыстық іс материалдарының құжаттары, қылмыстық істі электрондық форматта жүргізу туралы шешім қабылданғаннан кейін электрондық қылмыстық іске дереу, бірақ электрондық сот ісін жүргізу туралы қаулы шығарылғаннан кейін жиырма төрт сағаттан кешіктірілмей PDF-құжаттары түрінде енгізіледі.

Электрондық қылмыстық істе болған қылмыстық істің барлық сканерленген құжаттарында (PDF форматында) тергеушілердің электронды цифрлық қолтаңбасымен PDF-құжатына қол қойылғаны туралы ақпарат болмаған, сондай-ақ СДТБТ-ге PDF-құжаттарын енгізу күндері болған жоқ.

2. Зерттеуді жүргізу және маманға тапсыру туралы тергеушінің қаулысының болмауы

«Қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді бағалаудың кейбір мәселелері туралы» 2006 жылғы 20 сәуірдегі №4 ЖСНҚ-ның 16-тармағына сәйкес, өкілеттігі жоқ адамның тағайындауымен немесе қаулысыз жүргізілген сараптаманың нәтижесінде алынған сарапшының қорытындысы жарамды дәлелдеме деп таныла алмайды.

Маманның қорытындысында тергеушінің зерттеуге объектілерді ұсынбағаны анықталды.

Айта кету керек, ҚПК-нің 280-бабында сараптама объектілері қылмыстық іс материалдарындағы дәлелдемелер, құжаттар мен мәліметтер болуы мүмкін, олардың анықтылығы мен жол берілетіндігіне сараптаманы тағайындаған орган кепілдік береді.

ҚПК-нің 16-тарауында қылмыстық іс бойынша дәлелдемелерді анықтау, жинау және бекіту, олардың жол берілетіндігін, қатыстылығын және анықтылығын тексеру бойынша бірқатар талаптар айқындалған.

Үкімдерді зерделеу барысында маманның анықтылығына тергеуші кепілдік бере алатын объектілерді алмай, зерттеу

тағайындау туралы негізсіз және тергеушінің қаулысынсыз нақты деректерді өз бетінше жинағаны анықталды.

Ал ҚПК-нің 80-бабында көзделген талаптарға байланысты маманның зерттеу материалдарын өз бетінше жинауға құқығы жоқ.

Сонымен қатар, №4 ЖСНҚ-ның 16-тармағына сәйкес, сараптама тағайындаған органнан мөрленуі буылып-түйілуі, пломбалары, мөрлері бұзылып келген сараптамалық зерттеу объектісінің негізінде алынған сарапшының қорытындысы, сарапшының тұжырымдарының нанымдылығына әсер ететін бұзушылықтың мәні мен сипатына қарай, **жарамсыз** (жол берілмейтін) дәлелдеме деп танылуы мүмкін

3. СДТБТ-ге тіркелгенге дейін алынған нақты деректерді жол берілетін дәлелдеме ретінде танымау

Мысалы, қылмыстық іс 2023 жылдың 20 мамырында СДТБТ-ге тіркелді, ал маманның қорытындысы 2023 жылдың 19 мамырында жазылған.

№4 ЖСНҚ-ның 18-тармағына сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарламаны СДТБТ-ге тіркегенге дейін алынған нақты деректер жарамды дәлелдемелер ретінде **таныла алмайды**.

Осы мәселеге қатысты ғалымдар ҚПК-нің 179-бабы 1-бөлігіне сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздың, хабардың СДТБТ-ге тіркелуі не кезек күттірмейтін бірінші тергеу әрекеті сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы болып табылады деген пікір білдіреді. Сонымен бірге, заң СДТБТ-ге тіркелгенге дейін кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін үш күндік мерзімде жүргізуге (ҚПК-нің 179-бабы 4,5,6-бөліктері) немесе бір мезгілде тіркеу шараларын қабылдауға (ҚПК-нің 179-бабы 2-бөлігі) немесе СДТБТ-ге тіркеуді кейінге қалдыруға (ҚПК-нің 185-бабы 1-бөлігі) болатын жағдайларды қарастырады.

ҚПК-нің нормаларын Жоғарғы Соттың осындай таңдамалы түсіндіруі, яғни заңның толық мәтінінен оқшауланған ереже түсіндірілген кезде, құқықтық нормалардың иерархиясына қайшы келеді¹.

4. ҚПК-нің 117-бабы талаптарына маман қорытындысының сәйкес келмеуі

Қорытындыда мынадай мәліметтер болмаған:

- зерттеу жүргізілген мерзім мен орны;
- зерттеу жүргізген маман (тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса), білімі, мамандығы, мамандығы бойынша жұмыс өтілі, ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы, атқаратын лауазымы);

¹ Ахпанов А.Н., Адилев С.А., Хан А.Л. Проблемы толкования норм доказательственного права в казахстанском уголовном процессе // Вестник Института законодательства и правовой информации РК. №2 (60) – 2020. – С.96

- маманның көрінеу жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауаптылық жайында ескертілгені туралы оның қойған қолымен куәландырылған белгі;

- маманның алдына қойылған сұрақтар;

- зерттеу объектілері, олардың жай-күйі, қапталуы, мөрмен бекемделуі;

- қолданылған әдістер көрсетілген зерттеулердің мазмұны мен нәтижелері;

- жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін бағалау, маманның алдына қойылған мәселелер бойынша қорытындыларды негіздеу және тұжырымдау.

ҚПК-нің 283-бабына сәйкес, сарапшы қорытындысында пайдаланылған әдістемелерді, сарапшыға қойылған мәселелер бойынша қорытындылардың негіздемесі мен тұжырымын көрсете отырып, зерттеу нәтижелері көрсетілуі тиіс. Дегенмен, маманның қорытындысында ғылыми негіздеме, әдістердің сипаттамасы, қолданылатын алгоритмдер мен әдістерге сілтеме және басқа да негіздемелер болмаған. Зерттеу бөлігінде нақты объектілер мен олардағы нақты деректер көрсетілмеген.

Сонымен қатар, ҚПК-нің 277-бабының талабын ескеру қажет. Яғни, егер сараптама жүргізуді сот сараптамасы органының қызметкері болып табылмайтын адамға тапсыру көзделсе, қылмыстық процесті жүргізетін орган оны тағайындау туралы қаулы шығарылғанға дейін өзі сараптама жасауды тапсыруға ниеттенген адамның жеке басына көз жеткізуге және сарапшыға қарсылық білдіру үшін ҚПК-нің 93-бабында көзделген негіздердің бар-жоғын тексеруге тиіс.

5. Тергеушінің жедел уәкілге алуды жүргізу туралы тапсырмасының болмауы.

Қылмыстық іс материалдарында жедел уәкіл жасаған алу хаттамасы бар. Сот қылмыстық іс материалдарында тергеушінің жедел уәкілге алуды жүргізу туралы тапсырмасы болмағандықтан, алу хаттамасы мен алынған объектілер дәлелдемелер қатарынан алып тастауға жатады деп есептейді.

ҚПК-нің 254-бабының 1-бөлігіне сәйкес, тінту мен алуды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам уәжді қаулы бойынша жүргізеді. ҚПК-нің 125-бабының 4-бөлігіне сәйкес, егер дәлелдеме ҚПК-де белгіленген тәртіппен алынған болса, ол жол берілетін дәлелдеме деп танылады.

Осыған байланысты алу хаттамасы мен алынған объектілер дәлелдемелер қатарынан алып тастауға жатады, **өйткені олар жол берілмейтін дәлелдемелер болып табылады.**

6. Заттай дәлелдеме деп тану және қылмыстық іс материалдарына қоса тіркеу туралы қаулыны заңсыз деп тану.

Цифрлық ақпаратты қайта жазу хаттамасына сәйкес, тергеуші С. дербес компьютерді пайдалана отырып, «ААА» ЖШС-де алуды жүргізу кезінде алынған файлдарды қайта жазды. Қайта жазу конвертке салынған таза DVD-R дискісіне жасалды. Сандық ақпаратты қайта жазу протоколында DVD-R дискісіне қайта жазу қай жерден және қай көзден (тасымалдаушыдан) жасалғаны туралы ақпарат жоқ. Демек, нақты деректердің бастапқы көзі жоқ. Сондай-ақ, мұндай нақты деректерді тергеуші С. кімнен және қашан алғаны туралы мәліметтер жоқ.

Заттарды, бұйымдарды және құжаттарды қарап-тексеру хаттамасына сәйкес, тергеуші С. «ААА» ЖШС-ның 1С Бухгалтерлік базасы бар DVD-R дискіні тексереді. Бұл ретте тергеуші С. Алуды жүргізу кезінде алынған заттарды емес, қайта жазылған ақпаратты қамтитын дискіні тексереді. Қайта жазу хаттамасы сағат 14.30-да басталып, 14 сағат. 45 минут аралығында жасалды, қарап-тексеру хаттамасы 14:45-те басталды.

ҚПК-нің 220 және 221-баптарына сәйкес, табылған іздерді және өзге де материалдық объектілерді қарап-тексеру тергеу әрекеті жүргізілетін жерде жүзеге асырылады. Егер қарап-тексеруге ұзақ уақыт талап етілсе немесе қылмыс анықталған жерде қарап-тексеру елеулі түрде қиын болса, объектілер ол жерден алынып, қапталып, мөрленіп және бүлдірілмей, қарап-тексеруге ыңғайлы басқа жерге жеткізілуге тиіс.

Іс материалдарында заттай дәлелдеме деп тану және қылмыстық іс материалдарына қоса тіркеу туралы қаулы бар. ҚПК-нің 221-бабына сәйкес, табылған заттар ҚПК-нің 220-бабының қағидаларына сәйкес қарап-тексеруге жатады. Көрсетілген нәрселер қарап-тексерілгеннен кейін ҚПК-нің 118-бабының қағидаларына сәйкес заттай дәлелдемелер деп танылуы мүмкін. Алайда, алуды жүргізу кезінде алынған объект қарап-тексерілмеген.

Осыған байланысты алу хаттамасы; цифрлық ақпаратты қайта жазу хаттамасы; заттарды, бұйымдарды және құжаттарды қарап-тексеру хаттамасы; дәлел ретінде тіркелген DVD-R дискісі **жол берілмейтін деп тануға** және дәлелдемелер қатарынан **шығаруға жатады.**

7. Зерттеу жүргізуге өкілеттігі жоқ адамның зерттеу жүргізуі.

Қылмыстық іс материалдарында «ВВВ» аудит компаниясы» ЖШС-ның маманы, аудитор Н. жасаған аудиторлық есептер бар. Ол сотта объектілерді зерттемегенін көрсетіп, бұл мәселемен аз. Р. айналысқандығын айтты. Өз кезегінде аз. Р. сотта аудиторлық есепті дайындаумен өзі айналысқанын растады. Талданған аудиторлық

есепте аз. Р-ға ешқандай сілтемелер жасалмаған. Ал оның зерттеу жүргізуге құқығы болмады.

Сондықтан аудиторлық есептер **дәлелдеме ретінде жол берілмейтін** (жарамсыз) деп танылады.

Сонымен қатар сот-тергеу тәжірибесін зерделеу барысында, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының нақты қылмыс жасау нәтижесінде айыпталған қылмыстық мүлікті сатып алу фактісін растайтын дәлелдемелерді ұсынбағанын көрсетті.

2023 жылғы сот үкіміне сәйкес, аз. Н. ҚК-нің 190-бабы 4-бөлігінің 2) тармағы және ҚК-нің 189-бабы 4-бөлігінің 2) тармағында көзделген қылмыстарды жасағаны үшін кінәлі деп танылып, ал, ҚК-нің 218-бабы 1-бөлігі бойынша оның осы қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға қатысқаны дәлелденбегені үшін кінәсіз деп танылып, ақталған.

Сотталушы Н. мен «Отбасы Банк» АҚ арасында 15 444 000 теңге сомасында банктік несие шарты, сондай-ақ соған сәйкес аз. Н. өзінің жинақ шотына 7 722 500 теңге көлемінде қаражат салған тұрғын үй құрылысы жинақтарының кепіл шарты жасалғанын сот анықтады.

Сотталушы Н. және «ВВВ» ЖШС атынан аз. Д. тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы бұрынғы келісім негізінде тұрғын үйдегі үлесті беру туралы шарт жасады. Келісім бойынша бір бөлмелі пәтер түріндегі үлес 15 444 000 теңгеге бағаланып, аз. Н.-ға банктен алған қарыз есебінен берілген.

Одан әрі сотталушы Н. жоғарыда аталған пәтерді аз. А.-ға 21 000 000 теңгеге сатты. Маманның 09.03.2023 жылғы №123 қорытындысы бойынша Н.-нің жылжымайтын мүлікті сатып алу сомасы 15 444 000 теңгені, жылжымайтын мүлікті сату сомасы 21 000 000 теңгені құрады, сатудан түскен табыс айырмасы 5 556 000 теңгені құрады.

Бұл ретте сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы қаражаттың ұрланған ақша қаражаты болып табылатынын куәландыратын дәлелдемелерді алмаған және сотқа ұсынбаған.

Қылмыстық қудалау органы бұл ақша сомасы Н.-ның өмір бойы жинаған жеке жинақтары деген дәлелін жоққа шығаратын дәлелдемелерді жинамаған. Істе бар банк құжаттары, келісім-шарттар, қатысушылардың пәтерге қатысты мәліметтері мен айғақтары қатысушылар жоққа шығармайтын азаматтық-құқықтық мәмілелер фактісін ғана растайды. Бұл мән-жайлар ҚПК-нің 19-бабының талаптарына сәйкес, айыптау үкімі болжамдарға негізделе алмайды және ол жол берілетін және анық дәлелдемелердің жеткілікті жиынтығымен расталуға тиіс болатын кінәсіздік презумпциясына байланысты ҚК-нің 218-бабы 1-бөлігінде көзделген қылмысты жасаудың бұлтартпас дәлелі бола алмайды.

Сот талқылауының қорытындысы бойынша қылмыстық жолмен алынған ақшаны жылыстатуға қатысты эпизод бойынша ұсынылған барлық дәлелдемелерді салыстырып және бағалап, сотталушының пайдасына шешілмеген күмәнді түсіндіре отырып, сот ҚК-нің 218-бабы 1-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасаудағы Н.-ның кінәсі дәлелденбеген деген қорытындыға келеді. Осыған байланысты ол осы бап бойынша өзіне тағылған айып бойынша ақталуға жатады.

Көрсетілгендермен қатар сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында алынған және сотта алаяқтық, сеніп тапсырылған мүлікті иемдену эпизодтарына қатысты зерттелген қалған дәлелдемелер дәйекті, егжей-тегжейлі сипатта болады және олардың анықтығына күмән тудырмайды, олар жеткілікті және сотталушылардың қылмыс жасаудағы кінәсін растайды.

Мазмұндалғанды ескере отырып, ҚК-нің 218-бабы бойынша қылмыстық істерді тергеп-тексеру кезінде келесі жайттарға **назар аудару** қажет:



PDF-құжаттарын ЭЦҚ-мен қол қойып, содан кейін ғана оларды СДТБТ-ге енгізу

мамандардың жоғары сапалы зерттеуін, оның ішінде ҚПК-нің 117-бабының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету

өкілеттігі бар адамның зерттеу жүргізуі керек

СДТБТ-ге тіркелмес бұрын нақты деректердің алынуын қамтамасыз ету

тергеушінің жедел уәкілге тергеу әрекеттерін жүргізу туралы тапсырмасын қамтамасыз ету

ҚПК-де белгіленген тәртіпте заттай дәлелдемелерді алу (заттай дәлелдеме деп тану және қылмыстық іс материалдарына қосу туралы қаулы)

Егер сот отырысында предикаттық қылмыс жасау фактісін дәлелдеу мүмкін болмаса, онда заңдастыруға қатысты айыптау бөлігінде адам да ақталуға жатады. Өйткені заңдастыру бойынша

қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін мүлікті немесе қаражатты қылмыстық жолмен алу фактісін анықтау қажет¹.

Құқық қолдану тәжірибесін талдай отырып, ғалымдар мен практиктердің пікірлерін ескере отырып, активтерді қайтару бойынша қылмыстық істі шешуге жеткілікті дәлелдемелердің тізбесін белгілеу іс жүзінде мүмкін емес деген қорытынды жасауға болады. Өйткені осы санаттағы істер үшін қатысты дәлелдемелер аз не көп жиналуы мүмкін және ол бағалау сипатын көздейді.

ҚПК-нің 25 және 125-баптарының талаптарына сәйкес, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам дәлелдемелерді заң мен ар-ожданدى басшылыққа ала отырып, дәлелдемелерді жиынтығымен жан-жақты, толық және объективті қарауға негізделген өздерінің ішкі сенімі бойынша бағалайды.

Активтердің шығу тегі мен айыпталған әрекетпен байланысының қылмыстылығын анықтайтын дәлелдемелік базаның жеткіліксіздігі материалдық және қаржылық ресурстарды, оның ішінде шетелдік юрисдикцияларға заңсыз шығарылған активтерді қайтаруға кедергі келтіретін негізгі себептердің бірі болып табылады.

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін келесіні **дәлелдеу қажет:**



заңдастыру (жылыстату) пәні болып табылатын мүлікті алу фактісі

қаржылық операцияларды немесе басқа да мәмілелерді жасау кезінде субъектінің ақша қаражатын не өзге де мүлікті иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге заңды түр беру мақсатын көздеу

Жоғарыда аталған шарттардың кез келгенінің бар екендігі туралы дәлелдемелердің болмауы адамды қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру үшін қылмыстық жауапкершілікке тартуға ікеп соқпайды.

¹ Особенности доказывания преступлений, связанных с легализацией (отмыванием) доходов, полученных преступным путем: монография / О.Н. Тисен; МУМЦФМ. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2022. – С.221.

Осыған байланысты қылмыстық кірістерді заңдастыру деп тану үшін **мынаны дәлелдеу қажет:**



жалған қарыз шарттарын жасасу, оның ішінде медиациялық келісімдерді, нотариустардың жазуларын пайдалану арқылы

ақша ағынына заңдылық көрінісін беру үшін жалған келісімдер жасау

жалған шарттар бойынша, жалған негіздер бойынша ұрланған қаражатты бақылаудағы ұйымдардың шоттарына аудару

қылмыстық кірісті заңдастыру мақсатында арнайы құрылған «бір күндік» компанияларының шоттарына ұрланған қаражатты аудару

шоттар бойынша қаражаттың ойдан шығарылған қозғалысының және қаржылық-шаруашылық қызметтің көрінуі схемасын құру

ұрланған қаражатқа бақылаудағы адамдарға ресімделген ұйымдардың жарғылық капиталындағы үлестерді сатып алу

қылмыстық сатып алуы алаяқтық, бопсалау кезінде осы объектіге меншік құқығы туралы көрінеу жалған құжаттармен бүркемеленетін жылжымайтын мүлік объектісін сатып алу-сату

бөгде адамдар мен жалған меншік иелерінің қатысуымен ұрланған мүлікпен мәмілелер жасау

бақылаудағы адамдарға тіркелген жылжымалы және жылжымайтын мүлікті ұрланған қаражатқа сатып алу, оның ішінде оны иеленуге заңды түр беру мақсатында кейіннен қайта сату

заңдастырудың басқа жолдары

ҚК-нің 218-бабында көзделген қылмыстық әрекеттерді сипаттау кезінде ҚПК-нің 323-бабының тәртібімен қылмыстық істерді қайтаруды болдырмау үшін **мыналарға назар аудару қажет:**

айыптау актісінде қылмыстың жасалған күні, уақыты және орнын дұрыс көрсету

айыптау актісінде қылмыстың объективті және субъективті жағы белгілерінің болуы: айыптау мәні, қылмыс жасау тәсілдері, ниеті мен мақсаты, салдарларының және басқа да мән-жайлардың болуы

айыптау актісінде айыпталушының қаржылық операцияларды және басқа да мәмілелерді жасау мақсатын сипаттау: қылмыстық жолмен алынған ақша қаражаттары мен өзге де мүлікті иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге заңды түр беру

ҚК-нің 218-бабында көзделген қылмыс жасады деп айыптау актісінде предикаттық қылмыстың сипаттамасының болуы

айыптаудағы қылмыстың әрбір қатысушысының қылмыстық ниетті іске асырудағы рөлін, ол айыптаған құрамдарды ескере отырып нақтылау, қылмыс жасау кезінде нақты әрекеттерді көрсету

2.4. Шетелдік тәжірибе (дәлелдеу бойынша кейстер)



АҚШ

АҚШ-та қылмыстық ақшаны жылыстатуды дәлелдеу істің нақты фактілері мен мән-жайларына, сондай-ақ предикаттық қылмысқа байланысты.

Мысалы, АҚШ-тың заңнамасында қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстату үшін предикаттық қылмыстардың жеткілікті үлкен тізімі бар¹.

¹ 18 USC 1956: Laundering of monetary instruments, https://uscode.house.gov/view.xhtml?req=granuleid:USC-2000-title18-section1956&num=0&edition=2000#Ianalysis_4

Мысалы, АҚШ-тың Эрнандеске қарсы ісінде сотталушы Лазаро Эрнандес 2 жылға жуық уақыт бойы құны 230 миллион АҚШ долларынан асатын жалған, қолдан жасалған, соның ішінде АИТВ-ға қарсы препараттар бар қайта жіберілген дәрілерді тарату схемасына қатысқан.

Сотталушы мен оның сыбайластары бірнеше корпорацияның көмегімен алынған қаражатты жылыстатқан. Кейіннен Эрнандес ақшаны жылыстату үшін сәнді тауарларды, қымбат көліктерді және басқа да көліктерді сатып алды.

Сот Эрнандесті үш бап бойынша, соның ішінде ақшаны жылыстату бойынша кінәлі деп тауып, 15 жылға бас бостандығынан айырды¹.

Заңдастырудың мақсаты – шынайы қайнар көзін ашпай, қылмыстық әрекеттен (сыбайлас жемқорлық, терроризм, экстремизм, есірткі және қару-жарақ саудасы және т.б.) табыс алу, құқық қорғау органдары арасында күдік тудырмай, заңды пайда және оларды пайдалану мүмкіндігін алу².

Осылайша адам табыс алатын кез келген қылмыс жасағаннан кейін оның одан әрі әрекеті осы кірістерді жылыстату және пайдалану болып табылады.

Өз кезегінде предикаттық қылмыстарды жасау және осы қылмыстардан түскен кірістерді басқару кезінде мұндай тәртіп қылмыстық кірістерді жылыстату ретінде қарастырылады.

Американың құқық қорғау органдары предикаттық қылмыстарды да, қылмыстық кірістерді тікелей жылыстатуды да тергеуде басқа елдердің құзырлы органдарымен белсенді түрде ынтымақтасады және ашық дереккөздерді, соның ішінде ІТ компанияларынан алынған ақпараттарды талдайды.

Мысалы, АҚШ-тың Аббасқа қарсы ісінде сотталушы Рамон Олорунва Аббас 2021 жылы ақшаны жылыстату үшін алдын ала сөз байласу бойынша сотталып, 11 жылға бас бостандығынан айырылды және осы сома есебінен алаяқтықтан зардап шеккен екі адамға 1,7 миллион доллар өтемақы төледі³.

Бұл жағдайда Аббас пен оның сыбайластары кәсіпкердің ақшасын алаяқтық жолмен иемденіп, өз қалауы бойынша сәнді тауарларды сатып алған.

Бұл істі ашуға 13 мемлекет қатысты (АҚШ, Ұлыбритания, БАӘ, Сент-Китс және Невис, Румыния, Катар, Нигерия, Мексика, Мальта, Кения, Солтүстік

¹ Соединенные Штаты против Эрнандеса, №0:22-cr-60129-AHS (SD, Флорида, 10 июня 2022 г.) https://sherloc.unodc.org/cld/case-law-doc/fraudulentmedicinescrimetype/usa/2023/united_states_v._hernandez_no._022-cr-60129-ahs_s.d._fla._jun._10_2022.html?lng=en&tmpl=sherloc

² Джумабеков А. Возврат активов: отечественный и зарубежный опыт правового регулирования легализации имущества, полученного преступным путем // Возврат незаконно приобретенных активов: вопросы досудебного расследования (18.06.2024 г.): Сборник материалов международного круглого стола. – Косшы: Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, 2024. – с.62-73.

³ United States of America v. Abbas, No. 2:20-CR-00322-ODW (C.D. Cal. Jul. 27, 2021) // https://sherloc.unodc.org/cld/case-law-doc/cybercrimetypescrimetype/usa/2021/united_states_of_america_v._abbas_no._220-cr-00322-odw_c.d._cal._jul._27_2021.html?lng=en&tmpl=sherloc

Корея, Канада, Болгария).

Айыпталушыны анықтау әлеуметтік желілердегі аккаунттарды, сондай-ақ үшінші тарап қызмет көрсетушілері ұсынған ақпаратты пайдалана отырып жүргізілді.

Тінту ордеріне сәйкес, айыпталушының сыбайластарының бірінің ұялы телефонынан қаралған хабарламалар оның БАӘ телефон нөмірінен көптеген алаяқтық схемалар мен ақшаны жылыстату мәселелері бойынша сөз байласып отырғанын көрсетті.

Сонымен қатар, жауапкердің жеке басын растайтын және алаяқтық транзакциялармен байланысты банк үзінділер, транзакцияны растаушы және басқа да қаржылық жазбалар анықталды. Жауапкердің gmail аккаунтына жіберілген және алынған электрондық хаттардың мазмұнын талдау ерекше маңызға ие болды.



Ұлыбритания

Ақшаны жылыстатумен байланысты қылмыстар негізгі қылмыстар сияқты айыптау қорытындысына енгізілген жағдайларда, негізгі қылмыстық мінез-құлық талап етілетін стандартқа сәйкес іс жүргізуде дәлелденетін болады.

Егер ақшаны жылыстату ісі «автономды» болса, қылмыстық мүлікті **дәлелдеудің 2 жолы** бар:

қылмыстық мүлікке әкелген құқық бұзушылықтың түрін дәлелдеу арқылы

мүліктің пайдаланылған мән-жайлары тек қылмыс нәтижесінде ғана алынуы мүмкін деген бұлтартпас қорытындыға негіз болатындай дәлелдемелерге сүйене отырып дәлелдеу арқылы

Осыған сүйене отырып, прокурорлардан қарастырылып отырған мүліктің белгілі бір қылмыстық мінез-құлықтан пайда көретінін дәлелдеу талап етілмейді, өйткені мұндай түсіндіру заңнаманың әсерін шектейді.

Прокуратура, кем дегенде, қарастырылып отырған мүліктің қылмыстық шығу тегі бар екендігі туралы талап етілетін қылмыстық стандартқа сәйкес «теріс қорытынды» жасауға болатын **жеткілікті** жанама немесе басқа **дәлелдемелерді** ұсынуы керек¹.

Дәлелдемелер келесідей белгіленеді:

- адамның бұл мүлікке иелік ету туралы заңды түсіндірмесі жоқ екендігінің дәлелі (мысалы, көзге көрінетін күнкөріс құралдары жоқ адамның үйінен ірі көлемдегі қолма-қол ақша табылса)

¹ Юридическое руководство, Доходы от преступной деятельности, Официальный Интернет-сайт Королевской прокурорской службы Великобритании <https://www.cps.gov.uk/legal-guidance/money-laundering-offences>

- шамадан тыс немесе түсініксіз транзакцияларды не пайданы анықтау үшін бухгалтерлік немесе аудиторлық жазбаларды талдау
- жанама дәлелдемелер. Бұл заңды табыспен расталмаған сәнді өмір салтын көрсететін әлеуметтік медиа жазбалары немесе цифрлық құрылғыларда сақталған хабарламалар және/немесе адамның заңды табыспен расталмаған қымбат заттары бар екені жайындағы фотосуреттер болуы мүмкін
- қатысудың дәлелдемесі (мысалы, қылмыскердің сыбайластары ұсынған дәлелдемелер, әдетте ынтымақтастық туралы келісім шеңберінде)
- жаман мінездің дәлелдемесі. Бұл дәлелдемелік суреттің бір бөлігі ғана болады және басқа дәлелдемелермен расталуы керек
- мүлік пен көліктерде жасырылған ірі көлемдегі қолма-қол ақша

Ұлыбритания заңы бойынша, ақшаны жылыстатуды дәлелдеу үшін полиция қылмыстық мүлік екенін дәлелдеу керек, ол:

а) адамның қылмыстық мінез-құлықтан пайдасы немесе осындай пайда әкелетін

б) болжамды қылмыскер оның осындай пайда әкелетінін біледі немесе күдіктенеді¹.

Мұндай стандарт қылмыстардың жекелеген санаттарына қолданылады (есірткі саудасы, ақшаны жылыстату, Терроризм туралы заңға, Заманауи құлдық туралы заңға сәйкес қылмыстар, қару-жарақ саудасы, контрафактілік, зияткерлік меншік қылмыстары, жезөкшелік және балаларға қарсы жыныстық қылмыстар).

Бұл ретте мүлікті қылмыстық жолмен алынған деп тану үшін адамды бір мезгілде кемінде төрт қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп тану, егер болжамды қылмыстық кіріс 5000 фунт стерлингтен асса, соңғы алты жылда екі бөлек қылмыс жасағаны үшін соттау жеткілікті².

Сотталушы ұсынған мүліктің шығу тегінің заңдылығы туралы дәлелдемелер сенімсіз деп танылса, сот айыпталушының белгілі бір мерзімде (мысалы, соңғы алты жыл ішінде) сатып алған барлық мүлкін қылмыстан түскен табыс болып табылатынын есепке алуы мүмкін және сотталушыға жалпы сипаттағы қылмыстық мінез-құлықпен немесе қылмыстық өмір салтымен байланысты тәркілеуді қолданады³.

¹ Proceeds of Crime Act 2002, UK Public General Acts 2002 c.29, Part 7 Interpretation, Section 340, <https://www.legislation.gov.uk/ukpga/2002/29/section/340>

² Proceeds of Crime Act 2002. UK Public General Acts 2002 c.29 Explanatory Notes Commentary on Sections Part 2 Interpretation Section 75 // <https://www.legislation.gov.uk/ukpga/2002/29/notes/division/5/2/21/1>

³ Proceeds of Crime Act 2002. UK Public General Acts 2002 c.29 Explanatory Notes Commentary on Sections Part 2 Interpretation Section 75 // <https://www.legislation.gov.uk/ukpga/2002/29/notes/division/5/2/21/1>

Сот кейсі – Craig (Крейг) (15/11/2007) (EW)

Крейгтің қолма-қол ақшасы, қымбат көліктері, мотоциклдері, реактивті шаңғылары және жалақысына сәйкес келмейтін басқа да заттары болды. Сонымен бірге, ол 2004-2005 жылдар аралығында оларды сатып алуға 200 мың фунт стерлингтен астам қаражат жұмсады (транзакциялар және қолма-қол ақша).

Оның үйінен 23 000 фунт стерлингтен астам қолма-қол ақша табылды. Ал салық және ұлттық сақтандыру есептеріне сәйкес, ол жұмыс істемеген немесе ақша таппаған.

Оның айғақтары бойынша, бір жылдың ішінде тапқан ақшасын жинап, оны бұрынғы серіктесі мен құрбысының үйінде сақтаған.

Крейгтің іскер серіктестері мен жұмыс берушілері айыпталушының оларды алдап, аяқталмаған жұмысы үшін ақша алғанын түсіндірді.

Сарапшының айғақтарына сәйкес, Крейгтің қолма-қол ақшасы мен ұялы телефондарынан көптеген есірткі іздері табылған.

Айыптаушы тарапқа мүліктің қылмыс нәтижесінде алынғанын дәлелдеу қажет, бірақ нақты қылмысты немесе қылмыстық мінез-құлықтың белгілі бір түрін дәлелдеу қажет емес деп сот мәлімдеді.

Нәтижесінде жанама дәлелдемелер жиынтығы Крейгтің мүлкінің қылмыстық көзі бар деген пікірге әкелді¹.

Сот кейсі - R v Solanki (Соланки) (24/1/2020) (EW)

Ақшаны жылыстату бойынша бұл істе айыптаушы тарап келесі дәлелдемелерді жинады:

1. Қысқа уақыт ішінде өңделген аудармалардың үлкен көлемі және күнделікті аудармалар туралы ақпарат.

2. Жалған тұтынушы жазбалары мен аударма түбіртектерін жасау.

3. Қолма-қол ақшаны қауіпсіз жинау мен жеткізудің болмауы.

4. Соланкадан 33 000 және үйінен 32 000 фунт стерлинг қолма-қол ақша алу және оның гаражынан 30 000 фунт стерлинг қолма-қол ақша табу жағдайлары.

5. Соланка және Пателдің ұялы телефондарындағы сілтемелері бар хабарламалар.

Айыптаушы тарап ақшаны тек қылмыстан алуға болады деген бұлтартпас қорытындыға сенуге құқылы деп шешті сот².

¹ Ian Richardson, Ignacio de Lucas Martin, Handbook on money laundering identification, investigation and prosecution for Ukraine, 2021, 95 c. [https://fiu.gov.ua/assets/userfiles/200/Typologies%20\(International%20Studies\)/ENG_Handbook%20on%20ML%20prosecution.pdf](https://fiu.gov.ua/assets/userfiles/200/Typologies%20(International%20Studies)/ENG_Handbook%20on%20ML%20prosecution.pdf)

² Ian Richardson, Ignacio de Lucas Martin, Handbook on money laundering identification, investigation and prosecution for Ukraine, 2021, 95 c. [https://fiu.gov.ua/assets/userfiles/200/Typologies%20\(International%20Studies\)/ENG_Handbook%20on%20ML%20prosecution.pdf](https://fiu.gov.ua/assets/userfiles/200/Typologies%20(International%20Studies)/ENG_Handbook%20on%20ML%20prosecution.pdf)

Сот кейсі - Anwoir (27/6/2008) (EW)

Бұл іске сәйкес, жасырын полиция қызметкері күдіктінің есірткі бизнесіне қатысты түрлі қаржылық операциялар туралы әңгімелерін жазып алған.

Кейіннен сот ақшаның есірткілік алаяқтықтан және/немесе салықтық алаяқтықтан алынғаны туралы қорытынды жасауға болатын нақты дәлелдемелер бар екенін мәлімдеді. Ақшаның заңды саудадан келгені туралы М.-ның түсіндірмесі қабылданбады.

Айыптаушы тарап мүліктің қылмыс нәтижесінде алынғанын дәлелдей алатын **екі әдісі** бар:

1) оның белгілі бір тектегі немесе түрдегі мінез-құлық нәтижесінде пайда болатынын және осы түрдегі немесе тектегі мінез-құлықтың заңсыз екенін дәлелдеу арқылы;

2) мүлікті тек қылмыс нәтижесінде алуға болады деген еңсерілмейтін қорытындыға әкелетін онымен жұмыс істеу мән-жайларының дәлелдемелері¹.



Нидерланды

Ақшаны жылыстату қылмыстық жолмен алынған заттармен байланысты, бірақ бұл нысанның қандай құқық бұзушылықтан туындайтыны әрқашан анық емес. Тіпті мұндай жағдайларда да Голландия соты ақшаны жылыстату үшін айыпты үкім шығара алады².

Ақшаны жылыстату бойынша айыптау үшін объектінің қандай да бір қылмыс нәтижесінде пайда болғанын дәлелдеу қажет. Бірақ нақты анықталған предикаттық құқық бұзушылықты дәлелдеудің қажеті жоқ.

Нидерланды Жоғарғы Сотының ұстанымына сәйкес, егер «қылмыстық жолмен алынған» заттар болса, қылмысты нақты кім, қашан және қайда жасағанын дәлелдеу талап етілмейді³.

Осылайша сот «Алты кезеңдік шешім» деп аталатын предикаттық құқық бұзушылықсыз қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатуды бағалау құрылымын қорытындылады⁴.

¹ Ian Richardson, Ignacio de Lucas Martin, Handbook on money laundering identification, investigation and prosecution for Ukraine, 2021, 95 с.

² Jumabekov A. Indirect method of proof as a tool for asset recovery in foreign countries // Zan & Zaman, №4 (250), 2024. – p.17-19

³ Сайт судебных органов Нидерландов, Решение Верховного Суда Нидерландов, от 28-09-2004, номер дела 02679/03, ECLI:NL:HR:2004:AP2124
<https://uitspraken.rechtspraak.nl/details?id=ECLI:NL:HR:2004:AP2124>

⁴ Rechtspraak, Gerechtshof Amsterdam, Zaaknummer 23-004567-10, Datum uitspraak: 11 januari 2013, ECLI:NL:GHAMS:2013:BY8481 //

<https://uitspraken.rechtspraak.nl/details?id=ECLI:NL:GHAMS:2013:BY8481>

Алты кезеңдік шешім	
1-кезең: Тікелей дәлелдемелердің болмауы	Нақты предикаттық құқық бұзушылық белгісіз немесе дәлелденбейді, оның ішінде басқа қылмыс үшін сотталғанда объектінің осы предикаттық құқық бұзушылықтан туындайтыны тікелей көрсетілмейді.
2-кезең: Ақшаны жылыстатуға күдік	Фактілерге және/немесе жағдайларға байланысты ақшаны жылыстатуға күдік бар ма? Бұл күдікке жету үшін ақшаны жылыстату көрсеткіштерін пайдалануға болады (мысалы, ақшаны жылыстатудың жалпы білімі мен типологиялары).
3-кезең: Күдіктің түсініктемесі	Егер ақшаны жылыстатуға күдік болса, күдікті ақшаны жылыстату нәтижесінде алынған деп күдіктенген мүліктің шығу тегі туралы түсініктеме береді деп күтуге болады. Егер күдікті түсініктеме беруден бас тартса, бұл нысанның қылмыс нәтижесінде алынғаны туралы қорытынды жасау кезінде де ескерілуі мүмкін.
4-кезең: Күдіктің түсініктемесіне қойылатын талаптар	Объектінің шығу тегі туралы түсініктеме нақты, азды-көпті тексерілетін және алдын ала тым екіталай болмауы керек. Сонымен қатар, ықтимал заңды көзден басқа, ақша ағындары да нақты көрсетілуі керек.
5-кезең: Прокуратураның тергеуі	Егер өтініш 4-қадам критерийлеріне сәйкес келсе, прокуратура объектінің көрсетілген баламалы шығу тегін тексеруге міндетті.
6-қадам: Қорытынды жасау	Егер 5-қадамда көрсетілген тергеу негізінде күдікті объектінің заңды шығу тегі бар екенін сенімді түрде жоққа шығаруға болатын болса, оны «қылмыстан шыққан» деп айтуға болады. Сайып келгенде, объектінің шығу тегінің жалғыз қолайлы түсіндірмесі оның қылмыстық шығу тегі болып табылады.

Сот кейсі – ECLI:NL:RBNHO:2014:4920 (N)

Иығындағы сөмкеде 4215 еуро және чемоданның астарында 81 600 доллары бар күдікті Схипхол әуежайында ұсталды, бірақ күдікті ақшаның шығу тегі туралы түсініктеме бермеген.

Сот ақшаны жылыстатудың сипаттамасын/типологиясын қарастырды:

1. Жалпы факт – күдікті Схипхол әуежайын қылмыстық кірістерді импорттау, экспорттау және транзиттеу үшін пайдаланылды.

2. Үлкен көлемдегі қолма-қол ақшаны тасымалдау әдеттен тыс және қауіпсіздік үшін тәуекел тудырады.

3. Ақша чемоданның астарына жасырылған.

4. Бұл фактілер ақшаны жылыстатуға қатысты негізді күдікке әкеледі.

5. Күдіктінің үнсіздігі және жоғарыда көрсетілген мән-жайлар жалғыз ақылға қонымды түсініктеме – қылмыстық кіріс деген қорытындыға әкеледі¹.



Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сот

Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық соттың тәжірибесі кез келген адамның басқа қылмыстық әрекеттерді жасағаны (өзіне қатысты сот ісі жүргізіліп жатқан жасағаны туралы) және жинақталған активтердің осы нақты қылмыстық әрекеттердің нәтижесінде алынғандығы туралы қандай-да бір ең жоғары деңгейдегі дәлелдемелерді талап етпейді.

Сондықтан активтердің шығу тегі туралы қорытынды жасау үшін жеке тұлғаның әлеуметтік байланыстарын, қызметін және бұрынғы қылмыстық өмірін белгілеу маңызды.

Жоғарыда аталған барлық ақпаратты талдау қылмыстық әрекеттің егжей-тегжейлі құрамдас бөліктері анықталмаған болса да, активтер қылмыстық жолмен алынған деген негізді қорытындыға әкелуі керек.

Зшушеннің Бельгияға қарсы белгілі прецеденті қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатуға қатысты қылмыстарды дәлелдеу туралы материалдарда жиі келтіріледі².

Яғни Голландия азаматы Зшушенді Бельгия соты ақшаны жылыстатқаны үшін (екі айдың ішінде бірнеше транзакция арқылы банктік шотына 75 000 еуро аударған) 5 000 еуро айыппұл салып, 75 000 еуроны тәркілеу арқылы 10 айға шартты түрде соттады.

Іс материалдарына сәйкес, Зшушен бұрын есірткі саудасымен айналысқан және Нидерландыда табысы болмаған. Биліктің ақшаның қайдан шыққаны туралы сұрағанда, ол бастапқыда оны салықсыз еңбекпен тапқанын алға тартты, бірақ жұмыс берушінің атын атамады. Содан кейін ол бүкіл сот процесінде үнсіз қалды³.

Бельгия соты соттағаннан кейін Зшушен кінәсіздік презумпциясы мен үндемеу құқығы, сондай-ақ негізгі қылмыстың болмауын қамтитын Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық конвенцияға (АҚЕК) сәйкес, оның «әділ сот талқылауына» құқықтарының бұзылғанын алға тартып, үкімге АҚЕС-ге шағымданды.

¹ Ian Richardson, Ignacio de Lucas Martin, Handbook on money laundering identification, investigation and prosecution for Ukraine, 2021, 95 c. [https://fiu.gov.ua/assets/userfiles/200/Typologies%20\(International%20Studies\)/ENG_Handbook%20on%20ML%20prosecution.pdf](https://fiu.gov.ua/assets/userfiles/200/Typologies%20(International%20Studies)/ENG_Handbook%20on%20ML%20prosecution.pdf)

² Zschüschen v. Belgium (dec.) - 23572/07, <https://hudoc.echr.coe.int/eng#%7B%22itemid%22:%5B%22002-11638%22%5D%7D>

³ Zschüschen, ECHR indirect method of proof, <https://www.amlc.eu/zschuschen-echr-indirect-method-of-proof/>

АҚЕС жанама дәлелдемелердің болуы Зшушенді іс бойынша кінәлі деп тану үшін жеткілікті деп есептеп, келесі негіздер бойынша одан бас тартты:

1. Зшушеннің үнсіздігі қолда бар дәлелдемелерді ғана растады, сонымен бірге егер Зшушеннің дәлелдемелері шындыққа сәйкес келсе, оған ақшаның шығу тегін негіздеу қиын болмас еді.

2. Ақша алынған алдын ала қылмыс ақшаны жылыстату туралы айыптаулардың негізі болып табылмайды және АҚЕС айыптаудағы нақты негізгі құқық бұзушылықты сипаттау міндетін талап етпейді¹.

Бельгияға қарсы Зшушен ісі бойынша жанама дәлелдемелер		
Адамның бұрын есірткі бизнесіне байланысты қылмыс жасағаны туралы мәліметтер	Тұлғаның ресми кірісі болғаны туралы растайтын деректердің болмауы	Адам айғақ беруден бас тартып, табыс көзін түсіндірмеді

Көріп отырғаныңыздай, дәлелдеу ауыртпалығы қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатқан адамға жүктеледі, ал «айғақ беруден бас тарту» қылмыстық процесс қағидаты адамға қарсы бағытталуы және жасалған қылмыстың жанама дәлелдемесі болуы мүмкін.

Бұл Варшава конвенциясының 9-бабы 6-бөлігінің ережелеріне сәйкес келеді, онда әрбір Тарап ақшаны жылыстату үшін соттау ... қандай қылмысты анықтауды қажет етпей-ақ мүліктің негізгі қылмыстан шыққаны дәлелденсе мүмкін болады².

Бұл тәсілдің мәні – егер активтің заңды шығу тегі болмаса, онда ол заңсыз көзден алынған деп түсініледі.

Еуропалық тәжірибеге сүйене отырып, мүліктің предикаттық қылмыспен байланысын дәлелдеу қиын болған кезде дәлелдеудің жанама әдісі қолданылады.

Атап айтқанда, қаржылық операциялар, мұндай операцияларды бүркемелеу, кез келген деректерді жоғалту немесе жасалған әрекеттердің ескіру мерзімі туралы ақпарат болмаған кезде қолданылады. Оған қоса белгілі бір уақыттан кейін жеке тұлғалардың шетелде қандай да бір мүлкі анықталғанда және ұрлық немесе пара алу фактісі көп жылдар бұрын жасалғанда да мүмкін болуы мүмкін.

¹ European Convention on Human Rights - Article 6, <https://fra.europa.eu/en/law-reference/european-convention-human-rights-article-6>

² Конвенция Совета Европы об отмывании, выявлении, изъятии и конфискации доходов от преступной деятельности и о финансировании терроризма (CETS N 198) (Варшава, 16 мая 2005 г.) https://eurasiangroup.org/files/uploads/files/International_legal_documents/Conventions/varshav_conv.pdf

Басқаша айтқанда, дәлелдеудің жанама әдісі құқық қорғау органдарына негізгі қылмыс анықталмаған жағдайларда екінші мүмкіндік береді¹.



Гонконг, Қытай

Гонконгтың Йен Ка Сингхе қарсы қылмыстық ақшаны жылыстату қылмысында соңғысын Гонконг аудандық соты мүлік саудасымен байланысты қылмыстар үшін 6 жылға бас бостандығынан айырды. Ұйымдасқан және ауыр қылмыстар туралы заңның 25-бабын бұза отырып, қылмыстан түскен кірістер болып табылды.

Апелляциялық сот айыптаушы тараптың Ұйымдасқан және ауыр қылмыстар туралы заңның 25-бабына қайшы келетін ақшаны жылыстату қылмысының элементі ретінде кірістерді дәлелдеудің қажеті жоқ деген тұжырымды растайтын дәлелді себептер бар екенін атап өтті. Бұл іс жүзінде айыптау актісі бойынша қудаланған қылмыстан түскен табыс болды.

Сот осыған ұқсас іс бойынша (Wong Ping Shui қарсы HKSAR (2014) 17 HKCFAR 778) бұрын мәлімдегендей: «Алдын ала құқық бұзушылық бір немесе бірнеше шетелдік юрисдикцияларда орын алуы мүмкін, Гонконгта дәлелденбеген және мұндай қылмыстардан түскен кірістер олардың шығу тегін жасыруға бағытталған әртүрлі деңгейлер мен өзгерістерден өткен болуы мүмкін»².

ТҰЖЫРЫМ:

Жекелеген елдердің шетелдік тәжірибесіне сәйкес, ақшаны жылыстату ісінде предикаттық қылмыс туралы **дәлелдемелердің болуы** істі **шешу үшін маңызды**, бірақ міндетті не императивті емес.

Жасалған предикаттық қылмыс туралы **дәлелдемелер болмаған жағдайда**, алдын ала тергеу органдары сотқа табыстың қылмыстық шығу тегі бар және заңды көзі жоқ екендігі туралы **жанама дәлелдемелер жиынтығын көрсетуі қажет**.

Басқаша айтқанда, сот адамның қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға кінәлі екендігі туралы шешімді қалыптасқан пікір арқылы қабылдай алады: *«егер актив заңды көзден болмаса, ол заңсыз көзден болады»*.

¹ Fiscal Information and Investigation Service of the Netherlands. Indirect method of proof. Providing evidence in stand-alone money laundering investigations, 2019, 23 p.

² https://sherloc.unodc.org/cld/case-law-doc/moneylaunderingcrimetype/chn/2016/hksar_v_yeung_ka_sing_2016_hkcfa_52_11_july_2016.html?lng=en&tmpl=sherloc

Бұл ретте қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстату бойынша дәлелдемелерді бағалаудағы шетелдік соттардың ұстанымын ескеруге және Нидерландының «**Алты кезеңдік**» шешімі не басқа елдердегі сот шешімдері мысалында Қазақстандағы қылмыстардың осы санатын дәлелдеудің міндетті **критерийлерін** анықтауға болады.

Жалпы, Қазақстанның кейбір шет елдермен құқық қолдану тәжірибесінің әртүрлі болуына қарамастан, Қазақстандағы **тергеушілерге** қылмыстық жолмен алынған кірістерді **жылыстатуды дәлелдеу** үшін:

- халықаралық ынтымақтастықты белсенді қолдану;
- дәлелдемелерді жинау кезінде күдікті бейнесін (портретін) жасау қажет (әртүрлі қылмыстар бойынша бұрынғы соттылығы, оның кірісі, қызмет түрі, банктік және басқа да мәмілелер туралы ақпарат, акциялардың, криптовалюталардың болуы туралы ақпарат, ашық көздерден алынған өмір салты туралы деректер және т.б.).

Бақылау сұрақтары

1. Ақшаны жылыстату процесі қандай кезеңдерді қамтиды?
2. Ақшаны жылыстатудың қандай нысандары бар?
3. Ақшаны жылыстату әдістерін тізіп ккрсетіңіз.
4. Активтерді қайтару туралы қылмыстық істер бойынша дәлелдемелердің қатыстылығы нені білдіреді?
5. Дәлелдемелердің жол берілетіндігі қандай элементтерді қамтиды?
6. Қылмыстық іс бойынша дәлелдемелердің анықтығын не растайды?
7. Активтерді қайтару туралы қылмыстық істер бойынша дәлелдемелердің жеткіліктілігін бағалау неге негізделген?
8. Дәлелдемелердің жеткіліктілігі критерийлерін (шектерін) қалай қалыптасады?
9. Активтерді қайтаруды дәлелдеу процесінің негізгі аспектілерін атаңыз.
10. ҚК-нің 218-бабы бойынша қылмыстық істерді тергеп-тексеру кезінде қателіктер жібермеу үшін неге назар аудару керек?
11. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін нені дәлелдеу керек?
12. Қылмыстық кірістерді заңдастыру деп тану үшін нені дәлелдеу керек?
13. ҚК-нің 218-бабында көзделген қылмыстық әрекеттерді сипаттау кезінде ҚПК-нің 323-бабының тәртібімен қылмыстық істерді қайтаруды болдырмау үшін неге назар аудару керек?

Тест тапсырмалары

1. «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» ҚРЗ сәйкес «актив» дегеніміз не?

- а) мүліктік игіліктер мен құқықтар (мүлік)
- ә) ақша
- б) цифрлық валюталар
- в) зергерлік бұйымдар

2. Мүлікке не жатады?

- а) зергерлік бұйымдар
- ә) көлік құралдары
- б) жылжымайтын мүлік
- в) цифрлық валюталар

3. Сотталған адамның меншігіндегі, қылмыстық жолмен табылған не қылмыстық жолмен табылған қаражатқа сатып алынған мүлікті, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы болып табылатын мүлікті мәжбүрлеп өтеусіз алып қою және мемлекеттің меншігіне айналдыру – бұл?

- а) мүлікті мұздату
- ә) мүлікті тәркілеу
- б) мүлікті алып қою
- в) мүлікке тыйым салу

4. Мыналардың қайсысы активтерді қайтару саласын реттейтін негізгі халықаралық құқықтық негіз болып табылады?

- а) БҰҰ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы
- ә) Шаруашылық қызметті жүзеге асыруға байланысты дауларды шешу тәртібі туралы келісім
- б) Еуропа Кеңесінің Қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстату, анықтау, алып қою және тәркілеу туралы конвенциясы
- в) Арбитраждық, шаруашылық және экономикалық соттардың шешімдерін өзара орындау тәртібі туралы келісім

5. Ақшаны жылыстату процесі қандай кезеңдерді қамтиды?

- а) жайғастыру
- ә) интеграция
- б) қабаттау
- в) жою

6. Ақшаны жылыстатудың негізгі әдістерін көрсетіңіз?

- a) Smurfing
- ә) Gambling
- б) Криптовалюталарды пайдалану
- в) дұрыс жауап жоқ

7. Дәлелдемелерді бағалау критерийлеріне не жатады?

- a) қатыстылық, жол берілетіндік, жеткіліктілік
- ә) жол берілетіндік, анықтылық, әділдік
- б) анықтық, заңдылық, қатыстылық
- в) жеткіліктілік, жол берілетіндік, ықтималдылық

8. с үшін маңызы бар мән-жайлардың бар екендігі туралы түйіндерді растайтын, теріске шығаратын немесе күмән туғызатын нақты деректерді білдіретін дәлелдемені бағалау критерийі қандай?

- a) қатыстылық
- ә) жол берілетіндік
- б) анықтық
- в) жеткіліктілік

9. Судья дәлелдемелерді нені басшылыққа ала отырып бағалайды?

- a) заң және ар-ождан
- ә) ар-ождан және тәжірибені
- б) білім және заңды
- в) тәжірибе және білімді

10. Жеткіліктілік деген не?

- a) іске қатысты жол берілетін және анық дәлелдемелер жинағы
- ә) қылмыстық іске жол берілетін дәлелдемелер жинағы
- б) іске қатысты анық дәлелдемелер жинағы
- в) іске қатысты дәлелдемелер жинағы

11. Прокурор, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы уәжді қаулыны қандай жағдайда шығарады?

- a) жеткілікті дәлелдемелер болған кезде
- ә) анық дәлелдемелер болған жағдайда
- б) қатысты дәлелдемелер болған кезде
- в) дәлелдемелер болған жағдайда

12. Қылмыстық процесті жүргізетін орган қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді бағалау кезінде қатаң сақтау керек:

- а) Конституциялық қағидаттар мен ҚПК-нің нормаларын
- ә) СДТБТ ережелерін
- б) Прокурордың нұсқауларын
- в) Нұсқаманы

13. ҚК-нің 218-бабына сәйкес ақтаудың жиі кездесетін себептерін атаңыз:

- а) мүліктің қылмыстық шығу тегі жоқ
- ә) ешқандай дәлелдемелер жоқ
- б) дұрыс жауап жоқ
- в) ұрланған мүлікке қарапайым билік ету

Практикалық тапсырмалар

1. Әлеуметтік желілерді (telegram) мониторингілеу барысында «Асан» лақап аты бар аноним «Мефедрон» психотроптық затын сататыны туралы ақпарат анықталды. Ақпаратты өңдеу кезінде **TBhUGZxc4VAtgRqsLuSr8bbyknZzgh9F95** криптоәмиян мекенжайы анықталды:

Тапсырма:

- 1) аналитикалық бағдарламаларды пайдалана отырып, криптоәмиянның мекенжайын зерттеңіз («Криптовалютаға тыйым салу (бұғаттау) және тәркілеу әдістемесі»¹ әдістемесінде қадамдық алгоритм көрсетілген);
- 2) транзакцияларды анықтау нәтижелері бойынша дәлелдемелер жинауды жүзеге асырыңыз (скриншот, фотосурет);
- 3) процестік құжаттарды жасаңыз («Криптовалютаға тыйым салу (бұғаттау) және тәркілеу әдістемесі» әдістемесінің қосымшасында көрсетілген).

2. Қазақстан Республикасының азаматы, Астана қаласының тұрғыны И.И. Ивановқа қатысты ҚК-нің 297-бабы 3-бөлігінің 3-тармағы бойынша, сондай-ақ ҚК-нің 218-бабы 1-бөлігі бойынша тергеп-тексеру жүргізілді.

Атап айтқанда Иванов 2024 жылғы 1 қаңтарда Астанадағы «Азия Парк» сауда орталығының ғимаратында Б.Б. Бобровқа 10 кг кептірілген марихуана – есірткі затын (бұл аса ірі мөлшер) 10 миллион теңге қолма-қол ақшаға сатты.

Түскен қаражатқа Иванов Chevrolet Kobalt автокөлігін, қымбат iPhone 15 ұялы телефонын және киім-кешек заттарын сатып алды (тергеп-тексеру кезінде сатып алу түбіртектерімен расталды).

Содан кейін Иванов, 5 жыл бойы көрмеген достарына телефон соғып, мейрамханаға барды, есепшотты өзі төледі.

ҚК-нің 297-бабы 3-бөлігінің 3-тармағы бойынша және ҚК-нің 218-бабы 1-бөлігі бойынша қылмыстық істер бір іс жүргізуге біріктіріліп, іс сотқа жолданды.

Сұрақтар:

- 1) Ивановтың әрекеті 218-баптың 1-бөлігі бойынша дұрыс сараланған ба? Егер солай болса, онда қандай негіздермен?
- 2) Тергеуші ҚК-нің 218-бабы 1-бөлігі бойынша айыптау үшін қандай дәлелдемелерді пайдаланды?
- 3) Іс фабуласын ескере отырып, Ивановтың достары ҚК-нің

¹ Криптовалютаға тыйым салу (бұғаттау) және тәркілеу әдістемесі / Т.Ф. Маханов // Астана қ., 2024 ж. <https://academy-rep.kz/item.php?id=1098>

218-бабы 1-бөлігі бойынша қылмысқа сыбайлас қатысушы болуы керек пе?

4) Сот ҚК-нің 218-бабы бойынша тағылған қылмысты қалай бағалайды?

5) Қолданыстағы заңнаманы ескере отырып, өз ұстанымыңызды негіздеңіз.

Жоғарыда аталған сұрақтарға жауап беріп, сот шешімі нұсқасын ұсыныңыз.

3. Озерск аудандық соты ҚК-нің 366-бабы 2-бөлігінің 3-тармағы және ҚК-нің 218-бабы 1-бөлігі бойынша мемлекеттік қызметші, азамат А.-ны мүлкі тәркіленіп, мемлекеттік органдарда және квазимемлекеттік секторда басшы лауазымын атқару құқығынан өмір бойына айыра отырып, 3 жылға бас бостандығынан айырға жазаланды.

Сонымен азамат А. мемлекеттік органға жиһаз жеткізу бойынша тендерде жеңіске жеткізгені үшін Озерск ауданындағы ауыл тұрғыны В.-дан 7,5 млн теңге көлемінде пара алған.

Қаражатты алғаннан кейін бір апта ішінде азамат А. аудан орталығынан бір бөлмелі пәтерді 6,5 миллион теңгеге сатып алып, қолма-қол ақша төлеген.

Бұл ретте парадан алынған қаражатқа қатысты мәмілелер туралы ақпарат, сондай-ақ азамат А.-ның бұл қаражатты алғаннан кейін қалай иеліктен шығарғаны туралы айғақ тергеп-тексеру барысында анықталған жоқ.

Азаматтың декларациясын зерттей келе, А. бұрын оның 8 млн теңгесі бар екенін көрсеткені анықталды.

Сот дәлелдемелердің жиынтығын бағалай отырып, А.-ны ҚК-нің 366-бабы 2-бөлігі 3-тармағы және ҚК-нің 218-бабы 1-бөлігі бойынша кінәлі деп тапты.

Сұрақтар:

1) Азамат А.-ның әрекеті ҚК-нің 218-бабы 1-бөлігі бойынша дұрыс сараланған ба? Егер солай болса, онда қандай негіздермен?

2) ҚК-нің 218-бабы 1-бөлігі бойынша қандай дәлелдемелер азамат А.-ның кінәсін растайды немесе жоққа шығарады?


3) Қолданыстағы заңнаманы ескере отырып, өз ұстанымыңызды негіздеңіз.

Жоғарыда аталған сұрақтарға жауап беріп, сот шешімі нұсқасын ұсыныңыз.

Оқу ойындары

Кроссворд:

1. Қылмыстық кірістерді заңдастыруды жүзеге асыратын тұлға кім?
 2. Дәлелдемені бекіту құралын атаңыз?
 3. Қылмыстық кірістерді заңдастыру саласындағы стандарттар әзірлейтін ұйым?
 4. Қоғамдық қатынастарды реттейтін актілер жүйесін атаңыз?
 5. Қылмыстық кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл аясында жүзеге асырылатын әрекетті немесе процесті жазыңыз?
 6. Кез келген мүліктік игіліктер мен құқықтарды қалай атайсыз?
 7. Мемлекет, жеке және заңды тұлға белгілі бір қызмет жасау арқылы алатын ақша қаражаты немесе материалдық құндылықтарды қалай атауға болады?
 8. Қаражаттардың қозғалысын басқаша қалай атауға болады?
 9. Егер тексеру нәтижесінде дәлелдеменің шындыққа сәйкес келетіндігі анықталса, дәлелдеменің қандай критерийі деп танылады?
 10. Кірістерді заңдастыру үшін қылмыскерлер қолданатын төлем құралы.
 11. Істі заңды, негізді және әділ шешу үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатында, дәлелдемелерді жинаудан, зерттеуден, бағалаудан және пайдаланудан тұратын процесс?
- Егер сұрақтарға дұрыс жауап берген кезде, тақырыпқа қатысты боялған бөлікте «құпия сөз» белгілі болады.



Ребус:



ҚОРЫТЫНДЫ

Активтерді қайтару туралы қылмыстық істер бойынша дәлелдеудің проблемалық сипаты предикаттық қылмысты өшкерелеудің, қылмыстық активтердің шығу көздерін белгілеудің, мүлік пен қылмыс арасындағы байланысты анықтаудың қиындығымен түсіндіріледі.

«Активтер» ұғымы және олардың активтерді қайтару туралы қылмыстық істердегі мағыналары тұжырымдалған.

Бұл ретте активтерді қайтару саласындағы негізгі халықаралық құжаттар – БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы, Есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі Вена конвенциясы және басқа да құжаттар болып табылады.

Ұлттық заңнама **халықаралық стандарттарға сәйкес келетінін** және қылмыстық кірістерді жылыстатуға, оның ішінде «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» жаңа ҚРЗ-ға бағытталғанын айта кету керек.

Қылмыстық активтерді қайтаруға байланысты қылмыстық істер бойынша дәлелдеу ерекшеліктері ашылды және қатыстылық, жол берілетіндік, анықтық және **жеткіліктіліктілік** жиынтығы сияқты дәлелдемелерді бағалау белгілерін қамтиды.

Осы санаттағы істерді сәтті дәлелдеу үшін көрсетілген критерийлерді сәйкестеу, заңды процестік шешімдер қабылдауға негіз болатын қылмыстық-процестік заңнама нормаларын **сақтау** қажет.

Құқық қолдану тәжірибесін талдау барысында, мүліктің қылмыстық шығу тегі мен предикаттық қылмыстар арасындағы **байланыстың дәлелденбеуіне** байланысты, қылмыстық істерді сотта дәлелдеудің айтарлықтай қиындықтары анықталды.

Мұндай шешімдердің себептеріне сотқа дейінгі тергеп-тексерудің **қателіктері**, қажетті дәлелдемелердің **болмауы** және қолданыстағы заңнама мен Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары арасындағы **қайшылықтар** жатады. Ұқсас жағдайларда соттар жиі қарама-қайшы шешімдер қабылдайды. Бұл ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттыру үшін, құқық қолдану тәжірибесін жақсарту және заңнамалық базаны жетілдіру қажеттілігін көрсетеді.

Шетелдік тәжірибені талдау көрсеткендей, мүліктің қылмыстық шығу тегін дәлелдеу көбінесе **жанама** дәлелдерге негізделеді және нақты предикаттық қылмысты анықтауды талап етпейді. Мысалы, АҚШ, Ұлыбритания, Нидерланды және басқа да бірқатар елдердің сот тәжірибесі осы санаттағы істерді тергеуде кешенді көзқарасты көрсетеді. Бұл тәсілдерді Қазақстан қолдануы

керек деп санаймыз. Яғни Нидерландының **«Алтыкезеңдік шешімі»** сияқты дәлелдемелік критерийлерін енгізу – тиімді сотқа дейінгі тергеп-тексеруге мүмкіндік береді.

Осылайша авторлар активтерді қайтару туралы қылмыстық іс бойынша дәлелдемелердің жеткіліктілігі тізімінің үлгілік алгоритмін анықтау іс жүзінде мүмкін емес деген қорытындыға келді. Осыған байланысты ҚПК-нің 25 және 125-бабы талаптарына сәйкес, **дәлелдемелерді бағалау** заң мен ар-ожданды басшылыққа ала отырып, көрсетілген дәлелдемелердің жиынтығына негізделген ішкі сенім бойынша жүзеге асырылады.

АКТИВТЕРДІ ҚАЙТАРУ ТУРАЛЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША ДӘЛЕЛДЕУ

the product of scientific research

Авторлық ұжым: Сердалинов Қ.М., Рысқұлов Д.А., Маханов Т.Ғ., Жұмабеков А.

Оқу құралында активтерді қайтару туралы қылмыстық істер бойынша дәлелдемелердің теориялық және практикалық мәселелері ашылады. Басылым студенттер мен тыңдаушыларға, қылмыстық іс жүргізу құқығы саласындағы мамандарға, прокурорларға, тергеушілерге, ғалымдар мен тәжірибелі заңгерлерге, сондай-ақ аталған мәселелерге қызығушылық танытқандарға арналған.

«Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» 2023 жылғы 12 шілдеде ҚРЗ

Активтер – Қазақстан Республикасындағы және оның шегінен тысқары жердегі мүлктік иіліктер мен құқықтар (мүлік), оған қоса осындай мүлктен алынған (алынатын) кез келген мүлктік иілік пен құқық (мүлік).

Заңсыз иемденілген активтерді қайтару қылмыс жасау нәтижесінде пайда болған кірістер мен мүліктерді алу құралы болып табылады → (сыбайлас жемқорлық схемаларын іске асыру салдарынан ұрланған немесе сатып алынған және шетелде жасырылған) ақша мен мүлік.

Палерма (6-бап) және Мерид (23-бап) конвенцияларында келесі қасақана әрекеттер **қылмыстық жазаланатын** болып табылады:

- мүлкті конверсиялау немесе беру
- мүлкті жасыру немесе жасырып қалу
- мүлкті иемдену, иелену немесе пайдалану
- мүлкті жылыстатуға қатысу, қатысы болу немесе сөз байласу

Қылмыстық кірістер деп қылмыстық жолмен алынған (иемденілген):



және де азаматтық айналымда тыйым салынбаған өзге мүліктер танылады

Халықаралық конвенциялар

- Ақша белгілерін қолдан жасауға қарсы күрес жөніндеп 1929 жылғы халықаралық конвенция (**Женева конвенциясы**)
- Есорткі және психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы БҰҰ конвенциясы (**Вена конвенциясы**)
- Қылмыстық әрекеттен түскен табыстарды жылыстату, анықтау, алып қою және тәркілеу туралы 1990 жылғы конвенция (**Страсбург конвенциясы**)
- Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы БҰҰ конвенциясы (**Палерма конвенциясы**)
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы БҰҰ конвенциясы (**Мерид конвенциясы**)

ТМД заңнамалары

- Шаруашылық қымбатты жүзеге асырумен байланысты дауларды шешу тәртібі туралы келісім (**1992 жылғы 20 наурыз, Киев**)
- Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенция (**1993 жылғы 7 қаңтар, Минск**)
- Достыққа қатысушы мемлекеттердің аумақтарында төрелік, шаруашылық және экономикалық соттардың шешімдерін өзара атқарудың тәртібі туралы келісім (**1998 жылғы 6 наурыз, Мәскеу**)
- Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенция (**2002 жылғы 7 қазан, Кишинев**)
- Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразиялық топ туралы келісім (**2011 жылғы 4 шілде, Мәскеу**)

«Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы Заңының 1-бабы II-тармағы

ҚҚ-нің 218-бабы. Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлкті заңдастыру (жылыстату)

Қылмыстық құқық бұзушылықтардан түскен кірістер, оның ішінде қылмыстық жолмен алынған мүлктен түсетін кез келген кірістер болып табылатын мүлкті конверсиялау немесе аудару түрінде **мәмілелер** жасасу арқылы қылмыстық жолмен алынған **ақшаны** және (немесе) өзге мүлкті заңды айналымға **тарту** не мұндай мүлкті **иелену** және **пайдалану**, егер мұндай мүлктің қылмыстық құқық бұзушылықтардан түскен кірістер болып табылатыны белгілі болса, оның шынайы сипатын, көзін, орналасқан жерін, оған билік ету, оны ауыстыру тәсілін, мүлікке құқықтарды немесе оның тиесілігін **жасыру** немесе **жасырып қалу**, сол сияқты қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлкті заңдастыруға делдалдық ету

«Соттардың экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылық істер бойынша заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2020 жылғы 24 қаңтардағы № 3 Нормативтік қаулысының 19-тармағы

«О Бетеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2005 жылғы 11 шілдедегі № 8 нормативтік қаулысының 5-тармағы




Келесі мән-жайлар (оның ішінде айыптаудан бас тарту) ақтауға негізгі себеп болып табылады:

- артық айыптау (№25 НҚ-ның 19-тармағы);
- қылмыс құрамы жоқ (тәркілеу, дәлелдемелер жоқ);
- мүлктің қылмыстық шығу тегі жоқ





АКТИВТЕРДІ ҚАЙТАРУ ТУРАЛЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША ДӘЛЕЛДЕУ

the product of scientific research



Ақшаны жылыстатудың негізгі әдістері

- Құрылымдау (**Smurfing**)
- Ақшаны сауда арқылы жылыстату (**TBML**)
- Жалған компаниялар мен қолдан жасалған фирмалар (**Shell Companies**)
- Оффшорлық шоттар
- Жылжымалы мүлік арқылы алаяқтық
- Криптовалюталарды пайдалану
- Ойын схемалары (**gambling**)
- Жасанды инвойстар мен келісімшарттар
- Қаржы пирамидалары
- Алдын ала теленген карталар мен ваучерлер
- Қазынашылық бағалы қағаздар мен облигациялар
- Транзакциялардың бірнеше қабаттары бар күрделі схемалар
- Халықаралық трасттар мен қорлар

Қылмыстық кірістерді заңдастыру деп тану үшін келесін дәлелдеу қажет:

- жалған қарыз шарттарын жасау, оның ішінде медиациялық келісімдерді, нотариустардың жазуларын пайдалану арқылы
- ақша алынына заңдылық көрінісін беру үшін жалған келісімдер жасау
- жалған шарттар бойынша, жалған негіздер бойынша ұрланған қаражатты бақылаудағы ұйымдардың шоттарына аудару
- қылмыстық кірісті заңдастыру мақсатында арнайы құрылған «бір күндік» компанияларының шоттарына ұрланған қаражатты аудару
- шоттар бойынша қаражаттың ойдан шығарылған нозгальсының және қаржылық-шаруашылық қызметтің көрінуі схемасын құру
- ұрланған қаражатқа бақылаудағы адамдарға ресімделген ұйымдардың жариялық қағазындағы үлестерді сатып алу
- қылмыстық сатып алуы алаяқтық, бопсалау кезінде осы объектіге меншік құлағы туралы көрінеу жалған құжаттармен бүркемеленетін жылжымайтын мүлік объектісін сатып алу-сату
- бюде адамдар мен жалған меншік иелерінің қатысуымен ұрланған мүлікпен мүмкінелер жасау
- бақылаудағы адамдарға тіркелген жылжымалы және жылжымайтын мүлікті ұрланған қаражатқа сатып алу, оның ішінде оны иеленуге заңды түр беру мақсатында кейіннен қайта сату
- заңдастырудың басқа жолдары

Активтерді қайтару туралы істер бойынша дәлелдеу процесінің негізгі аспектілеріне назар аудару қажет:

1. Предикатты қылмысты ашкерелеудің күрделілігі
2. Жанама дәлелдемелерді пайдалану
3. Ниетті дәлелдеу
4. Халықаралық ынтымақтастық
5. Сараптамалық қорытындыларды пайдалану
6. Куә айғақтарының рөлі
7. Цифрлық дәлелдемелерді пайдалану

Қылмыстық кірістерді заңдастырғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін келесін дәлелдеу қажет:

заңдастыру (жылыстату) пені болып табылатын мүлкікті алу фактісі

қаржылық операцияларды немесе басқа да мәмілелерді жасау кезінде субъектінің ақша қаражатын немесе өзге де мүлкікті иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге заңды түр беру мақсатын көздеу

ҚК-нің 218-бабында көзделген қылмыстық әрекеттерді сипаттау кезінде ҚПК-нің 323-бабының тәртібімен қайтаруды болдырмау үшін мыналарға назар аудару қажет:

айыптау актісінде қылмыстың жасалған күні, уақыты және орнын дұрыс көрсету

айыптау актісінде қылмыстың объективті және субъективті жағы белгілерінің болуы: айыптау мән, қылмыс жасау тәсілдері, ниеті мен мақсаты, салдарларының және басқа да мән-жайлардың болуы

айыптау актісінде айыпталушының қаржылық операцияларды және басқа да мәмілелерді жасау мақсатын сипаттау: қылмыстық жолмен алынған ақша қаражаттары мен өзге де мүлкікті иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге заңды түр беру

ҚК 218-бабында көзделген қылмыс жасады деп айыптау актісінде предикаттық қылмыстың сипаттамасының болуы

айыптаудағы қылмыстың әрбір қатысушысының қылмыстық ниетті іске асырудағы рөлін ол айыптайтын құрамдарды ескере отырып нақтылау, қылмыс жасау кезінде нақты әрекеттерді көрсету

ТҰЖЫРЫМ

Активтерді қайтару туралы қылмыстық істер бойынша дәлелдемелердің жеткіліктілігі тізбесінің шаблондық алгоритмін белгілеу іс жүзінде мүмкін емес. Сондықтан әрбір дәлелдеме - оның қатыстылығы, жол берілетіндігі, анықтығы, ал барлық жиналған дәлелдемелер өз жиынтығында қылмыстық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан бағалануға тиіс (**ҚПК-нің 125-бабының бірінші бөлігі**). Судья, прокурор, тергеуші, анықтаушы дәлелдемелерді қаралған дәлелдемелердің жиынтығына негізделген өзінің ішкі сенімі бойынша бағалайды, бұл ретте ол заң мен ар-оқанды басшылыққа алады (**ҚПК-нің 25-бабының бірінші бөлігі**).



ОҚУ ҚҰРАЛЫ QR-CODE БОЙЫНША



2

ҮЛГІ

**Сот алдында мүлікке тыйым салу туралы өтінішхатты қозғау туралы
ҚАУЛЫ**

_____ «__» _____ 20__ жыл
(түзілген орны)

Тергеуші (анықтаушы) _____
(Сотқа дейінгі тергеу органының атауы,

_____,
Тергеушінің (анықтаушының сыныптық шені, аты-жөні)
№ _____, қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

АНЫҚТАДЫ:

Экономикалық тергеу департаментінің тергеу басқармасының өндірісінде
ҚР ҚК 218-бабы бойынша қозғалған

(істің фабуласы, қылмыстық құқық бұзушылық мән-жайларының қысқаша баяндалуы,
қылмыстық құқық бұзушылықтан келтірілген залалдың мөлшері)
фактісі бойынша № _____ сотқа дейінгі тергеп-тексеру бар.

_____ (ТАӨ, туған күні) санкциясы
мүлікті тәркілеуді көздейтін ҚР ҚК-нің 218-бабы бойынша күдікті ретінде
танылды.

Уәкілетті органдардың мәліметінше, күдікті _____:
(ТАӨ)

- _____
(тыйым салуды қажет ететін мүліктің сипаттамасы)
меншік иесі болып табылады;

- _____
(тыйым салуды қажет ететін мүліктің сипаттамасы)
сатып алып, жақын туыстарына немесе сенімді адамдарға тіркеді.

Маман/сарапшының _____ жылғы _____ № _____
қорытындысына сәйкес,

(тыйым салуды қажет ететін мүліктің сипаты, соның ішінде
техникалық сипаттамасы)
құны _____ тенгені құрайды.

Көрсетілген мүліктің дәлелі, атап айтқанда _____

_____,
(тыйым салуды қажет ететін мүліктің сипаттамасы)

Сипаттауға жатады:

- қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған;
 - қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған мүліктен түскен кірістер болып табылады;
 - ішінара немесе толығымен басқа мүлікке айналған немесе айналдырылған;
 - экстремистік немесе террористік әрекетті не қылмыстық топты қаржыландыру және өзге де қамтамасыз ету үшін пайдаланылған немесе арналған;
 - қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы болып табылған
- келесілер болып табылады:

(дәлелдемелер сипатталуға тиіс)

- күдіктілердің, олардың жақын туыстары мен сенімді өкілдерінің жылжымалы және жылжымайтын мүлікке иелік ету тарихын талдау, оны сатып алу мерзімін, сатып алу, иеліктен шығару және одан әрі пайдалану үшін материалдық мүмкіндіктердің болуын анықтау;
- сатып алу заңдылығы күмәнді жағдайларда сатып алу әдістерін және нақты бенефициар иесін анықтау мақсатында мүліктің тарихын талдау (мысалы: тергеу әрекеттері кезінде құқық қорғау құжаттары, коммуналдық қызметтерді төлеу, салықтар және т.б. туралы ақпарат табылған жағдайда);
- мүлкі тіркелген тұлғалардың (күдіктілер, олардың жақын туыстары және сенімді өкілдері) табысын анықтау және оны сатып алынған мүліктің құнымен салыстыру үшін банк шоттарына ақша алу туралы ақпаратты талдау;
- мүлік салығын төлеу туралы ақпарат (салық органдарын);
- мәлімделген мүлік туралы жыл сайынғы декларациялардағы мәліметтер (салық органдарының);
- өкімшілік айыппұлды төлеу (салық органдары), сақтандыру полисі, көлік құралын техникалық байқау;
- коммуналдық қызметтерге ақы төлеу туралы ақпарат (банк шоттары немесе коммуналдық қызметтердің мәліметтері бойынша);
- мүлікпен нотариаттық әрекеттер жүргізуге берілген сенімхаттардың болуы (нотариалдық палата);
- ортақ құрылысқа қатысу, салынып жатқан объектілерде жылжымайтын мүлікті алдын ала брондау туралы ақпарат;
- заңды тұлғалардың акцияларын, бағалы қағаздарын, жарғылық капиталына қатысу үлестерін иелену туралы ақпарат;
- мүлік тіркелген тұлғалардың, алдыңғы және кейінгі меншік иелерінің айғақтары;
- мүлікті қайта тіркеуге қатысы бар тұлғалардың (нотариустар, ХҚКО қызметкерлері, құрылыс компанияларының қызметкерлері, сенімхат бойынша мәмілелер жасайтын тұлғалар және т.б.) айғақтары;
- мүлікті иелену мен пайдалануды куәландыратын тұлғалардың (пәтердегі немесе үйдегі көршілер, күзетшілер, консьерждер, ПМК өкілдері, сақтандыру компанияларының өкілдері және т.б.) айғақтары;
- күдіктінің мүлікті иелену фактісін растайтын АЖІШ және ЖТӨ (заңдастырылған) нәтижелері бойынша алынған ақпарат.

Уәкілетті тіркеу органдарынан сұралған, қамауға алуға рұқсат беру үшін сотқа жіберілген материалдарға көшірмелері қоса берілген тақырыптық құжаттарда көрсетілген ақпарат зерттелуі және қаулыда

көрсетілуі тиіс (ХҚКО, ІЮ, Ауыл шаруашылығы министрлігі, ҚР ИИДМ Көлік комитеті (су кемелері), «Қазақстан авиациялық әкімшілігі» АҚ (әуе кемелері), нотариустар).

Сонымен күдікті _____

_____ (тыйым салуға жататын мүліктің сипаттамасы)

қылмыстық жолмен алған кірістерге (қылмыстық жолмен алынған мүлікті пайдаланудан алынған кірістер) сатып алған. Одан әрі ресми түрде және жасыру мақсатында _____

(сенімді тұлғаның А.Т.Ә)

атына тіркеген.

Іс бойынша _____ теңге сомасына азаматтық талап арыз берген _____ (ТАӘ) жәбірленушінің өкілі ретінде танылды.

_____ әрекеті _____ теңге көлемінде шығын әкелгенін жәбірленушінің өкілі _____ түсіндірді.

Сонымен қатар, жәбірленушінің өкілі әрекеті осы зиян келтірген күдікті _____ көрсетілген соманы өндіріп алуды сұрайды.

ҚР ҚПК-нің 24-бабы 1-бөлігінің талаптарына сәйкес, тергеуші істі дұрыс шешуге қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін заңда көзделген барлық шараларды қолдануға міндетті.

ҚР ҚПК-нің 60-бабы 5-бөлігінің талаптарына сәйкес, қылмыстық істер бойынша тергеп-тексеру жүргізген кезде тергеуші **қылмыстық жолмен табылған не қылмыстық жолмен табылған қаражатқа сатып алынған, басқа тұлғалардың меншігіне берілген мүлікті анықтау үшін де шаралар қолдануға міндетті.**

ҚР ҚПК-нің 161-бабы 1-бөлігінің талаптарына сәйкес, **сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам үкімнің азаматтық талап қою, басқа да мүліктік өндіріп алулар немесе мүлікті ықтимал тәркілеу бөлігінде орындалуын қамтамасыз ету мақсатында мүлікке тыйым салуды қолдану шараларын қабылдауға міндетті.**

ҚР ҚПК-нің 161-бабының 2-бөлігіне сәйкес, мүлікке тыйым салу оның меншік иесіне немесе иеленушісіне арналған, осы мүлікке билік етуге, ал қажет болған жағдайларда оны пайдалануға тыйым салудан не мүлікті алып қоюдан және оны сақтауға беруден тұрады.

Осыған байланысты мүлікті сақтау мақсатында, атап айтқанда _____

_____ (жылжымалы мүліктің сипаттамасы)

оны алып, сақтауға тапсыру керек _____

_____ (мүліктің сақталуына жауапты ұйымды көрсету қажет)

ҚР ҚПК-нің 163-бабы 4-бөлігіне сәйкес, мүліктің қылмыстық жолмен алынғаны туралы анық деректер бар болған, бірақ бұл мүлікті анықтау мүмкін болмаған кезде тергеу судьясы оған құны бойынша баламалы басқа мүлікке тыйым салуға құқылы (бұл норма тыйым салынуға жататын мүлік жасырылған, жоғалған және т.б. жағдайларда қолданылуы тиіс).

ҚР ҚПК-нің 161-бабы 8-бөлігіне сәйкес, егер басқа тұлғалардағы мүлік күдіктінің, айыпталушының қылмыстық әрекеттері нәтижесінде алынған не қылмыстық құқық бұзушылық қаруы үшін пайдаланылған немесе пайдалануға арналған деп пайымдауға жеткілікті негіздер болса, ол мүлікке тыйым салу қолданылуы мүмкін.

«Соттардың экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылық істер бойынша заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» 2020 жылғы 24 қаңтардағы № 3 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысының 35-тармағына сәйкес кіріс, экономикалық қызмет саласында қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған кіріс кінәлі адамнан өндіріп алынуға және қылмыстық жолмен жиналған негізсіз баюдың нәтижесі ретінде мемлекет кірісіне айналдыруға жатады *(осы абзац экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін қолданылады, яғни ҚР ҚК-нің 8-тарауында көрсетілген)*.

ҚР ҚК-нің 48-бабы 2 және 3-бөлігіне сәйкес тәркілеуге мынадай:

1) заңды иесіне қайтарылуға жататын мүлікті және одан түскен табыстарды қоспағанда, қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған ақша мен өзге мүлік және осы мүліктен алынған кез келген табыс;

2) қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған мүлік пен осы мүліктен алынған табыстар ішінара немесе толығымен ауыстырылған немесе айналдырылған;

3) экстремистік немесе террористік әрекетті не қылмыстық топты қаржыландыруға немесе өзге де қамтамасыз етуге пайдаланылатын немесе арналған;

4) қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы болып табылатын;

5) осы бөліктің 1), 2), 3) және 4) тармақтарында көрсетілген, сотталған адам басқа тұлғалардың меншігіне берген ақша және өзге де мүлік жатады.

Егер осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілген мүлікке кіретін белгілі бір затты тәркілеу осы затты тәркілеу туралы сот шешімі қабылданған кезде оның пайдаланылуы, сатылуы немесе өзге де себептері бойынша мүмкін болмаса, ҚК-нің 48-бабы 3-бөлігіне сәйкес сот шешімі бойынша осы заттың құнына сәйкес келетін ақшалай сома тәркіленуге жатады

Қамауға алынуға жататын жоғарыда аталған жылжымайтын мүлік *(ақша қаражаты, көлік)* ҚК-нің 48-бабы 5-бөлігіне сәйкес тәркіленуге жатпайтын мүлік болып саналмайды, атап айтқанда:

- қылмыстық-атқару заңнамасында көзделген тізбеге сәйкес сотталған адамға немесе оның асырауындағы адамдарға қажетті мүлік;

- егер олар «Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлікті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында қылмыстық жауаптылықтан босату көзделген қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынса, осы Заңға сәйкес жария етілген ақша және өзге де мүлік тәркіленуге жатпайды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде ҚР ҚПК-нің 24, 60, 161, 162, 163, 198-баптарын басшылыққа ала отырып,

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. _____ мамандандырылған тергеу сотына аз. _____ атына тіркелген _____ мүлікке тыйым салуға рұқсат беру туралы өтініш берілсін.

2. Мүлікті пайдалануға тыйым салынсын, атап айтқанда _____ және сақтауды қамтамасыз

ету мақсатында ҚР ҚПК-нің 163-бабы 11-тармағына сәйкес _____
_____ сақтау қоймасына өткізілсін.

3. Қаулының көшірмесі қадағалаушы прокурорға жіберілсін.
4. Қабылданған шешім туралы мүдделі адамдар хабардар етілсін.
5. Мүлікке тыйым салу туралы қаулыны ҚР ҚПК-нің 163-бабы 7-бөлігіне сәйкес орындау үшін сот орындаушысына жіберілсін.

Тергеуші (анықтаушы)

(қолы)

(Т.А.Ә)

Мүлікке тыйым салу кезінде ҚПК 161-бабының 9-бөлігінде көрсетілген мән-жайларды да ескеру қажет, яғни тыйым салынуға жататын мүлік **жасырылуы немесе жоғалтылуы мүмкін** деп пайымдауға негіз болған жағдайларда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам прокурорды және сотты жиырма төрт сағат ішінде хабардар ете отырып, он тәуліктен аспайтын мерзімге **мүлікпен мәмілелер және өзге де операциялар жасауды тоқтата тұруға** не мүлікті алып қоюға құқылы.

**Қылмыстық жолмен табылған мүліктің жоқтығы туралы
ҚАУЛЫ**

Энск қ.

«01» қаңтар 20__ жыл

Энск облысы бойынша ЭТД ТБ АМІЖ тергеушісі И.И. Иванов №00000123456789 қылмыстық іс материалдарын қарап,

АНЫҚТАДЫ:

Энск облысы бойынша ЭТД Тергеу басқармасының өндірісінде «ААААА» қаржылық (инвестициялық) пирамидасының Энск қаласындағы құрылымдық бөлімшесін басқарған И.К.Сидоровқа және т.б. тұлғаларға қатысты ҚР ҚК-нің 217-бабы 2-бөлігі 1-тармағы бойынша №00000123456789 қылмыстық іс бар.

ҚР ҚМА КБ маманының 01.01.20__ жылғы №001 қорытындысына сәйкес, И.К. Сидоровтың 01.01.20__ жылдан бастап 01.01.20__ жылға дейінгі кезеңде «ААААА» қаржы пирамидасына жинаған қаражат көлемі 30 111 100 теңгені құрады.

01.02.20__ жылы 01.01.19__ ж.т., күдікті И.К. Сидоровтың әрекеттері ҚР ҚК-нің 217-бабы 2-бөлігі 1-тармағы бойынша сараланған.

ҚР ҚПК-нің 24-бабы 1-бөлігінің талаптарына сәйкес, тергеуші істі дұрыс шешуге қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін заңда көзделген барлық шараларды қолдануға міндетті.

ҚР ҚПК 60-бабының 5-бөлігіне сәйкес, тергеуші қылмыстық жолмен табылған не қылмыстық жолмен табылған қаражатқа сатып алынған, басқа тұлғалардың меншігіне берілген мүлікті анықтау үшін де шаралар қолдануға міндетті.

Осылайша, уәкілетті органдардың (ҚАО ААЖ, «Азаматтарға арналған үкімет» ҰАҚ) күдіктінің, олардың жақын туыстарының және сенімді адамдарының жылжымалы және жылжымайтын мүлікке иелік етуі туралы ақпаратты талдау барысында келесілер анықталды:

Күдіктінің әкесі Сидоров К.К., 01.01.19__ жылы туған, келесі мекенжайда пәтері бар: Энск қ., Абай көш. 4-үй, 10-пәтер, 01.01.20__ ж. жекешелендіру шарты бойынша алған.

Күдіктінің анасы М.М. Сидорованың 01.01.19__ ж.т., атына 20__ жылғы маусым айында «Lada Priora» көлігі тіркелді, 20__ ж. Бірыңғай сақтандыру деректер базасындағы ақпаратқа сәйкес, көлікті күдіктінің ағасы Д.К.Сидоров басқарады.

Сонымен қатар, күдіктінің ағасы Сидоров Д.К., 01.01.19__ жылы туған, 20__ жылғы қыркүйекте ипотекаға мына мекенжайда орналасқан Энск қаласы, Абай көш. 24-үй, 214-пәтер, пәтер сатып алған.

Күдіктінің әйелі 01.01.19__ ж.т., Н.А.Сидорова, қызы – 01.01.20__ ж.т., А.И.Сидорованың атына жылжымалы немесе жылжымайтын мүлік тіркелмеген.

Күдікті И.К. Сидоров әйелі және қызымен бірге Энск қ. Абай көш. 4-үй, 10-пәтер мекенжайында әкесінің пәтерінде тіркелген және тұрады, бұл да ЖТӨ материалдарымен расталды.

Күдікті И.К. Сидоров «Kaspi bank» АҚ, «Home Credit Bank» АҚ, «Банк Фридом Финанс Казахстан» АҚ, «Қазақстан Халық банкі» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ шоттары (карталық шоттарды қоса алғанда) бар, нөлдік және

шамалы шығыс қалдығы бар. Оның сейфтік жәшіктерде, шкафтарда және үй-жайларда сақтаулы тұрған мүлкі жоқ. Басқа ЕДБ-де шоттары жоқ.

Күдіктінің әкесі мен анасының «Қазақстан Халық банкі» АҚ-да зейнетақы алатын шоттары бар, басқа табыс көздері жоқ.

Н.А. Сидорова «ССС» ЖШС менеджері болып жұмыс істейді, «Kaspi bank» АҚ карточкалық шоты бар, ол сол арқылы жалақы алады.

Күдіктінің ағасы Д.К. Сидоров «ЕЕЕ» ЖШС заңгер болып жұмыс істейді, басқа табысы жоқ. «Kaspi bank» АҚ, «Home Credit Bank» АҚ шоттары (соның ішінде карточкалық) бар, банк үзінділері бойынша әкесінің пәтері үшін коммуналдық қызметтерді, мүлік салығын және көлік салығын, сондай-ақ анасына тіркелген көлік үшін айыппұлдарды төлейді.

Сонымен қатар, ақпаратқа сәйкес (ҚАО ААЖ, «Азаматтарға арналған үкімет» ҰАҚ) жоғарыда аталған тұлғалар директорлар болып табылмайды және заңды тұлғаларға қатысу үлесі жоқ.

«Е-нотариат» мәліметтеріне сәйкес, мүлікпен нотариаттық іс-әрекеттер жасауға берілген сенімхаттар жоқ.

ЖАО мәліметтеріне сәйкес, күдікті мен оның жақын туыстарына қатысты үлестік құрылысқа қатысу, салынып жатқан нысандардағы жылжымайтын мүлікті алдын ала брондау туралы ақпарат жоқ.

«Орталық бағалы қағаздар депозитарийі» АҚ ақпаратына сәйкес, күдікті мен оның жақындарының акциялары жоқ.

ПҚТ сұралған жауапқа сәйкес, күдікті И.К. Сидоровтың және оның жақын туыстарының күдікті операциялары туралы ақпарат жоқ.

ҚМА ПжАӘД жіберілген сұрау хат жауабына сәйкес күдікті И.К. Сидоровтың және оның жақын туыстарының криптоәмияндары жоқ.

АЖІШ және ЖТӘ жүргізген нәтижелерді зерделеу барысында, қылмыстық жолмен табылған немесе қылмыстық жолмен иемденілген қаражатқа сатып алынған, басқа тұлғалардың меншігіне берілген басқа мүлік анықталмаған.

Осылайша, сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында күдікті И.К. Сидоровтың жақын туыстарының мүлкі қылмыс жасалғанға дейін сатып алынған және оның қылмыстық шығу тегі туралы дәлелдемелер анықталмаған.

Жауап алу кезінде күдікті И.К. Сидоров жиналған қаражатты өз қажеттіліктеріне, сондай-ақ 5,1 млн теңге көлеміндегі қаражатты 20__ жылғы қыркүйекте отбасымен шетелде Түркияға демалуға жұмсағанын көрсетті.

Шекара қызметінің мәліметінше, күдікті И.К. Сидоров әйелімен және қызымен бірге, сондай-ақ оның ата-анасы 01.01.20__ 30.12.20__ аралығында шекарадан өткені туралы ақпарат бар.

Кеден органдарының жауабына сәйкес, сыртқы экономикалық қызметке қатысу, берілген декларациялар, құндылықтарды, қаражатты және басқа да мүлікті кедендік шекара арқылы өткізу туралы ақпарат жоқ.

«ТУРИСТ» ЖК туристік агенттігінің менеджері А.А. Андреевадан куә ретінде жауап алу барысында И.К. Сидоров 20__ қыркүйекте Түркияға туристік жолдама сатып алып, 5,1 миллион теңге көлемінде қолма-қол ақша төлеген.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында күдікті И.К. Сидоровтың, сондай-ақ оның жақын туыстарының қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кезде (01.01.20__ ж. мен 01.01.20__ ж. аралығында) және одан кейін мүлікті сатып алуы анықталған жоқ.

Тергеп-тексеру барысында күдікті И.К. Сидоровтан мүлік, оның ішінде қылмыстық жолмен табылған немесе қылмыстық жолмен табылған қаражатқа сатып алынған мүлік, басқа адамдардың меншігіне берілген мүліктің бар не жоғы туралы дәлелдемелерді жинау бойынша барлық шаралар қабылданды.

Тыйым салуға жататын мүлкіті анықтаудың барлық мүмкіндіктері таусылғанын ескере отырып, күдіктінің қылмыстық жолмен табылған немесе қылмыстық жолмен иемденілген қаражатқа сатып алынған, басқа тұлғалардың меншігіне берілген мүлкінің жоқтығын мойындау қажет.

Мазмұндалғанның негізінде, ҚР ҚПК-нің 24, 60, 198-баптарын басшылыққа ала отырып,

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Күдікті И.К. Сидоровтың қылмыстық жолмен табылған немесе қылмыстық жолмен иемденілген қаражатқа сатып алынған, басқа тұлғалардың меншігіне берілген мүлкі жоқ деп танылсын.

2. Күдікті И.К. Сидоровтың мүлкінің болмауына байланысты, мүлкіті тәркілеу туралы сотқа өтініш беру туралы қаулы шығаруға негіз жоқ.

3. Қаулының көшірмесі қадағалаушы прокурорға жіберілсін.

4. Қабылданған шешім туралы мүдделі адамдар хабардар етілсін.

**Энск облысы бойынша ЭТД
Тергеу басқармасы АМІЖ тергеушісі**

И.И. Иванов

«БЕКІТЕМІН»

Прокурор

(прокуратура органының атауы,

сыныптық шені, тегі, прокурордың аты-жөні)

(қолы)

« 20 » ж.

АЙЫПТАУ АКТІСІ

Энск қ.

«__» _____ 20__ жыл

Жазу уақыты: «__:__» сағат. – «__:__» сағат.

Кіріспе бөлігі: _____,
(айыптау актісін жасаған адамның лауазымы, тегі және аты-жөні)

№ _____ сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарын қарап шығып, ҚР ҚПК 60, 298-300, 302-1-баптарының талаптарын сақтай отырып,

_____ (айыпталушының (айыпталушылардың) тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде), айыпталушы (айыпталушылар) туралы мәліметтерді (азаматтығы, отбасылық жағдайы, айналысатын кәсібі, білімі, тұрғылықты жері, сотталғандығының бар-жоғы), оны (оларды) сипаттайтын өзге де деректерді, оған (оларға) қатысты таңдалған бұлтартпау шарасын, оның (олардың) әрекеттері сараланатын қылмыстық заңды (бапты, бөлікті, тармақты) көрсетеді)

Сипаттау-уәждеу бөлігі: _____
(күдіктің мәні, қылмыстың жасалған орны мен уақыты, оның әдістері, себептері, салдары және басқа да маңызды мән-жайлар, жәбірленуші туралы мәліметтер, айыпталушының кінәсін растайтын дәлелдемелер көрсетіледі)

Айыптаудың мән-жайлары:

Саидов С.С., 10.01.20__ жылдан 20.04.20__ жылға дейінгі кезеңде Энск қаласында «А» ЖШС атынан сатып алушы «В» ЖШС атына жалпы сомасы **1 млрд теңгеге** іс жүзінде жұмыстарды орындамай, қызметтер көрсетпей, тауарларды тиеп-жөнелтпей шот-фактура жазу бойынша әрекеттер жасағаны анықталды.

Соттың 01.02.20__ жылғы шешімімен жалғыз құрылтайшысы және директоры С.М. Иванов болып табылатын «А» ЖШС тіркеуі жарамсыз деп танылды.

Энск қаласы бойынша МКД-нің 20.05.20__ жылғы қорытындысына сәйкес «А» ЖШС жеткізушісі мен «В» ЖШС сатып алушысы арасындағы өзара есеп айырысулар бойынша бюджетке төленбеген салықтардың сомасы **320 млн. теңге**, оның ішінде ҚҚС – **120 млн теңге**, КТС – **200 млн теңге**.

Сол күні С.С. Саидовқа қатысты «А» ЖШС атынан жалған шот-фактураларды беру фактісі бойынша ҚР ҚК-нің 216-бабы 3-бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды.

«А» ЖШС-нен «Б» ЖШС-не жалған шот-фактураларды бергені үшін С.С. Саидов шығарылған шот-фактуралар айналымының сомасынан «Kaspi Bank» АҚ-дағы жеке шотына аудару арқылы **40 млн теңге** немесе 4% көлемінде ақшалай сыйақы алды.

Осылайша, С.С. Саидов мемлекетке аса ірі залал келтірген мүліктік пайда алу мақсатында іс жүзінде жұмыстарды орындамай, қызмет көрсетпей, тауарларды тиеп-жөнелтпей, жалған шот-фактураларды беру бойынша әрекеттерді, яғни, ҚР ҚК-нің 216-бабы 3-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасады.

Адамды айыптауға негіз болатын мән-жайларды растайтын дәлелдемелер тізбесінің сипаттамасы (*куәгерлерден жауап алу, сараптама қорытындылары, құжаттарды тексеру және т.б.*).

Осы қылмыстық іс бойынша жәбірленуші ретінде (жәбірленушінің өкілі) _____ танылды, _____ пайдасына _____ теңге өндіріп алу туралы азаматтық талап қойылған _____.

(жәбірленуші, оған келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері туралы мәліметтер)

ҚК-нің 48-бабына сәйкес ықтимал тәркілеуге жататын мүлік туралы ақпарат _____

(ҚК-нің 48-бабына сәйкес мүліктің ықтимал тәркіленуге жататынын растайтын дәлелдемелердің тізбесі көрсетіледі).

Көрсетілген мүліктің қылмыс жасау нәтижесінде алынғанының дәлелі келесілер болып табылады:

МЫСАЛ: Абай көшесі, 12 мекенжайындағы «А» ЖШС кеңсесінде тінту кезінде С.С. Серіковке тиесілі «Samsung» ұялы телефоны тәркіленді. Оны тексеру нәтижесінде шот-фактураларды беру және 4% сыйақы аудару бойынша қызметтерді көрсету шарттары туралы Р.Т. Игорьевпен хат алмасу анықталды.

Анықтама үшін: Ұялы телефонда орнатылған ақпараттан басқа, күдіктінің, оның жақын туыстарының банктік шоттары арқылы ақша қозғалысы туралы, сенімді тұлғалар, бақыланатын кәсіпорындар, жазба кітапшасы, АЖІШ және ЖТӨ нәтижелері және куәгерлердің сөздерінен ақпарат негізінде жалған шот-фактураларды (қолма-қол ақшаға айналдыру) бергені үшін сыйақы мөлшерін де анықтауға болады.

Бұл мән-жай куәлардың айғақтарымен, ұялы телефонды тексерумен, электронды (немесе қағаз) шот-фактуралармен, «А» ЖШС және «В» ЖШС банк үзінді көшірмелерімен, 1С базасымен расталады.

06.05.20__ жж. №3 Энск бойынша ССИ сарапшысының қорытындысына сәйкес, зерттеуге ұсынылған бухгалтерлік құжаттарға бойынша 10.01.20__ жылдан бастап 20.04.20__ жылға дейінгі кезеңге берілген жалған шот-фактуралардың жалпы сомасы. __ **1 млрд теңгені** құрайды, оның **320 миллион теңгесі** салық төлеуге жататын, оның ішінде. ҚҚС – **120 млн теңге** және КТС – **200 млн теңге**.

20.05.20__ жылғы №5 криминалистикалық зерттеуінің қорытындысы бойынша С.С. Саидовтың жеке шотына 65 млн теңге түсті, оның 40 млн теңгесі 10.01.20__ жылдан 20.04.20__ жылға дейінгі кезеңде «В» ЖШС басшысы Р.Т. Игорьевтен түскен.

Алынған қаражатты С.С. Саидов сол күні қолма-қол ақшаға айналдырылды, пайдалану немесе басқа себептермен олардың орналасқан жерін анықтау мүмкін емес.

С.С. Саидов еш жерде жұмыс істемейді, басқа табыс көзі жоқ.

Уәкілетті органдардың, сондай-ақ ҚАО ААЖ деректер базасының мәліметі бойынша, күдікті С.С. Саидовтың, оның жақын туыстарының және бақыланатын «А» ЖШС-нің басқа мүлкі жоқ.

Сондықтан сотқа дейінгі тергеп-тексеру С.С. Саидовтың қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде 40 млн теңге алғанын және қылмыстық әрекеттен түскен табыс болып табылатынын сенімді түрде анықтады.

ҚР ҚК-нің 48-бабы 2 және 3-бөлігіне сәйкес тәркілеуге мынадай:

1) заңды иесіне қайтарылуға жататын мүлікті және одан түскен табыстарды қоспағанда, **қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған** ақша мен өзге мүлік және осы мүліктен алынған кез келген табыс;

2) қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған мүлік пен осы мүліктен алынған табыстар ішінара немесе толығымен ауыстырылған немесе айналдырылған;

3) экстремистік немесе террористік әрекетті не қылмыстық топты қаржыландыруға немесе өзге де қамтамасыз етуге пайдаланылатын немесе арналған;

4) қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы болып табылатын;

5) осы бөліктің 1), 2), 3) және 4) тармақтарында көрсетілген, сотталған адам басқа тұлғалардың меншігіне берген ақша және өзге де **мүлік жатады.**

ҚР ҚК-нің 48-бабы 3-бөлігіне сәйкес, **егер осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілген мүлікке кіретін белгілі бір затты тәркілеу осы затты тәркілеу туралы сот шешімі қабылданған кезде оның пайдаланылуы, сатылуы немесе өзге де себептері бойынша мүмкін болмаса, сот шешімі бойынша осы заттың құнына сәйкес келетін ақшалай сома тәркіленуге жатады.**

«Соттардың экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылық істер бойынша заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» 2020 жылғы 24 қаңтардағы № 3 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысының 35-тармағына сәйкес кіріс, экономикалық қызмет саласында қылмыстық **құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған кіріс кінәлі адамнан өндіріп алынуға** және қылмыстық жолмен жиналған негізсіз баюдың нәтижесі ретінде **мемлекет кірісіне айналдыруға жатады.**

Жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар:

(психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтардан (аурулардан) емдеуді қолданудың алғышарттары болып табылатын мән-жайлар туралы мәліметтер; қорғаушы тараптың өз пайдасына берген дәлелдері және осы дәлелдерді тексеру нәтижелері баяндалады)

Айыптау актісінде істің томдары мен парақтарына сілтемелер болуға тиіс.
Қарар бөлігінде:

(айыпталушының (айыпталушылардың) тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде), оған жасады деп айып тағылып отырған іс-әрекет сараланатын қылмыстық заңның нақты бабы, бабының бөлігі мен тармағы, айыпталушыны сотқа беру және қылмыстық істі соттылығы бойынша сотқа жіберу туралы шешім көрсетіледі).

Айыптау актісіне оның жасалған орны мен күні көрсетіле отырып, қол қойылады.

Адам қылмыстық заңның әртүрлі баптарында, баптарының бөліктерінде немесе тармақтарында көзделген бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықты жасады деп айыпталған кезде айыптау актісінде осы қылмыстық құқық бұзушылықтардың әрқайсысы жеке сараланып көрсетілуге тиіс.

Бір қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп бірнеше адам айыпталған кезде айыптау актісінде қылмыстық құқық бұзушылықтың саралануы әрбір айыпталушыға қатысты көрсетіледі.

Айыптау актісіне сот отырысына шақырылуға жататын адамдардың тізімі қоса беріледі. Тізімде адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), оның процестік жағдайы, тұрғылықты жері, оның айғақтары берілген қылмыстық іс парағының және томының нөміріне сілтеме көрсетіледі.

Тізім екі бөліктен: қорғаушы тарап атаған адамдардың тізімінен (қорғау тізімінен) және прокурор жасаған тізімнен (айыптау тізімінен) тұруға тиіс.

Тізім мөрленген конвертке салынады және қылмыстық іске қоса тігіледі.

Айыптау актісіне сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі, бұлтартпау шарасы, адамды күзетпен ұстау мерзімі, қолда бар заттай дәлелдемелер және оларды сақтау орны, азаматтық талап қоюды қамтамасыз ету және сот үкімін орындау үшін қабылданған шаралар, айыпталушыдан өндіріп алынуға жататын процестік шығындар мен сомалар, мәлімделген талап қою көрсетілетін анықтама да қоса беріледі.

(психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтарынан (ауруларынан) емдеу үшін медициналық сипаттағы шараларды қолдануға негіз болып табылатын мән-жайлар туралы мәліметтер)

Іс бойынша С.С. Саидовты сотқа беру үшін жеткілікті дәлелдемелер жиналғанын ескере отырып, ҚР ҚПК-нің 298-300-баптарына сәйкес осы қылмыстық іс айыптау актісімен бірге қабылданған шешімнің негізділігін тексеру, айыптау актісін бекіту туралы мәселені шешу және қылмыстық істі мәні бойынша қарау үшін сотқа жіберу үшін Эңск қаласының прокуратурасына жіберіледі.

Тергеуші (анықтаушы)

(қолы)

(тегі, аты-жөні)

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ

Ғылыми әдебиеттер

1. Возврат похищенных активов: учебное пособие / [Коллектив авторов]. Под общ. ред. У.С. Байжанова – Косшы: Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, 2023. – 86 с.
2. Нугманов Р.Р. «Практика противодействия легализации преступных доходов и финансированию терроризма». Учебное пособие. Алматы: ТОО Лантар Трейд, 2020. — 249 с.
3. Теоретические аспекты института финансовых расследований в Казахстане: Монография / [К.М. Сердалинов, Д.Д. Сулеймен, Т.А. Түсіп]. Под общ. ред. М.И. Шереметьева. – Косшы: Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, 2023. – 83 с.
4. Принцип достаточности как регулятор системы доказывания в уголовном процессе: монография / Н.М. Жуматай, под общей и научной редакцией В.В. Хан. – Астана, 2024. – 134 с.
5. Сапарғалиев Г.С. Конституционное право Республики Казахстан: Академический курс. – Алматы, 2002. – С.405.
6. Ахпанов А.Н., Адилев С.А., Хан А.Л. Проблемы толкования норм доказательственного права в казахстанском уголовном процессе // Вестник Института законодательства и правовой информации РК. №2 (60) – 2020. – С.96
7. Аубакирова А.А. Допустимость доказательств в уголовном процессе Республики Казахстан // Вестник ЮУрГУ. Серия «Право». – 2014. – том 14, №3. – С.20.
8. Юрченко Р.Н. О юридической природе нормативных постановлений Верховного Суда Республики Казахстан и их практическом применении // Вестник Института законодательства Республики Казахстан. №4 (16). 2009. – С.25.
9. Сулейменова Г.Ж. Роль и значение нормативных постановлений Верховного Суда РК // Судебная власть в Республике Казахстан: история и перспективы. Сб. научных статей. Караганда: КарГУ, 2003. – С.68-86.
10. Карбеков К.С. Роль нормативных постановлений Верховного Суда в уголовном судопроизводстве // KazNU Bulletin. Law series. №1 (77). 2016. – С.272-275.
11. Маханов Т.Г., Рыскулов Д.А. К вопросу о сущности понятия «активы» через призму коррупционных преступлений // Правовая реформа: история, теория, практика, техника: сб. материалов междунар. Науч.-практ. конф., г. Нижний Новгород, 31 мая 2024 года. – С.323-332.

12. Сердалинов К.М. Национально-правовое регулирование сферы возврата активов Республики Казахстан // Рецензируемый научный журнал «Тенденции развития науки и образования». №112, Август 2024. Ч.4. – С.131-134.

13. Маханов Т.Г. Легализация (отмывание) денег или иного имущества, полученных преступным путем: вопросы правоприменения и назначения наказания // Вестник Академии правоохранительных органов. – 2024. - №3 (33). – С.57-66.

14. Возврат незаконно приобретенных активов: вопросы досудебного расследования (18.06.2024 г.): Сборник материалов международного круглого стола. – Косшы: Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, 2024. – с. 99.

15. Владимиров Л.Е. Учение об уголовных доказательствах. – Тула: Автограф, 200. – 464 с.

16. Белкин А.Р. Теория доказывания в уголовном судопроизводстве. – М.: Норма, 2005. – 528 с.

17. Доказательства и доказывание по уголовным делам: проблемы теории и правового регулирования / С.А. Шейфер. – М.: Норма: ИНФРА-М, 2012. – 240 с.

18. Дмитриева, А.И. Понятие и свойства доказательств в уголовном процессе / А.И. Дмитриева, А.А. Самарукова // Центральный научный вестник. – 2020. – Т. 5, № 11(100). – С. 8-10. – EDN CFGFWY.

19. Назаренко, Ю. Н. Доказательства в уголовном процессе России и их признаки / Ю. Н. Назаренко // Юридический факт. – 2020. – № 120. – С. 106-107. – EDN RPGWQD.

20. Воскобойник И.О., Гайдышева М.Г. К вопросу о доказательствах и доказывании в уголовном процессе // Юридический вестник Самарского университета. 2021. Т. 7, № 2. С. 70–76. DOI: <https://doi.org/10.18287/2542-047X-2021-7-2-70-76>.

21. Сергеева Ю.С. Оценка доказательств в уголовном процессе / Ю.С. Сергеева, С.Е. Лекарева // Вестник научных трудов «Юристъ» – 2017. – С. 239-245.

22. Проблемы борьбы с легализацией (отмыванием) преступных доходов: практическое пособие / Г.А. Русанов; – М.: Издательство Юрайт, 2020. – 124 с.

23. Реализация политики в сфере противодействия отмыванию преступных доходов и финансированию терроризма в странах Европейского союза: учебное пособие / А.М. Курьянов; – М.: Издательство Перо, 2021. – 156 с.

24. Противодействия легализации доходов от незаконного оборота наркотиков на современном этапе: учебное пособие / Е.В. Фирсова; МУМЦФМ. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2023. – 831 с.

25. Тосунян Г.А., Викулин А.Ю. Противодействие легализации (отмыванию) денежных средств в финансово-кредитной системе: Опыт, проблемы, перспективы: учеб.-практ. Пособие. – М.: Дело, 2001. – 256 с.

26. Лазарева В.А. Доказывание в уголовном процессе: учебно-практическое пособие. – М.: Издательство Юрайт, 2010. – 344 с.

27. Особенности доказывания преступлений, связанных с легализацией (отмыванием) доходов, полученных преступным путем: монография / О.Н. Тисен; МУМЦФМ. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2022. – 311 с.

28. Оценка уголовно-процессуальных доказательств: монография. – М.: Юрлитинформ, 2012. – 152 с.

29. Признание доказательств недопустимыми в ходе судебного следствия в суде первой инстанции в российском уголовном процессе: монография / А.А. Вясев. – М.: Волтерс Клувер, 2010. – 176 с.

Нормативтік құқықтық актілер

1. Ақша белгілерін қолдан жасауға қарсы күрес жөніндегі халықаралық конвенция, Женева, 20 сәуір 1929 жыл (Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 8 қарашадағы №347-IV Заңы).

2. Есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы БҰҰ Конвенциясы, Вена, 20 желтоқсан 1988 жыл (Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы №246 Заңы).

3. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстату, анықтау, алып қою және тәркілеу туралы конвенция, Страсбург, 8 қараша 1990 ж. (Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 2 мамырдағы №431-IV Заңы).

4. Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы БҰҰ Конвенциясы, Палермо, 2000 жылғы 13 желтоқсан (Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 маусымдағы №40-IV Заңы).

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы БҰҰ Конвенциясы, Мерида, 2003 жылғы 31 қазан (Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 мамырдағы №31-IV Заңы).

6. Еуропа Кеңесінің сыбайлас жемқорлықты қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы конвенциясы.

7. Еуропа Кеңесінің Қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстату, анықтау, тәркілеу және алу және терроризмді қаржыландыру туралы конвенциясы, Варшава, 16 мамыр 2005 ж. (CETS N 198).

8. Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы конвенция, Минск, 1993 жылғы 22 қаңтар (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 31 наурыздағы қаулысы).

9. Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы конвенция, Кишинев, 2002 жылғы 7 қазан (Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы №531 Заңы).

10. Шаруашылық қызметті жүзеге асыруға байланысты дауларды шешу тәртібі туралы келісім, Киев, 20 наурыз 1992 жыл (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1992 жылғы 2 шілдедегі қаулысы).

11. Достастыққа қатысушы мемлекеттердің аумақтарындағы төрелік, шаруашылық және экономикалық соттардың шешімдерін өзара орындау тәртібі туралы келісім, Мәскеу, 6 наурыз 1998 ж. (Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 30 желтоқсандағы №10 Заңы).

12. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразиялық топ туралы келісім, Мәскеу, 4 шілде 2011 жыл (Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 21 ақпандағы №569-IV Заңы).

13. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды.

14. Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы. Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 12 шілдедегі №21-VIII ҚРЗ Заңы.

15. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы. Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы № 191-IV Заңы.

16. Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлкін жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы» (2016 жылғы 29 наурыздағы жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен). 2014 жылғы 30 маусымдағы № 213-V Заңы.

17. Құқықтық актілер туралы. Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V ҚРЗ Заңы.

18. Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі №8 нормативтік қаулысы.

19. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша соттардың заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2020 жылғы 24 қаңтардағы №3 нормативтік қаулысы.

20. Қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді бағалаудың кейбір мәселелері туралы. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 20 сәуірдегі №4 нормативтік қаулысы.

21. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ кодексі.

22. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі №231-V ҚРЗ кодексі.

23. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №268-XIII Кодексі.

Электрондық ресурс материалдары

1. Рекомендации ФАТФ: Международные стандарты по ПОД/ФТ и финансированию распространения оружия массового уничтожения, февраль 2023 г. www.fatf-gafi.org/recommendations.html

2. Отчет взаимной оценки РК, 2023 г. ЕАГ, <https://eurasiangroup.org/ru/mutual-evaluation-report-of-the-republic-of-kazakhstan-has-been-published-on-the-eag-website>

3. 18 USC 1956: Laundering of monetary instruments, https://uscode.house.gov/view.xhtml?req=granuleid:USC-2000-title18-section1956&num=0&edition=2000#lanalysis_4

4. США против Эрнандеса, №0:22-cr-60129-AHS (SD, Флорида, 10 июня 2022 г.) https://sherloc.unodc.org/cld//case-law-doc/fraudulentmedicinecrimetype/usa/2023/united_states_v._hernandez_no._022-cr-60129-ahs_s.d._fla._jun._10_2022.html?lng=en&tmpl=sherloc

5. USA v. Abbas, No. 2:20-CR-00322-ODW (C.D. Cal. Jul. 27, 2021) // https://sherloc.unodc.org/cld//case-law-doc/cybercrimecrimetype/usa/2021/united_states_of_america_v._abbas_no._220-cr-00322-odw_c.d._cal._jul._27_2021.html?lng=en&tmpl=sherloc

6. Юридическое руководство, Официальный ресурс Королевской прокурорской службы Великобритании <https://www.cps.gov.uk/legal-guidance/money-laundering-offences>

7. Proceeds of Crime Act 2002. UK Public General Acts 2002 c.29 Explanatory Notes Commentary on Sections Part 2 Interpretation Section 75 // <https://www.legislation.gov.uk/ukpga/2002/29/notes/division/5/2/21/1>

8. Ian Richardson, Ignacio de Lucas Martin, Handbook on money laundering identification, investigation and prosecution for Ukraine, 2021, 95 с. [https://fiu.gov.ua/assets/userfiles/200/Typologies%20\(International%20Studies\)/ENG_Handbook%20on%20ML%20prosecution.pdf](https://fiu.gov.ua/assets/userfiles/200/Typologies%20(International%20Studies)/ENG_Handbook%20on%20ML%20prosecution.pdf)

9. Rechtspraak, Gerechtshof Amsterdam, Zaaknummer 23-004567-10, Datum uitspraak: 11 januari 2013, ECLI:NL:GHAMS:2013:BY8481 // <https://uitspraken.rechtspraak.nl/details?id=ECLI:NL:GHAMS:2013:BY8481>

10. Zschüschen, ECHR indirect method of proof,
<https://www.amlc.eu/zschuschen-echr-indirect-method-of-proof/>

11. Fiscal Information and Investigation Service of the Netherlands.
https://sherloc.unodc.org/cld//case-law-doc/moneylaunderingcrimetype/chn/2016/hksar_v_yeung_ka_sing_2016_hkcf_52_11_july_2016.html?lng=en&tmpl=sherloc

АВТОРЛЫҚ ҰЖЫМ



Сердалинов Қорғанбек Мағжанұлы
Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдары академиясының
Ведомствоаралық ғылыми-зерттеу
институты Қылмыстық процесс
проблемаларын зерттеу орталығының
бас ғылыми қызметкері



Рысқұлов Дәулет Алмазұлы
Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдары академиясының
Кәсіби оқыту институты қызметтік
дайындық кафедрасының меңгерушісі



Маханов Талғат Ғабитұлы
Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдары академиясының
Ведомствоаралық ғылыми-зерттеу
институтының Қылмыстық процесс
проблемаларын зерттеу орталығының
аға ғылыми қызметкері,
заң ғылымдарының магистрі



Жұмабеков Азамат Маратұлы
Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдары академиясының
Ведомствоаралық ғылыми-зерттеу
институты Зерттеулерді үйлестіру және
құқық қорғау жүйесі проблемаларын
зерттеу орталығының жетекші ғылыми
қызметкері, заң ғылымдарының магистрі

Оқу құралы

Қ.М. Сердалинов, Д.А. Рысқұлов, Т.Ғ. Маханов, А. Жұмабеков

**Активтерді қайтару туралы қылмыстық істер бойынша
дәлелдеу**

Г.К. Шушикованың жалпы редакциясымен

2025 жылғы 8 қаңтарда баспаға жіберілді.
Формат 60×84 1/16.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдары академиясының
баспаханасында басылды
010078, Ақмола облысы, Қосшы қаласы,
Республика көш., 94 ғимарат

